


**Ш.Ш.ЖАЛМАХАНОВ**



**Мақмұт Замахшаридың  
«Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.)**

**және  
қазақ тілі**


**Монография**

Buketov university

Ш.Ш.ЖАЛМАХАНОВ

Мақмұт Замахшаридың  
«Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.)  
және  
қазақ тілі

Монография



**Ш.Ш.ЖАЛМАХАНОВ**

**Мақмұт Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.)**

**және**

**қазақ тілі**

**Монография**

**Қарағанды  
2023**

УДК 811.512.122  
ББК 81.2Қаз  
Ж 22

**Жалмаханов Ш.Ш. Мақмұт Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) және қазақ тілі. Монография: – Қарағанды: ТЕНГРИ баспаханасы, 2023. – 222 б.**

Монографияда Хорезм патшалығының тарихына, М.Замахшаридың (1075-1143) өмірі мен шығармашылығына, оның мұрасының зерттелуіне қысқаша шолу жасалды. Түркі халықтарының орта ғасырлардағы елеулі жазба ескерткіштерінің бірі Замахшаридың төрт тілді «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) арнайы ізденіс нысаны болды. Еңбекте түркі халықтарының бірегей мұрасы – сөздіктегі қазақ тіліне ортақ лексика лингвистикалық аспектіде салыстырылып талданды. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің тарихын терең тани түсу үшін маңызы зор деп білеміз.

Монография филолог мамандарға, оның ішінде лингвистерге, осы мамандық бойынша білім алушы жастарға және тіліміздің тарихын білгісі келетін жалпы оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7652-70-8

Монография Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ғылыми кеңесінің 2023 жылдың 21 маусымындағы шешімімен (№ 17) баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Ескесева,

филология ғылымдарының докторы, профессор М.І.Әбдулов

УДК 811.512.122

ББК 81.2Қаз

ISBN 978-601-7652-70-8



ISBN 978-601-7652-70-8

9|786017|652708|

*Монография ҚР БҒМ-інің 2021-2023 жж. арналған қаржыландыру гранты бойынша (АР09260486) «Қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық аспектіде дамуы (әз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) материалы негізінде)» ғылыми жобасы аясында дайындалған.*

## МАЗМҰНЫ

Түйіндемелер (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).....	5-8
Кіріспе.....	9-11
I тарау. Замахшарн ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық және мәдени-ғылыми сипаты.....	12-19
1.1. Хорезм тарихы.....	12-17
1.2. Хорезмнің тілдік сипаты.....	17-19
II тарау. Замахшаридың өмірі мен шығармашылығы.....	20-48
2.1. Замахшаридың өмірі мен шығармашылығының зерттелуі.....	29-48
III тарау. Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі және қазақ тілі.....	49-133
3.1. Сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың дыбыстық жүйесі және фонеморфологиялық құрамы.....	49-86
3.1.1. 1 буынды сөздердің буындық позициялардағы өзгерістері	
3.1.2. 2 буынды сөздердің буындық позициялардағы өзгерістері	
3.1.3. 3 буынды сөздердің буындық позициялардағы өзгерістері	
3.1.4. 4 буынды сөздердің буындық позициялардағы өзгерістері	
3.2. Сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың лексикалық-семантикалық сипаты.....	86-93
3.3. Сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың морфемалық құрылысы.....	93-124
3.3.1. Сөздіктегі қазақ тіліне ортақ (түбір, туынды) сөздердің сөз таптық және олардың буындық құрамы	
3.3.2. Сөздіктегі қосымшалардың сипаты	
3.3.2.1. Омонимдік және полисемиялық қосымшалар	
3.3.2.2. Сөздік пен қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың тарихи тектестігі	
3.4. Сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың синтаксистік құрылымы.....	124-133
Қорытынды.....	133
Қосымшалар.....	134-218
1- қосымша. Грамматикалық форма түрлері	
2- қосымша. Грамматикалық формалар көрсеткіші	
3- қосымша. Морфемалық сөздік	
4- қосымша. Әліппелік-морфемалық сөздік	
5-қосымша. Қазіргі қазақ тілінде сақталған сөздердің морфемалық (буындық) құрамы	
Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер.....	219

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ш.Жалмахановтың «Мақмұт  
Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) және қазақ тілі»  
монографиясының түйіндемесі

М.Замахшари – өз дәуірінің де, қазіргі кезеңнің де ғұлама ғалымы, оны өз замандастары да, бүгінгі зерттеушілері де мойындаған. Оның басты себебі одан мұраға қалған алпыс шақты еңбектің білім мен ғылымның, дін мен өнердің бірнеше саласына арналғандығымен байланысты. Олар араб тілінің грамматикасы, лексикографиясы, көркем-дидактикалық туындылары, поэзия, фольклорлық шығармалары (мақал-мәтелдер жинағы), география, экзегетика, шариад заңдары, ислам ағымдары туралы болып келеді. Оның ең басты үш еңбегі: құранның толық комментарийі «әл-Кашшаф» (1131-1135 жж.), араб грамматикасы «әл-Муфассал» (1119-1121 жж.), төрт тілді (арабша-парсыша-түркіше-монғолша) «Мукаддимат әл-әдәб» (XII ғ.) сөздігі.

Монография Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» (XII ғ.) сөздігіне арналуының басты себебі – сөздік материалдарының қазақ тілінің тарихи лексикасының қайнар көзінің бірі екендігі, *мақсаты* – орта ғасырдың жазба ескерткішіндегі қазақ тілімен ортақ лексиканың фонетикалық, семантикалық және грамматикалық тұрғыларда өзгеру динамикасын анықтау, *міндеттері* сөздік пен қазіргі қазақ тіліне ортақ лексиканың дыбыстық, мағыналық және грамматикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау, оның *өзектілігі* орта ғасыр сөздігіндегі ортақ сөздер арқылы қазақ тілінің тарихи лексикологиясының, яғни сөздік қор мен сөздік құрамның деривациясын диахрониялық тұрғыда зерттеудің әлі де жеткіліксіздігі.

Ізденістің мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс 3 тараудан және қосымшалардан тұрады. «Замахшари ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық және мәдени-ғылыми сипаты» деп аталатын I тарауда Хорезмнің тарихы мен тілдік сипатына шолу жасалады. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, бірнеше мың жылдық тарихы бар Хорезмнің адамзат, мұсылман, парсы, араб және түркі өркениетіне қосқан үлесі, оның ахеменидтер империясына дейінгі және кейінгі, араб басқыншылығынан селжүк басқыншылығына дейінгі және монғал шабуылының кезіндегі және кейінгі тарихы шөла баяндалады.

II тарауда Замахшаридың өмірі мен шығармашылығы және олардың зерттелуі қарастырылады. Ғалымның өмірбаяны мен еңбектеріне қағысты Н.Н.Поппе, И.Ю.Крачковский, Э.Н.Наджиб, Б.З.Халидов, Ә.Құрышжанұлы, Н.К.Эфеиднева, Н.И.Робакидзе, А.М.Салахов, М.Өзтүрік, С.Мертоғлу секілді орыс, түрік, өзбек, әзірбайжан және қазақ ғалымдарының зерттеулеріндегі пікірлер негізге алынды. Мәліметтер интернеттік ресурстан басқа Алматыдағы Ұлттық, Өзбекстандағы Ә.Навон атындағы Ұлттық, Стамбулдағы Стамбул университетінің, Баязит кітапханаларынан алынды.

«Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі және қазақ тілі» деген III тарауда сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың дыбыстық жүйесі және фонемологиялық құрамы, лексикалық-семантикалық сипаты, морфемалық, морфонологиялық және сөзжасамдық құрылысы, синтаксистік құрылымына арналған тараушалардан тұрады. Әрбір тараушада 1, 2, 3, 4-буындық позициялардағы фонетикалық, морфемалық өзгерістері жеке-жеке талданып, практикалық, теориялық тұжырымдар жасалады.

Қосымшаларда грамматикалық форма түрлері мен көрсеткіштері, морфемалық сөздік, әліппелік-морфемалық сөздік және қазіргі қазақ тілінде сақталған сөздердің морфемалық (буындық) құрамы кесте немесе тізбе күйінде берілді.

Қорытындыда Мақмұт Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігінде жинақталған тоғыз мыңдай сөз бен сөз тіркесінің 25-30%-ы қазіргі қазақ тіліне дыбыстық, мағыналық жағынан өзгерістермен немесе өзгеріссіз жеткендігі бұл жазба ескерткіштің қазақ тілінің де мұрасы екендігін дәлелдей түсті.

## Аннотация

к монографии доктора филологических наук, профессора Жалмаханова Ш.Ш.  
«Словарь «Мукаддимат аль-адаб» Махмуда Замахшари (XII в.) и казахский язык»

Заслуги М. Замахшари, написавшего порядка шестидесяти трудов, посвященных образованию и науке, религии и искусству, возвели его в ранг ученых, признанных как современниками, так и исследователями нашей эпохи.

Спектр научных интересов М. Замахшари весьма широк: в его работах речь идет о грамматике, лексикографии, художественно-дидактических произведениях, написанных на арабском языке, поэзии, фольклорных произведениях (сборниках пословиц), географии, экзегетике, законах шариата, исламских течениях. Но фундаментальными его трудами считают полный комментарий Корана «Аль-Кашшаф» (1131-1135 гг.), арабскую грамматику «Аль-Муфассал» (1119-1121 гг.) и четырехязычный (арабско-персидско-тюркско-монгольский) словарь «Мукаддимат аль-Адаб» (XII в.).

Данная монография посвящена изучению словаря Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб» (XII в.), словарный материал которого является одним из источников лексики казахского языка.

Автор монографии поставил цель – выявить в письменном памятнике средневековья динамику изменения общей с казахским языком лексики, рассмотрев ее в фонетическом, семантическом и грамматическом аспекте, определить звуковой и смысловой ее состав и обозначить грамматические сходства и различия этой лексики.

Актуальность такого рода исследования заключается в том, что до настоящего момента работ, посвященных диахроническому изучению деривации исторической лексикологии казахского языка недостаточно, а трудов, связанных с рассмотрением словарного запаса и словарного состава современного языка сквозь призму общих слов словаря средневековья и вовсе нет.

Монография состоит из 3 глав и приложений. В главе I «Историко-социальный, политико-экономический и культурно-научный характер эпохи жизни Замахшари» автор, на основе анализа различных историко-культурологических трудов, предлагает обзор концепций о вкладе Хорезма в мусульманскую, персидскую, арабскую, тюркскую и мировую цивилизации, представляет вниманию читателя тысячелетнюю историю древнего государства Центральной Азии, начиная описание до империи Ахеменидов и после нее, освещая периоды его развития от арабской оккупации до сельджукской оккупации, до и после монгольского вторжения, и все это в свете языкового характера Хорезма.

В главе II рассматриваются и изучаются жизнь и творчество Замахшари. Автор, при репрезентации биографии Замахшари, обращается к трудам таких, русских, турецких, узбекских, азербайджанских и казахских ученых, как Н.Н. Поппе, И.Ю. Крачковский, Э.Н. Наджип, Б.З. Халидов, А. Курышжанулы, Н.К. Эфендиева, Н.И. Робакидзе, А.М. Салахов, М. Озгюрк, С. Мертоглу и других. Помимо интернет-ресурсов сведения взяты из фонда Национальной библиотеки (г. Алматы, Казахстан), Национальной библиотеки им. А. Навои (г. Ташкент, Узбекистан), библиотек Стамбульского университета и Баязита (г. Стамбул, Турция).

Глава III «Словарь Замахшари «Мукаддимат аль-адаб» и казахский язык» содержит разделы, посвященные звуковой системе и фонеморфологическому составу лексики словаря, описанию их лексико-семантического характера, морфемного, морфонологического и словообразовательного строения, синтаксической структуре словарного запаса и общей для казахского языка лексики. Отдельно анализируются фонетические, морфемные изменения в 1, 2, 3, 4 слоговых позициях, делаются практические, теоретические выводы.

В приложениях, в виде таблицы или перечня, представлены виды и показатели грамматической формы, морфемный словарь, алфавитно-морфемный словарь и морфемный (слоговой) состав слов, входящих в состав современного казахского языка.

В заключении отмечается, что из девяти тысяч слов и фраз, собранных Махмудом Замахшари в словаре «Мукаддима аль-адаб», 25-30% дошли до современного казахского языка с звуковыми, смысловыми изменениями или без них, что свидетельствует о том, что этот письменный памятник является наследием и казахского языка.

### Summary

#### of the monograph of Doctor of Philology, Professor Zhalmakhanov Sh.Sh. "Dictionary "Mukaddimat al-adab" by Mahmud Zamakhshari (XII century) and the Kazakh language"

M.Zamakhshari is a scientist of his era and modernity, recognized by his contemporaries and modern researchers. The main reason is that about sixty works inherited from him are devoted to several areas of education and science, religion, and art. We are talking about grammar, lexicography, artistic and didactic works of the Arabic language, poetry, folklore (collections of proverbs), geography, exegesis, Sharia law and Islamic trends. His three main works: the complete commentary of the Quran "Al-Kashshaf" (1131-1135), the Arabic grammar "Al-Mufassal" (1119-1121), the quadrilingual (Arabic-Persian-Turkic-Mongolian) dictionary "Muqaddimat al-Adab" (XII cent.).

The main reason why the monograph is devoted to the Zamakhshari dictionary "Mukaddimat al-Adab" (XII cent.) is that the dictionary material is one of the sources of the historical vocabulary of the Kazakh language, the purpose of which is to identify the dynamics of changes in the vocabulary common with the Kazakh language in the written monument of the Middle Ages in the phonetic, semantic and grammatical context, tasks which consists in determining the sound, semantic and to identify grammatical similarities and differences, the relevance of which lies in the fact that there is still not enough diachronic study of the derivation of the historical lexicology of the Kazakh language, i.e. vocabulary and vocabulary through common words in the dictionary of the Middle Ages.

Depending on the goals and objectives of the study, the work consists of 3 chapters and appendices. Chapter I, entitled "Historical-social, political-economic, cultural-scientific character of the era of Zamakhshari's life", provides an overview of the history and linguistic character of Khorezm. Based on the works of researchers, the contribution of Khorezm to human, Muslim, Persian, Arab, and Turkic civilizations with a history of many thousands of years, Khorezm history before and after the Achaemenid Empire, from the Arab occupation to the Seljuk occupation and during and after the Mongol invasion is described.

Chapter II examines the life and works of Zamakhshari and their study. The biography and works of Mahmud Zamakhshari were studied by Russian, Turkish, Uzbek, Azerbaijanian, and Kazakh scholars such as N.N.Poppe, and I.Yu.Krachkovsky, E.N.Najip, B.Z.Khalidov, A.Kuryshjanuly, N.K.Efendieva, N.I.Robakidze, A.M.Salahov, M.Ozturk, S.Mertoglu and others. Besides the Internet resource information is collected from the National Library in Almaty, The National Library of Uzbekistan named after Alisher Navoi, Istanbul University Central Library, and Beyazit State Library in Istanbul, Turkey.

Chapter III "The Dictionary of Zamahshari "Mukaddimat al-adab" and the Kazakh language" contains sections on the sound system and phonological composition, the lexical-

semantic character, the morphemic, morphological, and word-formation structure, the syntactic structure of the vocabulary and the lexicon common to the Kazakh language. Each chapter separately analyzes the phonetic, and morphemic changes in the 1st, 2nd, 3rd, and 4th syllable positions and draws practical, theoretical conclusions.

The appendices present types and indicators of grammatical form, morphemic dictionary, alphabetic-morphemic dictionary, and morphemic (syllabic) composition of words preserved in the modern Kazakh language in the form of a table or a list.

In conclusion, it is noted that out of nine thousand words and phrases of Mahmud Zamakhshari collected in the dictionary "Muqaddimat al-adab", 25-30% have reached the modern Kazakh language with sound, semantic changes or without them, which indicates that this written monument is the heritage of the Kazakh language as well.

## Кіріспе

Көп тілді аударма сөздіктер құрастыру араб тілінде сонау халифат құрылған заманнан, яғни УП-УІІ ғасырлардан, ал Еуропада Қайта өрлеу дәуірінен – ХУ-ХУІ ғасырлардан басталады. Еуропада көп тілді сөздіктерді жасаудың қажеттілігі феодализмнің күйреп, діни мәдениеттердің әлсіреп, ұлттық мемлекеттердің нығайып, білім мен ғылымдағы, жаратылыстану мен географиядағы жаңалықтарды игеру болды. М.Замахшари «Мукаддимату-л-'адаб» сөздігін жазғанға дейін «әл-Муфассал фи-н-нахв», «әл-Анмузадж», «Муфассал фи сына' ати-л- 'н раб», «Асау-л-балага» деген араб тілінің грамматикалары мен сөздіктерін жазған болатын. Араб халифатында аударма сөздіктердің пайда болуының басты себебі басып алған елдерге мұсылман дінін енгізіп, араб тілін сол елдердің ресми және ғылыми тілі ету болды. Тарихтан Хорезм мемлекеті УІІ ғасырдың басынан араб халифаты бағынышына кірген елдердің бірі еді. Бұл елде мұсылман діні мен араб тілі ғана емес, прогрессивті білім мен ғылым және шығыстық мәдениет туып-қалыптасты. Жергілікті халықтың басым көпшілігі түркі тайпаларының өкілдері болғандықтан, көрші және аралас тұрып жатқан парсы тектес тұрғындардың тілін игерудің маңызды күші болды. Сондықтан да парсы және араб тілдерін үйрену қажеттілігі туындады. Қажеттілікті өтеудің тура жолы – тілдерді үйрену, ол көп тілді сөздік жасау арқылы ғана іске асады. «Мукаддимат әл-әдәб» деген сөздіктің атын арабшадан сөзбе-сөз аударғанда «Әдәбиетке кіріспе» немесе «Сөз өнеріне кіріспе» деген мағыналар береді. Ал сөздіктің мазмұны «әдеби тілді үйренуді бастау» деген қисынға келеді. Себебі кез келген тілді үйрену сөздерді жаттау мен сөздікке сүйенеді. Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігінің әуел баста парсыша-арабша сөздік болып құрастырылуының алғы шарты осы болағын. Ақындардың, ғалымдардың ел билеушісіне арнап жыр немесе ғылыми еңбек жазуы Шығыста, мұсылман, түркі жұртында дәстүр болғаны тарихтан аян. Сөздіктің үш тілді болып орындалуы – соның дәлелі. Хорезмге монғолдардың алғашқы шабуылы 1218 жылы жасалып, басып алғаннан кейін бұл елдің қоғамдық-экономикалық өмірінде монғол тілін үйренуге деген қажеттілік пайда болды. Демек монғол тілі сөздігі тарауы осы жылдардан кейін ғана кіргізілген деген болжам жасауға болады. Профессор Н.Н.Поппе сөздіктегі төртінші тіл – монғол тілі 1492 жылға дейін кіргізілді, себебі 4 тілді сөздік болып көшіріліп жазылуын көшіруші катиб Дервиш Мұхаммед 1492 жыл деп белгілеген дейді [1:6].

Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» аударма сөздігінің тілдерді қамту жағынан 3 түрлі: арабша-парсыша сөздігі, арабша-парсыша-түркіше сөздік, арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздік. *Ғалымның сөздігінің 3 нұсқада болуы – түркі әсұртының 3 ғасырдағы 3 мәдениетпен тоғысуының көрінісі.* Бұқарадағы Әбу Әли ибн-Сина кітапханасында Замахшари сөздігінің 2 қолжазба данасы сақталған. Бірінші данасы – *Арабша-парсыша сөздікті* 1305 жылы катиб Хамид Хафиз көшіріп жазған. Бұл нұсқада арабша мәтін есімдер, етістіктер, шылаулар, септік жалғау, жіктік жалғау деген бөлім бар да, ал парсы тіліне аударған тарауында есімдер мен етістіктер бөлімдері ғана бар. *Арабша-парсыша-түркіше сөздіктегі* түркіше бөлімін Замахшари Хорезмді 1127-1156 жылдары билеген Аладдин Атсыздың (1156 жылы қайтыс болған) бұйрығымен қосқан. Сөздік есімдер, етістіктер, шылаулар, септік жалғау, жіктік жалғау деген 5 бөлімнен құралған. Сөздіктегі есімдер лексикалық-тақырыптық қағидамен берілген. Мәселен, уақытты, аспан денелерін ағайтын, жерге, суға өсімдік әлеміне, үй жабдықтарына қатысты, жаратқан құдырет пен оның теңеулері, адам азғасы атаулары деген топтарға бөлініп тізбеленген. Етістіктер туралы 2-тарау 12 бөлімнен тұрса, оның 11 бөлімі 3 дыбыстан, 1 бөлімі 4 дыбыстан тұратын етістіктерге арналған. Араб сөздерінің саны парсы және түркі сөздерінен көп. Араб сөздерінің ол екі тілге аударылмауын зерттеушілер олардан баламаларын таппаумен байланыстырады [2:1-7]. Бұқарадағы Әбу Әли ибн-Сина кітапханасындағы қолжазбаның екінші данасы – *Арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздікті* 1492 жылы катиб Дервиш Мұхаммед көшіріп жазған. Бұл нұсқада лұғаттық мәтіндерді есімдер (6250 лұғаттық мақаладан тұрады), етістіктерге (11 тарауша 3 дыбысты

түбір, 4 тарауша 4 дыбысты түбір) бөлу ғана бар. Зерттеуші, өзбек ғалымы З.Исломов араб, парсы, монғол нұсқалары қара сиямен, түркі нұсқасы жоса бояуымен жазылғанына дейін анықтаған [3:15-22]. 2004 жылы Жапонияның Канда шетел тілдері университетінің профессоры Хирооми Канно мен Токио мемлекеттік университетінің профессоры Сайто Есиолардың бастамасымен Ташкенттегі Исламтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Зохиждон Исломовпен, Ө.Навои атындағы мемлекеттік әдеби мұражайының директоры Саидбек Хасановпен шығармашылық бірлестігі нәтижесінде Алтай тілдерін үйрену үшін ғылымды дамытуға жәрдемдесу жөніндегі жапон қоғамының грантының қолдауымен 2008 жылы аяқталған қолжазбаның факсимильді басылымы жарық көрді [3]. Үш түрлі сөздік нұсқасын әлемнің бірнеше елінің ғалымдары жан жақты зерттеген. Ол жайлы жұмысымыздың «Замахшаридың өмірі мен шығармашылығының зерттелуі» деп аталатын 2.1 тараушасында баяндалады.


Замахшаридың «Мукаддимаг әл-әдәб» еңбегі аударма сөздіктен гөрі тілдескіш құралға көбірек ұқсайды. Себебі аударма сөздікте сөздіктің лұғаттық мақаласында белгілі бір тілдердің жеке сөздері келесі бір тілге аударылып берілсе, тілдескіштің мақсаты келесі бір тілдерде сөйлесуге бағытталғандықтан, сөз тіркестері мен сөйлемдер аударылған. Автордың аталмыш туындысында сөз тіркестері мен сөйлемдер аударылып берілген. Сондықтан да Замахшаридың туындысын араб, парсы, түркі және монғол тілді халықтардың тілдескіш құралы болды деуге толық негіз бар. Оған тағы бір негіз – бұл еңбектің екі тілді, үш тілді, төрт тілді нұсқаларының әлемнің әр түпкіріне кең таралуы. Н.Н.Поппе монғол тілінің тарихы үшін маңызын бұл сөздікте жеке сөздер ғана емес, олар түрлі фразалық бірлік, тіркес құрамында, грамматикалық формалар мен морфологиялық, синтаксистік қатынастарда беріліп, орта ғасырдағы монғол сөйлеу тілінің материалы екендігінде деп ерекше атап көрсетеді. Бұл пікірді түркі тіліндегі мәліметтер туралы да айтуға болады. Ол синтаксистік тұрғыдағы сөз тіркестері мен сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібіне өте сактықпен, сын көзбен қарау қажет, себебі лұғаттық мақаланың түркі және монғол тілдеріне түпнұсқа араб тілінен тікелей аударылғанын ескертеді [1:5].

Зерттеушілер М.Замахшаридың әлем ғылымына қосқан 5 жаңалығы ретінде 1) араб лингвистикасының негізін салушылардың бірі, 2) араб грамматикасын зерттеудің жаңа әдісінің негізін салушы, 3) алғашқы көп тілді сөздікті (арабша-парсыша-түркіше-монғолша) құрастырушы, 4) араб тілі сөздіктерін жаңа әдіспен, яғни түбір сөздерді әліппелік қағидамен алғаш құрастырушы, 5) әлем тілдерінің бірі араб тілін зерттеуге, Мәуреннахрдың араб тілі мен мәдениетінің ықпалды орталығына айналдыруға өз еңбектерімен, қызметімен олшеусіз үлес қосты деп бағалайды [4]. Замахшаридың көп тілді сөздігі – ғалымның ғылыми-практикалық жетістігі ғана емес, ғалымның туып өскен, өмір сүрген, шығарманы жазған жерінде қазір өмір сүріп жатқан халықтардың ғана емес, қазіргі қазақ тілінің тарихи мұрасы. Сондықтан да сөздік арқылы бізге жеткен тілдік мәліметтерді қазақ тіл білімінің игілігіне айналдыру мақсаты тұр. Игілікке айналдыру үшін, шартты түрде айтқанда, сөздіктің тілдік мәліметтерінің қазіргі қазақ тіліне тілдік тұрғыдағы қатысын нақты фактілермен, яғни фонетикалық, лексикалық және грамматикалық аспектілерде талдап, жүйелеу қажет болады. Бұл – зерттеудің өзектілігі. Зерттеу мақсатын орындау үшін төмендегідей міндеттерді іске асыру керек. Олар: сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың дыбыстық жүйесі және фономорфологиялық құрамы, лексикалық-семантикалық сипаты, морфемалық құрылысы және синтаксистік құрылымы салыстырылады, талданады, жүйеленеді.

*Нәтижесінде* орта ғасырдағы Замахшаридың «Мукаддимаг әл-әдәб» сөздігінің (XII ғ.) қазақ тілінің тарихы мен қазіргі күйіне қатысы мен қатынасы анықталады; сөздік 4 тілді (арабша-түркіше-қазақша-орысша) сөздік болып, монографиядан бөлек жеке 2-кітап ретінде жарық көреді.

Монографияның жазылу барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған қаржыландыру гранты бойынша (АР09260486) «Қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық аспектіде дамуы (әз-Замахшаридың

«Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) материалы негізінде» ғылыми жобасы аясында авторлық ұжым мүшелері филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті теориялық және қолданбалы лингвистика кафедрасының профессоры Жаркынбекова Шолпан Құзарқызына, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Назарбаев университетінің қауымдастырылған профессоры Ағабекова Жәзира Ағабекқызына, филология магистрі Жалмаханова Жанар Шапағатқызына, филология магистрі Жакыпова Гүлайым Тілеубайқызына алғысымды айтамын.



Көне де жаңа киелі Хорезмнің көріністері

## І тарау. Замахшари ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық және мәдени-ғылыми сипаты

### 1.1. Хорезм тарихы

Хорезм – Арал теңізінің оңтүстігінде, Әмудария өзенінің төменгі ағысында, Қызылқұм мен Қарақұм көмкерген қазіргі Түркіменстан мен Өзбекстанның Қарақалпақ автономиялық республикасының солтүстігінде орналасқан оазис және көне заманнан суармалы жер игеру, қол өнері мен саудасы дамыған, Жібек жолының күре жолдарының бірі болған Орталық Азия өлкесі. Көне заман зерттеушілерінің дерегінше, бұл өлкені б.д.д. VІІІ-VІ ғғ. жауынгер түркі тайпаларының одағы билеген. Б.д.д. VІ-V ғғ. аралығында парсы патшаларының қарамағында болған. Дегенмен б.д.д. V-VІ ғғ. Хорезм жеке мемлекет болып, ондағы құл иеленуші қоғамның гүлденуі б.д.д. IV ғасырдан басталады. Бұл хандықтың тіршілігі Африг патша жаңа астана салған кезде, яғни б.д. IV ғасырының басында аяқталады. Құлдардың құл иеленушілерге қарсы бас көтеріп, княз кескі ұрыстар салуы, көрші көшпелі тайпалардың шабуылы бұл елдің күйреуіне әкеліп соқты. Енді феодалдық билік басқара бастады. Хорезмді VІІІ ғасырдың басында арабтар жаулап алды.

X-XI ғғ. Хорезм мемлекеті қайта гүлденді. Жаңа қалалар пайда болып, қолөнер мен сауда және білім-ғылым дамыды. Хорезмдік орта ғасырлардың ірі ғалымы Әбу Райхан Бируни, қазіргі математиканың негізгі салушылардың бірі әл-Хорезми, әлемдік білімнің дамуына ерекше үлес қосқан Әбу Әли ибн-Сина Хорезмде жұмыс істеді. Хорезм мемлекеті патшаларының билігі Каспийден Парсы шығанағына дейін, Кавказдан Гиндукуша дейін созылып жатты.

Хорезм мемлекетінің дамуы мен тіршілік етуі Шыңғыс хан бастаған монғол шапқыншыларының басып алуымен аяқталды. Одан қалған ел мен жерді Ақсақ Темір қиратты. Зәулім ғимараттар қирандыға, гүлденген жерлер қу тақырға айналды.

Хорезм мемлекетінің тарихы негізінен 1937 жылы КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған даңқы тарихшы ғалым, академик С.П.Толстов [5] басқарған археологиялық экспедицияның деректері негізінде айқындалды. Бұл ғылыми экспедиция Көзеліқыр, Қойқырылған қала, Топырақ қала секілді қалашықтардың қирандылары негізінде жүргізілді.

Археологиялық қазба деректері көне Хорезм жерінде (б.д.д. IV-III мыңжылдық) көне балықшылар мен аңшылардың неолиттік келтеминер мәдениеті болғанын растайды. Бұл дәуірде Хорезм Орта Шығыстың көне өркенінен әлемі мен солтүстік өлкелерді байланыстырар көпір болды. II мыңжылдықтағы қола дәуір мәдениеті, малшылық пен егіншілік – сол мәдениеттің тікелей жалғасы. Көне заман авторлары Хорезм Әмудария өзені, Каспий теңізі бойымен, Орталық Азия, Үндістан тауарларынан Колхидаға, Кавказға, Қаратөізге ағылған тоғыз жолдың торабы еді дейді. Оған көне ескерткіштер қазбаларынан табылған материалдық деректер дәлел. Көне Хорезм Авестада «Айрыанем-вэджо» деген атпен еске алынса, аңыз бойынша зороастризмнің негізін салушы Заратуштра осында туған көрінеді. Әл-Бируни көне хорезмдіктер жыл санауды патшалардың билеген жылдарымен байланыстырып, б.д.д. XIII ғасырдан бастаған дейді.

Тарихшылар Хорезмнің шамамен б.д.д. VІІІ-VІІ ғғ. өз тарихында жаңа дәуірге қадам басқанын айтады. Осы кезеңде Хорезм орталықтандырылған қуатты мемлекетке айналғанына б.д.д. VІІІ-VІ ғғ. ірі су құбырлық жүйесі дәйексін болы алады.

#### *Ахеменидтер империясынан араб басқыншылығына дейін*

Ахеменид империясы деген – парсы, иран империясы. Империя иелігі батыста Египет пен оңтүстік-шығыс Еуропадан шығыста Инд аңғарына дейін қамтыды. Б.д.д. VІ ғасырдың ортасында Хорезм ахеменидтер империясының бір бөлігіне айналады. Бұл дерек І Дарийдің Бехустун жазбасында сақталған. Геродот өз «Тарихында» Хорезм парсы империясының 16-аймағы болғанын, олардың б.д.д. 480 жылы Кеерктің Эллада жорығына қатысқанын жазады. Хорезм ахеменидтер бағынышынан Александр

Македонскийдің жорығына дейін шыққан болатын. Ал ахеменидтер мемлекеті Александр Македонскийдің басқыншылық жорықтары нәтижесінде жойылған еді. Б.д.д. 328 жылы Хорезм билеушісі Фарасман Македонскийге ұлы Фратаферн бастаған елшілерді жіберіп, Александрмен бірігіп Закавказьеге жорық жасауды ұсынады. Ал Македония патшасы бұл ұсынысты қабылдамайды, өйткені оның өз жоспарлары болатын.

Хорезм б.д.д. I Ү – б.д. I ғасырларында қуатты мемлекет болды. Осы кезеңде бұл өлкенің шекарасын далалықтардан қорғайтын мықты дуалдар мен мұнаралардан құралған тұтас қорғандар жүйесі салынды. Жауынгер садақшылар жүретін дуалдар мен тұратын мұнаралар елде тұрақты әскер емес, жалпы халықтық қорғаныс болғанын көрсетеді.

Хорезм б.д.д. 175 жылдар шамасында Соғдиана мен Сырдарияның орта ағысындағы дәстүрлі билігін орнатты. Хорезм б.д.д. I ғасырдың аяқ шенінде қуатты одақтас ретінде батыс ғұндармен достастықта болады. Хорезмнің билігі солтүстік-батысқа созылып, «Ханьның кіші әулетінің тарихының» дерегіне қарағанда, олар біздің дәуіріміздің басында, «Тарихта» кангюй – «арналар елі» деп аталған, солтүстік Арал жағалауынан шығыс Азовқа дейін нелік етіп жатқан аялдарды өздеріне бағындырады.

Хорезм I ғ. ортасы – II ғ. аяғы кезінде көне массагет конфедерациясының мүшесі ретінде Кушан патшалығының жүйесіне енеді. III ғасырда өз тәуелсіздігін орнатады. Бұл кезеңде орталық билік тұрғызылған қорғандардың сипаты тұрақты әскер гарнизонына ұқсайды. I Ү ғасырдың басында Африге шах кезінде Хорезмнің астанасы Қият қаласы болды. Хорезмді 305-995 жылдары афригидтер әулеті билеп, олар хорезмшах титулын иемденді.

#### *Араб басқыншылығынан селжүк басқыншылығына дейін*

Арабтардың Хорезмге алғашқы шабуылы VIII ғасырдан басталады. Хорезмді 712 жылы басып алған араб қолбасшысы Кутейба Ибн-Мүслим хорезмдік ақсүйектерді түгелдей қырды. Кутейбаның қатыгез қуғын-сүргіні хорезмдік ғалымдардың да басына түсті. Әл-Бируни өзінің «Өткен ұрпақ шежіресі» еңбегінде: «Кутейба барлық тәсілдерін қолданып, Хорезм жазуын білгендерді, олардың аңыз-әпсаларын сақтағандарды түгел қырып-жойды, олардың ішінде ғалымдар да болды. Барлық дүниені қара түнек жауып, исламның келген кезеңінен, тарихынан ешқандай да ақиқат білім қалған жоқ» деп жазды.

Араб дереккөздерінде бұдан кейінгі Хорезмде не болғаны жайлы еш дерек жоқ. Ал қытай деректерінде 751 жылы арабтармен соғысып жатқан Хорезм шахы Шаушафардың Қытайға елші жібергені ғана айтылады. Осы кезеңде Хорезм мен Хазарияның аз ғана жылдар саяси бірігуінің болғаны белгілі. Арабтардың бұдан соң Хорезмді қалай билегені де беймәлім. Тек VIII ғасырдың аяғында Шаушафардың немересінің Абдаллах деген арабша есім алып, араб билеушілерінің атын бедерлеген монғалар шығарғаны ғана белгілі.

X ғасырда Хорезмде жаңа қала өмірінің гүлденуі басталады. Араб дереккөздерінде X ғасырдағы Хорезмнің экономикалық белсенділігін, хорезмдік саудагерлердің Түркіменстан даласы мен батыс Қазақстанды, сонымен қатар Еділ бойын – Хазария мен Булғарияны және шығыс Еуропадағы славян әлемін қамтығанын суреттеп жазады. Шығыс Еуропамен сауданың қарқындылығы Үргеніш (қазіргі Көне Үргеніш) қаласында болды. 995 жылы соңғы афригид Әбу Абдаллах Мухаммадты Үргеніш әмірі Мамун ибн-Мухаммад тұтқындап, өлтірді. Осылайша бүкіл Хорезм аймағы Үргенішке орталықтандырылды. Хорезм бұл дәуірде ірі ғылым ортасына айналды. Хорезмнен Мухаммад ибн Муса әл-Хорезми, ибн Ирак, Әбу Райхан әл-Бируни және т.б. көрнекті ғалымдар шықты.

1097 жылы Хорезм билеушісі Егінші ибн Қошкар өзін селжүктерге бағынбайтын Хорезмнің шахымын деп жариялады. Ол дәл сол жылы өлтіріліп, Хорезмді селжүктер басып алады деп Құтып ад-дин I Мұхамедті оның орнына тағайындайды. Ол өз билігі кезінде Санжар сұлтанның бағынышында (вассалында) болады.

Құтып Мұхаммедтің ізбасары Аладдин Атсыз селжүк Санжар сұлтаннан тәуелсіз болуды көздеп, 1138 жылы Санжарға қарсы бас көтереді. Санжардан жеңіліс тауып, бас сауғалай қашуға мәжбүр болады. Селжүк сұлтаны Атсыздың орнына оның немере інісі

Сүлейменді шах егіп тағайындайды. Бірақ Сүлеймен Хорезмді білеуге қабілетсіз болғаннан соң, Санжар 1141жылы Атсызды тағына қайта тағайындайды. Осы жылы шығыстан Орталық Азияға Елу Даши бастаған қарақытайлар басқыншылық жасайды. Селжүк сұлтаны Санжар туысканы Самарқанд ханы Махмұдқа қарақытайларға қарсы әскери көмекке келеді. Бірақ Санжар жеңіліп, еліне шегінеді. Хорезм шахы Атсыз Санжардың жеңілісін пайдаланып, 1142 жылы Мервті басып алып тонайды. Нишапурға неқ артады. Дегенмен де 1142 жылы Санжар Атсызды салық төлеуге мәжбүрлейді. Атсыздың қарақытайларға да салық төлеуіне тура келеді.

Атсыз жаңа жерлерді басып алып, іргесін кеңейтуді жалғастыра берді. Хорезмге Жентті, Маңғышлақты қосып алды. Атсыз өзінің өмірінің соңына қарай Орталық Азияның солтүстік-батыс бөлігінің бәрін өзіне біріктіріп, толық дерлік тәуелсіз Хорезм мемлекетін жасады.

Атсыз 1156 жылы қайтыс болып, оның орнын ұлы Таж ад-дин Ил-Арслан иеленді. Ол да әкесі секілді селжүктер мен қарақытайларға алым-салық төлеп тұрды. Бірақ ол билік басына келгеннен соң, бірнеше айдан кейін, 1157 жылы Санжар дүние салып, Хорезм біржола селжүк ықпалынан құтылады.

Ил-Арслан 1160 жылдары Хорезм иелігіне Дихстанды аймақтарымен бірге қосып алады. Хорасанның бірнеше қаласын Ирак сұлтанатының кейбір қалаларын өзіне қаратты. 1172 жылы қарақытайлардың Хорезмге шабуылына тойтарыс береді. Осы оқиғадан соң Ил Арслан қайтыс болады да, ұлдары Алааддин Текеш пен Желаладдин Сұлтан шах арасында таққа таласу күресі басталады.

Таққа кіші ұл Сұлтан шах отырғанмен, Алааддин Текеш інісінің билігін мойындағысы келмейді. Текеш өз мақсатына жету үшін ата жаулары қарақытайларға жыл сайын алым-салық төлеп тұрамын деп уәде беріп, олардың көмегімен інісін тақтан тайдырады. Билік басына келген Алааддин Текеш інісін жақтаған анасын өлтіртеді. Жасырын қашып кеткен інісі Сұлтан шах билікке деген таласын 20 жылдай жалғастырған.

Текеш Сұлтан шах 1183 жылы қайтыс болған соң, Хорезмге Мерв пен Серахсты (1193 ж.) түбегейлі қосып алады. Ол қарақытайлардың ықпалынан құтылу үшін Мәуреннахрға бірнеше рет жорық жасады. 1176 жылы оңтүстік Хорасанды бағындырып, оның билеушісі Гурды өзінің бағыныштысы (вассалы) етті. 1187 жылы Нишапурды, 1192 жылы Рейді, 1194 жылы Иракты басып алды. 1194 жылы батыс селжүк сұлтаны Рукн ад-дин Тоғрылды, ал 1196 жылы аббас халиф Насырды тізе бүктірді. Хорезм осылайша Текеш шах билеген заманда Орталық Азияның ең қуатты мемлекетіне айналды. Иелігіне Арал теңізі, солтүстікте Сырдарияның төменгі ағысы, оңтүстікте Парсы шығанағына дейін, шығысында Памир, батысында Иранның таулы аймақтары кірді. Хорезм жері екі есе ұлғайды. Бұдан басқа Текеш Үргеніште кітапхананың негізін қалаған деген де дерек бар.


Хорезм шахы Алааддин Текеш қайтыс болған соң, таққа кіші ұлы Алааддин Мұхаммед отырып, Хорезм иелігін бұрынғыдан да кеңейтті. II Мұхаммедтің ел билеуі үлкен қала Мервті, Абивердті, Серахс, Нис және Нишапурды басып алған, шахтың ағасын тұтқынға алып, Гератқа жіберген гуридтармен соғыстан басталды. Мұхаммед Гератты бір ай бойы қоршап, қоршаудан төлем алып барып босатады. Осы кезеңде гуридтер билеушісі Гняс ад-динге Үндістаннан ағасы Шихаб ад-дин көмекке келіп, Хорезм шахымен арада қан төгіс шайқас болып, Мұхаммед әскері шегінуге мәжбүр болады. Мұхаммедтің шегініп бара жатқан қолын қуып барған Шахаб ад-дин Хорезм мемлекетінің астанасы Үргенішті қоршап алды. Қала қорғанысын Хорезм патшасының шешесі патшайым Түркен қатын басқарды. Қарақытайлардың қолдауына сүйенген Мұхаммед гуридтерді Хорезмнен ығыстырып, бейбіт келісімге келеді. Бірақ гуридтер соғысу ниетінен арыла қоймады. Бұл қауіп Шихаб ад-дин қайтыс болған соң ғана сейілді. Гуридтер мемлекеті бөлшектеніп, Хорезмнің бағынышына түсті. Мұхаммед гуридтерді жеңген соң, қарақытайлармен соғысқа дайындалды. Хорасан мен Самарқанд билеушілерімен алдын ала келісіп қойған қарақытайлардан алғашқы ұрыста-ақ жеңіліс тауып, Мұхаммед біразға дейін

жақындарының көзінен таса болды. Ол 1208 жылы көктемде ғана Хорезмге оралды. Мұхаммед өз мемлекетін нығайтып, қарақытайлар мемлекеті құрамындағы мұсылмандардың қолдауына сүйеніп, батыл күреске шықты. Қарақытайлар қарамағындағы мұсылмандар Хорезм шахын өздерін азат етуші ретінде қабылдады. Ақыры 1210 жылғы қыркүйекте Сырдарияның арғы бетіндегі Иламыш жазығында қарақытайлар әскері жеңіліс табады.

1212 жылы Самарқандта Осман ханның көтерілісі болады. Оны Мұхаммед аяусыз басып, батыс Қарахан мемлекетін жойды. Самарқандты астанасы етті.

Мұхаммед өз еліне билеуші ғана емес, рухани көсем болғысы келіп, 1217 жылы мұсылман әлемінің рухани орталықтарының бірі Бағдадқа жорыққа аттанады. Оның әскері тау асуларында қар көшкініне тап болып, біраз сарбазынан айрылады да, өз жоспарынан бас тартуға мәжбүр болып, Самарқандқа оралады.

Хорезм шахы II Мұхаммедтің билігі Хорезмге, Мәуреннахрға, Түркіменстанға, Ауғанстанға, Иранға, Атрпатакан, Хорасан, оңтүстік Қазақстанның Отырар, Испиджап, Тараз қалаларына, Қыпшақ хандығының Сығанақ нелігіне және Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Мерв, Герат аймақтарына жүріп тұрды [6]. Ануштегіндер әулетінен шыққан Алааддин Текеш пен Мұхамед Текештердің көне Маңғышлақ қаласына да билік жүргізгендігіне 2016 жылы Маңғыстау облысында табылған XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басына тиесілі 22 алтын ақшаның, басқа жерден әкелінген емес, сол жердің өзінде жасалғандығы дәлел бола алады [7].



Көмбедегі теңгелер. «Ладаға» фотоны берген археолог А.Астафьев.

Осы кезеңде шығыстан Шыңғыс хан бастаған монғол әскері келе жатты. II Мұхаммедтің империясының әлсіз тұсы оның әкімшілік және әскери аппаратындағы маңызды орындарда күшті қыпшақ әулеттерінің отыруы еді. Хорезм шахы әскерінің 80%-ы қыпшақтар болды. Хорезм шахы Мұхаммедтің шешесі Түркен қатын қыпшақтың билеуші руынан болатын. Түркен қатынның шах сарайындағы ықпалы күшті болды, мемлекеттің маңызды орынтақтарына негізінен өз туысқандарын тағайындады. Туысқандарының қолдауына сүйенген Түркен қатын өз ұлына қарсы жақты басқарғандай, дайындағандай болды. Ұлы мен шешесінің қарым-қатынасы, әсіресе, монғол шапқыншылығы алдында шиеленісіп кетті. Түркен қатын тіпті 1216 жылы қыпшақтардың Хорезм шахына қарсы көтерілісін ұйымдастырды. Ол көтерілісті өзінің інісі Қайыр хан Алып Дерек басқарды. Ол Сырдария өңірінің жергілікті билеушісі болған. Бұл көтерілісте қыпшақтар жеңілген соң, Түркен қатын Қайыр ханды жазадан құтқарып қана қоймай, оған Отырарды беруге көндірді. 1218 жылы Шыңғыс хан Мұхаммедке шығыстағы бәсекелестеріне қарсы бірлесіп күресуге және өзара тиімді сауда-саттық жүргізуге ұсыныс жасап, елшілерін жіберді. Хорезм шахы кәпірлерлермен мәмлеге келмейтінін білдіріп, Отырар билеушісі Қайыр ханның ұсынысымен саудагер елшілерді өлтіріп, бастарын Шыңғыс ханға беріп жібереді. Шыңғыс хан Хорезм шахынан Қайыр ханды беруді талап етеді. Қайыр ханды Шыңғыс ханға беруге қыпшақ әулетінен сескенген Мұхаммед монғол елшілерінің біреуін тағы да өлтіреді. Қыпшақ әскер басыларының қаскөйлігінен

күдіктенген Хорезм шахы өз әскерін бірнеше бөлімдер мен қосындарға бөліп тастайды да, өзінің әскері ахуалын әлсіретіп алады.

Монғол әскері Күшлік ханды жеңіп, Сүбедей баһадур мен Тоқырар ноян бастаған қолымен Хорезм шекарасына жақындап, шах әскерімен шайқас басталады. Хорезм әскерінің оң қанатын басқарған Мұхаммедтің ұлы Жәлеледдин өз қанатында жеңіске жетіп, әскердің орталық және сол қанаттарына көмекке келеді. Қаранғы түсе ешкім еш нәтижеге жетпей, монғолдар бекінген жеріне от жаққан күйі ұрыс даласын тастап кетеді. Бірақ Шыңғыс хан 1219 жылы көктемде Қытайды әлі де толық жаулап алмастан Хорезмге өзінің 200 мың әскерін жібереді. Мұхаммед шах Шыңғыс ханның бұл шабуылына тойтарыс беруге жүрексініп, әскерінің жеке-жеке қосындарын мемлекетінің қалалары мен қорғандарын қорғауға қалдырған күйі әліптін артын бағып отырады. Монғол әскері Отырар, Ходжент, Ташкент (Шаш), Бұхара, Самарканд, Балх, Мерв, Нишапур, Герат, Үргеніс секілді басқа ірі қалаларды біртіндеп басып ала береді. Хорезм тұрғындарының дерегіне, барлық қала түгелдей қиратылып, адамдары тегіс қырылады.

Хорезм шахы әуелде қалған әскерімен парсы жеріндегі иелігіне шегініп, одан әрі шағын отрядымен Каспий жағалауын паналап, ақыр аяғы Каспий теңізінің Құра өзенімен жапсарлас Абескун аралында өкпесіне суық тиіп дүние салады. Аралда Абескун атты гүлденген қала да болған. Ол кезде теңіз деңгейі 2 метр төмен болғанмен, кейін су деңгейі көтеріліп, зерттеушілер бұл қаланың 1304 жылы су астына кеткенін айтады. Осылайша Хорезм мемлекеті өмір сүруін тоқтатады. Бірақ Мұхаммедтің ұлы, мұрагері Жәлеледдин Менкбурны Делиде және Кіші Азияда тұрып, монғолдарға он жылдай қарсы күреседі.

Жәлеледдин Ауғанстан жерінде Шыңғыс хан әскеріне екі рет ойсырата соққы беріп жеңгенмен, оны Шыңғыс ханның өзі Инд өзенінің бойында женеді. Жәлеледдин 1231 жылы Кавказ жерінде дүние салған. Ануштегін әулетіндегі Хорезм шахтарының соңғы ұрпағы Сайфаддин Кутуз 1259 жылы Египетте өкімет басына жеткен. Оның әскері Бейбарыстың қолбасшылығымен 1260 жылы монғол әскерін Айн-Джалут шайқасында тойтарыс беріп тоқтатқан [8].

Хорезм мемлекетінде қыпшақтар негізгі, шешуші рөл атқарған. Хорезм XIII ғасырдың басына дейін өзінің қуаттылығының шыңына жетіп, Хорезмнің, Мәуереннахрдың, Иранның, Хорасанның, Оңтүстік Қазақстанның, сонымен қатар Қыпшақ хандығының Сығанақ иелігінің жерлерін біріктіріп тұрды. Бақуатты қыпшақ гарнизондары Хорезмнің Самарканд, Бұхара, Отырар, Испиджаб, Тараз, Ташкент, Мерв, Герат және т.б. ірі қалаларының барлығында тұрды. Қыпшақтар Хорезм империясын монғолдар талқандаған соң Жошы ұлысының негізгі күшіне айналды. 1220 жылдан бастап Хорезм монғол империясының, кейін Жошы ұлысының, одан соң Алтын Орданың құрамына кірді. Үргеніш Орталық Азияның басты сауда орталықтарының бірі болып қалды. Хорезм мәдениеті Алтын Орданың мәдени дамуына негізін тигізді. ХҮІ ғасырдың ортасында Әмудария өзенінің арнасының өзгеруіне байланысты Хорезм астанасы Хиуаға көшірілді. Сондықтан ХҮІІ ғасырдан бастап орыс тарихнамасында Хорезм «Хиуа хандығы» деп атала бастады [9].

### Хорезм шахтары

р/с	Аттары	Билеген жылдары	Титулдары
1.	Экинчи ибн Кочкар	1097	Хорезмшах
	<u>Ануштегіндер әулеті (Бекдилин)</u>		
2.	Кутб ад-Дин Мухаммед I	1097—1127	хорезмшах
3.	<u>Ала ад-Дин Атсыз</u>	<u>1127—1138,</u> <u>1139 — 1156</u>	Хорезмшах

4.	<u>Сүлейман-шах</u>	<u>1138—1139</u>	Хорезмшах
5.	<u>Тадж ал-Дин Ил-Арслан</u>	<u>1156—1172</u>	Хорезмшах
6.	<u>Джелал ал-Дин Султан-шах</u>	<u>1172</u>	Хорезмшах
7.	<u>Ала ал-Дин Текеш</u>	<u>1172—1200</u>	Хорезмшах
8.	<u>Ала ал-Дин Мухаммед II</u>	<u>1200—1220</u>	Хорезмшах
9.	Джелал ал-Дин	<u>1217—1220</u>	Ғазни, Бамнана және Гура сұлтаны
10.	Менгүберди	<u>1220 — 1231</u>	Хорезмшах

## 1.2. Хорезмнің тілдік сипаты

Түркітанушылардың түркілерге ортақ тарихи мұраларды Кеңестер Одағы бөліп берген территориялармен бөліп, еншілеп алғандығы – басты кемшілігі, қателігі.

Көне, ерте замандарда, орта ғасырларда тарихи еңбек сіңірген тұлғалар мен олардың еңбектерін қазіргі кейбір ұлт ғалымдарының өз халқына ғана меншіктеу арқылы олардың жалпы түркілік, жалпы адамзаттық құндылықтағы деңгейін бір ұлтқа теліп, өрісін тарылтып, төмендетіп отырғанын біле бермейді. Сондықтан да әлемдік тұғырдағы ұлылардың дәрежесі мен қадір-қасиетін өз бнігінде бағалап, олардың рулық, тайпалық ұлыстық және ұлттық тұрғынын емес, керісінше халықтар мен ұлттар сол ұлылардың ұрпағы екенін әрдайым есте ұстауымыз керек.

«Тілдік одақ» – ұғым, термин ғана емес, тарихи категория. Сондықтан да бұл категорияны тіл тарихына да мақсатты түрде қолдану керек. Мәселен, көне, орта, әсіресе орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерін қазіргі түркі тілдері әрқайсысы өзіне тартады, иеленіп алғандар да бар. Ортақ екенін білсе де мойындағысы келмейді. Қайта ескерткіштерден өз элементтерін көбірек тауып, дәлелдей түскісі келеді. Аталған ескерткіштерде қыпшақ та, қарлұқ та, оғыз да, кейде бұлғар да элементтері бар. Ол элементтер түркі тайпаларын біріктірген мемлекеттердің осылардың біреуінде ғана (басымырақ, жиірек, көбірек пайдаланылғандары болған) сөйледі, жазды деген сөз емес, барлығын тұтас қолданған, яғни экстралингвистикалық фактор негізінде болса да бірге, одақтасып пайдаланған. Түркілер туыс тілдерді ғана емес, араб, парсы тілдерін де параллель қолданғаны белгілі. Оған дәлел: Қарахан мемлекетінде тіпті үш дін, үш жазу, үш тіл болған. Демек тілдік одақ Балқанда және т.б. аймақтарда ғана емес, түркілер елінде де болды деген тұжырым жасауға жетелейді... Оған Хорезмнің тілдік сипаты дәлел.

Лингвистикадағы семья және одақ ұғымдарының алғашқысы генетикалық туыс тілдердің бірлігі, ал одақ негізінен туыс емес, яғни тілдердің географиялық бірлігі екені белгілі. Бірақ генетикалық алыс туыстықтағы тілдер географиялық факторларға байланысты тілдік одақ құрайтынын тарихи фактілер дәлелдеп келеді. Тілдік одақ дегеніміз – ең кемінде екі және одан көп туыс емес немесе түрлі деңгейдегі генетикалық туыстықтағы (алыс туыстықтан жақын туыстыққа дейінгі) тілдердің тобы. Олардың жашы бір ата тілден шығуымен емес, географиялық жақындықта болып туыстасуы, жүздеген, мыңдаған жылдар бойы өзара тілдік қарым-қатынаста болған тіл иелерінің ұқсас лингвистикалық сипатты болуы. Тілдік (аймақтық) бірліктің пайда болуының бірнеше себебі бар. Олар: 1) екі немесе одан да көп этностардың бір географиялық территорияда (және бір мемлекеттің құрамында – Ш.Ж.) ұзақ уақыт тығыз қарым-қатынаста болуы, 2) көршілік, сауда, достық, некелік және т.б. қатынаста болуы, 3) бір-бірінің тілдерін тұрмыстық деңгейде, ауызша және жазбаша сөйлеуде күрделі тақырыптарда сөйлесе алуы, 4) ана тілінен бөгде тілде сөйлесіп кетуге (тілдер кодын ауыстыра алуы) дағдылануы. Нәтижесінде бірнеше тілдік ортадағы тілдерді қолданушылар байқаусызда, әдет бойынша көрші тілдердің лингвистикалық бірліктерінің, яғни фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, просодикалық, аз да

болса лексикалық және типологиялық құбылыстарының ауысуы жүреді. Бұл үдеріс жүздеген, мыңдаған жылдарға ұласып, нәтижесінде тілдік одақ қалыптасады [9]. Әлем тілдерінде тілдік одақтың балқан тілдер одағы, Еділ бойы (Еділ-Кама) тілдер одағы, Иран-арак тілдер одағы, орталық Азия (Гималай) Тілдік одақ дегеніміз ең кемінде екі және одан көп туыс емес немесе түрлі деңгейдегі генетикалық туыстықтағы (алыс туыстықтан жақын туыстыққа дейінгі) тілдердің тобы. Олардың жалпы бір ата тілден шығуымен емес, географиялық жақындықта болып туыстасуы, жүздеген, мыңдаған жылдар бойы өзара тілдік қарым-қатынаста болған тіл нелерінің ұқсас лингвистикалық сипатты болуы. Тілдік (аймақтық) бірліктің пайда болуының бірнеше себебі бар. Олар: 1) екі немесе одан да көп этностардың бір географиялық территорияда (және бір мемлекеттің құрамында – Ш.Ж.) ұзақ уақыт тығыз қарым-қатынаста болуы, 2) көршілік, сауда, достық, некелік және т.б. қатынаста болуы, 3) бір-бірінің тілдерін тұрмыстық деңгейде, ауыша және жазбаша сөйлеуде күрделі тақырыптарда сөйлесе алуы. 4) ана тілінен бөге тілде сөйлесіп кетуге (тілдер кодын ауыстыра алуы) дағдылануы. Нәтижесінде бірнеше тілдік ортадағы тілдерді қолданушылар байқаусызда, әдет бойынша көрші тілдердің лингвистикалық бірліктерінің, яғни фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, просодикалық, аз да болса лексикалық және типологиялық құбылыстарының ауысуы жүреді. Бұл үдеріс жүздеген, мыңдаған жылдарға ұласып, нәтижесінде тілдік одақ қалыптасады [10]. Әлем тілдерінде тілдік одақтың балқан тілдер одағы, Еділ бойы (Еділ-Кама) тілдер одағы, Иран-арак тілдер одағы, орталық Азия (Гималай) тілдері одағы, палеоазиат тілдер одағы, месоамерикалық тілдер одағы, Нил-сахар тілдер одағы, океания тілдер одағы деген он шақты үлгісі бар. Қарахан мемлекеті, Хорезм патшалығы кезеңіндегі түркі тілдерінің бірлігін шартты түрде «Орта ғасырлық түркі тілдері одағы» деп атауға болады. Сонда ғана қазіргі түркі халықтары орта ғасырдағы жазба ескерткіштерді ортақ мұра ретінде қарастырып, әр түркі тілі өздеріне тартқыламас еді.

Хорезм өлкесінің бастапқы тұрғындары шығыс иран тілінде сөйлеген. Ал хорезмдік түркі тілінің қалыптасуы, яғни соның нәтижесінде хорезмдіктер тілінің түркіленуі үдерісі біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан басталып, Түркі қағанаты дәуіріне (567-603 ж.ж.) жалғасып, әсіресе бұл үдеріс XI ғасырда селжүктердің жаулап алуынан соң қарқын алды. Бұл өлке елінің түркіленуі 1220 жылы Шыңғыс хан мемлекеті әскерінің басып алуының нәтижесінде Хорезмшахтар мемлекетінің құлауымен аяқталады.

Плано Карпиннің дерегіне, хорезмдіктердің көпшілігі XIII ғасырда-ақ түркі тілді болды. XIV ғасырдың I жартысында хорезмдіктер толық түркі тілінде сөйлейтін болды [11]. Осы орта азиялық түркі тілі кейін келе Хорезмнің мемлекеттік тіліне айналып, 1920 жылға дейін Хиуа хандығының мемлекеттік тілі болды. Хорезм тіліне Өзбекстанның солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс говорлары, Хорасан аймағында Иранның солтүстік-шығыс және Қазақстанның екі говору қосылады [12; 13].

Зерттеушілер Хорезм диалектісінің орта ғасырлық хорезмдік түркі тілінен және иранлық хорезм тілінен айырмашылықтары бар екендігін айта келіп, Хорезм диалектісін түркі тілінің (оңтүстік-батыс) тобының шығыс оғыздық шағын тобына (подгруппасына) кіреді, қазіргі өзбек тілінің диалектісі деп топшылайды. Әрине, бұл топшылау әлі түбегейлі зерделуді қажет ететін ойлар...

А.Н.Самойловичтің [14] классификациясы бойынша, Хорезм диалектісі хиуа-өзбек және хиуа-сарг наречиселері болып жіктеледі де, қыпшақ-түркімен деп аталып, жеке топ ретінде қарастырылады. XII ғасырда Хорезмде тұрған Махмұт Замахшаридің «Мукаддимат әл-әдәб» шығармасында он мыңнан астам сөз бар. Осы туындының негізінде хорезм тілі XIV-XIX ғасырларда даму үстінде болды. XV ғасырдан бастап Хорезмнің әдеби тілі Кенес Одағының лингвистері «ескі өзбек тілі» деп атаған шағатай түркі тілі болды.

Хорезм тілінің «шағатай тілі», «ескі өзбек тілі» деп аталуының тарихи хронология және тілдік құрамы тұрғысынан шындыққа жанаспайтын тұстары да бар. Хорезм тілін «шағатай тілі» деп атаудың қателігі Хорезм мемлекеті 1097-1231 жылдары, ал Шағатай

ұлысы 1224-1340 жылдары өмір сүрген. Демек Хорезм елі тұрғындарының Шағатай атауына, ұлысының тіліне қатысы жоқ. «Ескі өзбек тілі» деп атаудың жөнсіздігі сол өлкедегі түрлі түркі тайпаларының Өзбек немесе Әбілқайыр хандығына бірігуі 1420 жылдары Алтын Орда тараған соң қазіргі Өзбекстан, Қазақстан, Ресей жерлеріндегі халықтан құрылғандығында жатыр. Оны Хорезмнің тілдік құрамы жайлы зерттеушілердің пікірлері дәлелдей түседі. Мәселен, Г.Нетесов, Х.С.Самагова, А.И.Ишановтардың Хорезм тіліне Өзбекстанның солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс говорлары, Хорасан аймағында Иранның солтүстік-шығыс және Қазақстанның екі говоры қосылады [12; 13], А.Н.Самойловичтің [14] классификациясы бойынша, Хорезм диалектісі хиуа-өзбек және хиуа-сарт наречіелері болып жіктеледі де, қыпшақ-түркімен деп аталып, жеке топ ретінде қарастырылады деген пікірлері дәйек бола алды. Хорасанның, казак тілінің екі диалектісінен, өзбек тілінің қыпшақ-түркімен наречіесі деп аталатын болса, онда Хорезм тілі қалай ескі өзбек тілі болады. Н.Н.Поппе Замахшаридың сөздігінің тілі жайлы: «Сказать, что этот язык чагатай язык, каковым он, действительно и является мало. Термин «чагатайский язык», как известно, употребляется в довольно неопределенном смысле. Современное состояние науки позволяет говорить о «среднеазиатско-турецком литературном языке исламской эпохи», а не о «чагатаевском языке», и установить внутри этого языка несколько периодов его развития, из которых только в третий период (XV-XVI ст.) за ним утвердилось название чагатайского языка. Хотя язык нашего памятника является чагатайским языком с присущими ему особенностями, свойственными даже азиатско-турецкому языку. Язык этот до известной степени *мешапый*» дейді [1:410]. Бұдан Замахшари сөздігінің, яғни Хорезм тілінің аралас тіл екендігі, қыпшақ, оғыз, қарлұқ тобындағы тілдердің элементтерін жинақтаған тіл екендігі айқындала түседі деген түйін жасауға болады. Демек тарауша басында айтқандай, «тілдік одақ» құбылысы туыс емес тілдерге ғана емес, туыс тілдерде де болатындығын келешекте зерделеу керек болады...

## II тарау. Әбілқасым әз-Замахшаридың өмірі мен шығармашылығы

Бұрынғы кеңестік мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары орта ғасырлардағы мұсылман өркениетінің дереккөздерін зерделеу мұсылмандық Шығыстың рухани өмірі мен мәдени дамуы жөнінде мол ақпарат бере отырып, оның әлемдік өркениеттегі орны мен маңызын анықтауға, белгісіз болып келген немесе әділетсіздікпен айтылмай келген өткен дәуірдің өкілдерінің есімдерін паш етуге септігін тигізді. Сол түркі ұлыстары мен ұлттарына ортақ сондай ұлы тұлғаның бірегейі – XI-XII ғасырлардың тоғысында ғұмыр кешкен Әбілқасым Махмұд ибн Омар әз-Замахшари. Әбу әл-Қасым Махмұт ибн Омар ибн Мұхаммед әл-Хорезми әз-Замахшаридың «Алла жарылқаған» («Джар Аллах»), «бүкіл әлемнің ұстазы» («Устаз аль-дунья»), «арабтар мен араб еместердің ұстазы» («Устаз аль-араб ва аль-аджам»), «әдебиетшілердің әулиесі» («Каабагу аль-удаба»), «Хорезмнің мақтанышы» («Фахр Хаваразм») және «имам» деген эпитеттік атақтары болған.

Ол араб лингвистикасының, түбір сөздердің әліппелік қағидасымен сөздік құрастырудың негізін салушылардың, араб грамматикасын жана әдістермен баяндаушылардың бірегейі, алғашқы көп тілді сөздіктердің (араб-парсы, араб-парсы-түркі) авторы. Оның еңбектері мен қызметінің арқасында Мәуреннахр араб тілі мен араб мәдениетінің негізгі орталықтарының біріне айналды.

Көрнекті арабтанушы Меккеде екі рет болған. Қаланың әмірі Әбу әл-Хусейн ибн Ваххас әл-Хусейн Замахшариды барлық салтанатпен қарсы алып, әмірдің пәрменімен Замахшарига арналып Қағбаға жақын жерден ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтермен еркін шұғылдануға жағдай болу үшін үй салдырып берген. Қасиетті Меккенің әмірі ибн Ваххас: «Әлемнің бүкіл елді мекенін Хорезмдегі бір Замахшар ауылы үшін беруге болады. Себебі бұл ауыл әлемге Махмұт әл-Замахшари деген ұлы ғалымды берген» деп бағалаған.

Әрбір азамат – өз заманының нәтижесі, осы тұрғыдан келгенде, Замахшаридың болмыс-бітімі мен қарым-қабілетінің жасампаздық жолда болуының өзіндік тарихи себеп-салдарлары бар. Оған араб білім-ғылымының туу, қалыптасу және даму жолдарына қысқаша шолу жасау арқылы көз жеткізуге болады. Араб ғылымының I дәуірдегі (УІ-УІІ ғғ.) дамуының орталығы Ирактағы Басра және Куфа қалалары болып, ол қалаларда араб тілі және оның грамматикасы басымырақ зерделеніп, олардың жүйеленуі араб тілінің мемлекеттік тіл және мұсылман дінінің тілі болуымен тығыз байланысты. Араб ғылымының дамуының II дәуірі УІІІ ғасырдың соңынан, яғни халифат астанасының Бағдадқа көшірілуімен сабақтас болды. Бұл қала сонымен қатар араб ғылымының орталығына айналды. Мұнда алғашқыда көне және шығыстық қолжазбаларды жинау, оларды араб тіліне аударумен шұғылданды. Ал ІХ-Х ғасырларда Бағдадта және араб мәдениетінің басқа да орталықтарында жекелеген ғылыми шығармашылық қалыптасуы дамыды. Егер ХІ жүз жылдық «мұсылман мәдениетінің *бетбұрыс кезеңі*» болса, ХІІ ғасыр зерттеушілердің назарын мұсылман тарихының классикалық дәуірінің *таралу кезеңі* болып қалыптасты [15:15]. Араб тілі мемлекет тілі болғандықтан, араб тіліне Көне Греция және Шығыстың классикалық ғылыми және философиялық еңбектері аударылғандықтан, бұл тіл «Шығыстың латын тіліне» айналып, халифат құрамына кіретін арабтардың ғана емес, басқа халықтардың ғалымдары, жазушылары, ақындары арасында кеңінен қолданыс тапты. Басқа халықтардың өзіндік мәдени шығармашылығының өкілі болған олардың шығармалары ерекше ұлттық мәдениеттің одан әрі дамуына негіз салды. ХІІ ғасырдағы араб ғылымының жарқын өкілдерінің бірі, ғылыми өнімдерінің көлемі арабтың көптеген даңқты ғалымдарынан асып түсетін әз-Замахшари болды. Оның ғылыми еңбегін академик И.Ю.Крачковский: «Ол мұтазилттік сарындағы ірі экзегет (діни мәтіндерді түсіндіруші филолог) ретінде, грамматик, лексикограф және жоғары стильдегі көркем прозаның авторы ретінде жарқын із қалдырды» деп бағалады [16:313].

Замахшари 1075 жылы 19 наурызда Хорезмде Замахшар деген елді мекенде (қазіргі Түркіменстанда) дүниеге келген, осы елді мекен оның ныспысы болған. Шыққан тегі – парсы. Академик В.В.Бартольд өзінің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты іргелі монографиясында Х ғасырдың соңғы ширегіндегі араб географы және тарихшысы әл-Магдиси (әл-Мугадасси) сілтеме жасай отырып, Замахшар «айнала ор қазылған, темір қақпалы, абақтысы бар, көтермелі көпірі мен әлемі үлкен мешіті бар шағын бекіністі мекен болған» деп [17:204] суреттейді. Замахшари Орталық Азияның өте көне қалаларының бірі Үргеніште оқыды, өзінің саналы ғұмырының көп бөлігін өткерді. Үргеніш, арабша айтқанда Джурджан, Х ғасырда солтүстік Хорезмнің астанасы және Әмударияның сол жағалауындағы ең үлкен қала болды. «Оның төрт қақпасы болды, қақпаларға су арықтармен келіп жатты... Ма'мунның (1009-1017) сарайының қақпасы әдемілігімен ерекшеленді, Хорасан аймағында оған жетер қақпа болған емес» [17:545]. Х ғасырдың аяғынан бастап Үргеніштің маңызы тез арта бастады. Ол Орталық Азияның ең мықты мәдениет орталығы болған біріккен Хорезмнің астанасы болды. Философиямен әуестенген және білімдарларды кадрлеген Хорезм шахы Ма'мунның сарайына көптеген философтар мен ғалымдар жиналды, олар: Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан Бируни және т.б. XI ғасырдың ортасынан бастап Хорезм селжүктердің бағынышына көшіп, олар да ғалымдарға қамқор болуға ұмтылып, өз сарайларын атақты ғалымдармен, ақындармен әспеттегісі келді. Махмұт Замахшаридың баталық, жасөспірім және жастық, жігіттік шағы Мәлік шах билеген заманда (1072-1092), яғни Селжүк мемлекетінің ең жоғары саяси құдіретінің өркендеген кезінде өтті. Замахшаридың кейбір өмірбаяндық деректері ибн Халликан және Якут әл-Хамави (Лондон, 1923) секілді араб авторларының еңбектерінде баяндалған. Ғалымның өмірі туралы басқа деректерді Ғылым академиясы Ленинград бөлімшесінің Шығыстану институтының қолжазбалар жинағынан және Б.З.Халидовтың «Письменные памятники Востока» жинағындағы жарияланымнан табуға болады. Онда Б.З.Халидов белгісіз болып келген қолжазбаның авторы, Замахшаридың замандасы Абдуссалам б. Мұхаммед әл-Андарасбани [18:204-212] екенін анықтады. Аталмыш қолжазбадан Замахшаридың бала кезінде шатырдан құлап, аяғын зақымдағаны, оны кестіріп тастауға тура келгендігі белгілі болды [19:204]. Бұл дерек осы уақытқа дейін көптеген зерттеушілер сүйеніп келген ибн Халликанның хабарына түзету енгізуге негіз болды. Мәселен, Джирджан Зейдан: «Ибн Халликан ол (Замахшари) өзінің көптеген саяхаттарының бірінде қатты суық тиіп, ол аяғына әсер етін, аяғын кесіп ағаш аяқ (протез) салған» деген дерекке [20:47] сілтеме жасайды. Замахшари бастауыш білімді өз аулында өз әкесінен алды, әкесі сонда имам болған, бала Махмұттың сауатын ашқан, оқуға, әсіресе құранды оқуға үйреткен. Баланың ерекше қабілеттілігі оның келешегінен үлкен үміт күттіргенімен, баласы мүгедек болып қалғандықтан, әкесі оған тігіншілікті үйретпекші болады. Оған келіспеген ұлы әкесінен қалаға (Үргенішке) апарып, тағдыр тәлкегіне тастауын сұрайды. Ол Үргеніште мешіт жанындағы медресеге орналастырылады, оның ерекше көркем жазуына мұғалімінің ағасы Әбілфатх б. Байа'н көңіл аударып, оны қолжазбаларды көшіріп жазу жұмысына қатыстырып, еңбегіне қолақы да алады. Ол осылайша оқи жүріп, жастайынан табыс таба бастайды [19:547-548]. Замахшаридың замандасы әл-Андарасбани өзінің жоғарыдағы қолжазбасында ғалым өзінің қырық бір жасында (1115 жылға сәйкес келеді) уәзірлер мен билеушілердің жанында надим (надим; нудеме – әңгімелесуші, табақтас; «надим» деп әдетте, Адам Мецтің айтуынша, мұсылман ренессансында халифке жақын, сарайда бәрінен көп жалақы төленетін категориядағы адамды, құрметті атақты атаған) болып, олардың малақшысы ретінде дүниенің игілігімен ләззаттанды [19:205] дегенді баяндайды. Б.З.Халидов айтқандай, «ол – селжүктерге вассалдық бағыныштағы Хорезм тарихындағы хорезмшахтардың тәуелсіз мемлекетін құру жолындағы күрестің ең бір әйгілі тұлғасы» [20:65; сілтеме Б.З.Халидовтан: 22:553; 23:48]. Замахшаридың биографы әл-Андарасбанидың әңгімелеуіне қарағанда, оның сарай маңындағы қым-қиғаш та қызықты өмірі ғалымның ондай өмірден баз кешіп, басқа бағытқа беттеуіне ой салды. Дәруіштік жолды таңдап, Меккеге қажылыққа аттанды

[21:551]. Әрине, оның сұлтан сарайынан кетугіне, кеткен ол ғана емес, сарайдың масайраған өмірінен бас тартуына қоғамдық-саяси себептер болды. XI-XII ғасырлардағы селжүктердің орасан зор феодалдық державасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты толассыз оқиғалар сұлтан сарайындағы мазасыз, оқыс сәттерге толы өмір көптеген ақындар мен ғалымдарды одан бас тартып, дәруіштікке, суфизмге кетуге мәжбүрледі. Әл-Андарасбанидың деректерінде ғалым оқшауланған кезеңде оған Хорезм шахы Атсыз ибн Мұхаммед ғалым Меккеден оралған сон да жолығып тұруын жалғастыра берді... Ол сонымен қатар Бұхара, Мерв, Нишапур, Исфахан, Бағдад, Хиджаз, Мекке калаларында оқып білім алды.

Замахшари – елуден астам шығарма жазған автор. Хаджи Халифа (1608-1657 жж.) оның 29 еңбегін атаса, Ибн Халикан 30, Якут 50 еңбектің атын келтіреді. Б.З.Халидов Ленинград университетінің шығыстану факультетінің кітапханасы қорынан Замахшари еңбегінің бір қолжазбасын тапқандығын мәлімдейді. Броккельман Якут келтірген тізімде кездеспейтін Замахшаридің 25 еңбегін атайды. Б.З. Халидов Замахшари еңбектерін былайша топтастырады: 1) араб тілінің грамматикасы бойынша 10; 2) лексикография бойынша 8; 3) поэзия саласында 7; 4) көркем-дидактикалық туындылары 8; 5) фольклорлық шығармалары (мақал-мәтелдер жинағы) 2; 6) жағрафиядан 1; 7) эзгетикадан 1; 8) шариаз заңына 2; 9) ислам ағымдары туралы 4; 10) әр түрлі тақырыпта 12 жұмыс жазған. Сонда барлығы – 55 шығарма.

Замахшари араб тілінің, грамматиканың, байанның, тәпсірдің және хадистердің ірі зерттеушілерінің бірі ретінде бай шығармашылық мұра қалдырды. Ол лингвистика және теология бойынша ең негізгі, маңызды еңбектерін жазды. «Илм әл-байан» деген ұғымға риторика, шешендік сөз және стилистика бойынша білімдердің кешені кіреді, ал «ат-тафсир» сөзінің құранды түсіндіру және комментарий жасау, түрлі ғылыми терминдер мен еңбектерге түсіндірме жасау деген мағыналары бар. Мәселен, X ғасырдың атақты араб тарихшысы ат-Табаридың «Құранға тәпсір» деген қырық томдық еңбегі бар. «Әл-хадис» деген термин Мұхамбет пайғамбардың іс-әрекеттері мен данышпандығы жайлы ерекше құрылымды әңгіме (аныз, әпсана), яғни пайғамбардың не айтқаны, не істегені туралы әпсаналар дегенді білдіреді.

Замахшари – білімнің көптеген саласындағы көптеген шығармашылық мұраның авторы. Ғалымның «әл-Кашшаф», «әл-Муфассал фи-н-нахв», «әл-Анмузадж», «Муфассал фи сына' ати-л-'и раб», «Асасу-л-балага», «Мугаддимағу-л-'адаб», «'Атвау-з-захаб», «әл-Мустағса фи-л-'амсал», «Навабигу-л-калам», «Рисала фи калимати-ш-шахада», «Китабу наса' ихн-е-сығар», «Китабу-л-джибал ва-л-'амкина ва-л-майах» атты іргелі еңбектері оның даңқын асқақтатты.

Оның даңқын шығарған 1134 жылы аяқтаған еңбегі «әл-Кашшаф» («Раскрывающий») – қасиетті құранның біздің заманымызға дейін жеткен жалғыз мутазилигтік толық комментарийі. Мысырдағы Фатима әулетін 1172 жылы елдің билігінен және елаен ығыстырған Салахуддин әл-Аюби «әл-Азхар» мешітін университетке айналдырған, оқу орнының студенттері құранды әлі де осы «әл-Кашшаф» бойынша оқиды. Мәмлүктер 1250 жылы Айып әулетінің өзара қырысуын пайдаланып, сарай төңкерісін жасады...

«Әл-Анмузадж» Еділ-Жайық өңіріндегі татарларда ғана емес, жалпы түркі әлеміне ең танымал оқулық болды. Бұл трактат Замахшаридің араб грамматикасы бойынша іргелі еңбегі «әл-Муфассалдың» түйінді тұжырымдары секілді. Автор оны араб грамматикасын енді бастап үйренушілерге арнап, мәліметтерді жүйелі де анық баяндауымен ерекшеленді [22:139]. Оқу құралының грамматикалық материалы дәстүр бойынша сөз таптарына жіктеуден (есім, етістік, шылаулар) басталып, әрқайсысы жеке-жеке бөлімдерде қарастырылады. Есімдер теориясын баяндауда оны грамматикалық категорияларға (число, род, определенность/неопределенность) және семантикалық жіктерге (сан есім, қимыл есім – имя действия, қимыл жасаушы – имя деятеля, қимыл жасалушы – имя подлежащего, имя превосходства) талдап қарастырады. Есімдердің септік формалары

мен олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметтері келтіріледі. Етістіктердің де грамматикалық категорияларын (шак, жіктеу, рай, ауыспалылық/тұрақтылық және) және синтаксистік ерекшеліктерін сипаттайды. Ал шылаулар туралы бөлім негізінен олардың лексикалық мағыналарына арналған.

Замахшаридың шығармашылығының өнімді кезеңі Меккедегі және одан кейінгі жылдарға тиесілі, бұл кезеңде ол өзінің маңызды еңбектерін жазды. Оның негізгі еңбектері теология саласына және араб тіліне қатысты зерттеулер болып келеді. 1131-1135 жылдары ол құранның көлемді комментарийі «*әл-Кашшафты*» жазып, ол еңбек осы күнге дейін өзінің канондық сипатын сақтап қалды [16:383; 18:47; 20:65]. В.А.Звеганцев Замахшари шығармасында ерекше көңіл аударатын тұсты ескерте келіп, «еңбектің лексикологиялық бөлімінде әр қилы оқылып жүрген тұстарына түбегейлі тоқталады, оның дұрыс нұсқаларын көне поэзиядан мәліметтер келтіре отырып негіздейді. Түптің түбінде Замахшари өз жұмысында мәтінге ғылыми сынның үлгісін көрсетті» дейді [20:65]. Замахшаридың еңбегін араб лингвисті ас-Самарра: «Ол «*әл-Кашшаф*» пен «*әл-Муфассалдан*» басқа ештеңе жазбаса да басқа еңбектері оның даңқын шығаруға жетер еді» деп бағалайды [22].

Бағдад немесе «аралас» («эклектикалық») немесе рационалды филология мектебінің өкілі Замахшаридың араб грамматикасы жөніндегі негізгі еңбегі – бір жыл төрт айда жазылған (1119-1121 жж.) «*әл-Муфассал фи-н-нахв*» [Сілтеме Н.К.Эфендиеваның «Исследование некоторых трудов аз-Замахшари» атты мақаласынан: 23:47]. «*Әл-Муфассалдың*» мазмұнының Сибавейхидің «*әл-Кітаб*» еңбегіне жалпы ұқсас тұстары көп болғанмен, онда мәліметтер өте түсінікті түрде баяндалған [18:556]. Ғалымның «*әл-Муфассал*» трактатының жоғары бағаланғаны сонша, мысырлық аюбиттер әулетінің билеушісі Иса әл-Аюби оның қолжазбасы кімде сақталса, соған мол сый-сияпат пен өз иығынан шапанымды шешіп беремін деп ант берді. Автор кейін келе бұл еңбекке араб грамматиктері қалай көңіл аударса, «*әл-Кашшаф*» комментаторлары да сонша көңіл аударды. Кітап мәтіні Христианияда (қазіргі Осло) 1849 жылы басылған. Оған бірнеше комментарийлер жазылды, оның елеулісі Абулбакр б. Йаншаның комментарийі 1882 жылы Лейпцигте жарық көрді. «*Әл-Муфассал*» неміс тіліне аударылып, 1873 жылы баспа бетін көрді. Ал «*әл-Музаджа*» 1872 жылы Египетте, 1880 жылы Константинопольде басылды.

Замахшаридың тағы бір кең тараған «*Асасу-л-балага*» – араб тілінің екі томдық сөздігі, өзінің құрылымының ерекше әдіспен құрастырылуымен өзгешеленеді. Сөздікте сөздің семантикалық сипаттамасын беріп қана қоймайды, оларды контексте қарастырады, яғни олардың мағыналары тұрақты ма, әлде ауыспалы ма екенін айқындайды. Бұл сөздік Египетте сақталған.

Замахшаридың келесі бір шығармасы – мақам қағидасы бойынша құрастырылған даналық сөздер мен мақалдардың жинағы «*Атваку-з-захаб*» («Золотые ожерелья») тұщымды прозаның үлгісі [16:387, т. У], ол сондықтан да Еуропаның тілдеріне бірнеше рет аударылып, бірнеше рет қайта басылды.

Замахшаридың «*әл-Мустакса фи-л-амсал*» атты келесі еңбегі – араб мақалдарының әліпшелік қағидамен құрастырылған сөздік, ол Шығыс пен Еуропа елдерінде кеңінен тараған туынды [22:48].

Замахшаридың көркем-дидактикалық шығармаларының ішінен «*Навабигу-л-катам*» («Перлы изречений»), «*Раби у-л-абрар ва нуусу-л-ахбар*» («Весна благочестивых лиц и тексты преданий»), «*Рисала фи қазимати-ш-шахад*» (трактат «О словах исповедения веры»), «*Китаб насаихи-с-сыгар*» («Книга наставлений малолетним»), «*Нузхату-л-му*» («Услада общения») [18:553; 23:48-49] деген шығармаларын атауға болады. Ғалымның сонымен қатар әліпшелік тәртіппен құрастырылған өлеңдер жинағы, мақамдары мен қасыдалары және т.б. еңбектері бар.

Замахшаридың грамматикалық және лексикографиялық еңбектері қысқа да нұсқа болса, көркем туындылары заманына сай қатар ұйқасқан фразаларды күрделенген стильде

колданып, араб поэзиясының тілдік және стилистикалық әдіс-тәсілдерін, араб тілінің синонимдік байлығы мен сирек қолданылатын сөздерін шебер пайдаланады.

Ерекше бір еңбегі – «*Китабу-л-джелибал ва-л-мийах*» («Книга о горах, местностях и водах») атты географиялық зерттеуі. Ол туралы Н.Ю.Крачковский: «Бұл географиялық сөздік оның өзінен бұрын елу жыл ілгері қайтыс болған әл-Бакридің сөздігіне ұқсас. Замахшари бұл сөздікті білмегенмен, олардың дереккөзі бір болған, ол арабтың өлеңдері мен ертедегі прозаларындағы Аравияның географиялық объектілерінің тізбесін жинақтаған IX ғасыр филологтарының сөздіктері. Әл-Бакри мен әз-Замахшаридың басты айырмашылығы: алғашқысы негізінен өзінің әдеби-филологиялық мүдделерін көздесе, екіншісі экзегетикалық мақсатта болып, Мұхамед пайғамбардың, құранның тарихымен және канондық дәстүрлермен байланысты географиялық атаулардың барлығын нақтылауға талпыныс жасады. Бұл мақсатты орындауда Замахшари үшін Аравияда болуы көп пайдасын тигізді. Ол идея Мекке саяхаты кезінде туындап, оны сол кездегі кітапсүйер, қызықты жерлердің біразын көрген, Хиджаздың жақсы білгірі Мекке шерифі қолдады. [16:313-314, т. IУ; 10:48]. Сондықтан да Замахшари Хиджаздың таулары, аңғарлары және таулы ресурстары туралы әлдеқайда нақты деректер келтіреді, олардың бәрі негізінен аталмыш әмірдің айтуына негізделген. Бұл жағдай Замахшаридың барлық зерттеуіне өз ізін қалдырды. Мәселен, оларда Аравия түбегінің поменклатурасы түгел дерлік қамтылса, Палестина, Сирия, Месопотамия және Египетке қатысты атаулар сирек кездеседі. Солтүстік Африка, Персия және Орталық Азияға тиесілі географиялық атаулар бар, ал Испания мен Үндістан ескерілмеген. Дереккөздердің көбі ғалым сүйенген филологтардың еңбектері. Замахшаридың еңбегінің маңызы бүгінгі күні осындай мәліметтерімен құнды. Бұл еңбектен Хорезмге жақын аймақтардың немесе Орталық Азияға қатысты жерлердің атауларын іздеудің еш мәні жоқ. Себебі автордың мақсаты басқа бағытта болды. 1856 жылы Йенбол араб династиясы өкілінің шәкірті Сальверд де Граве басылымды мұқият дайындап шығарған болатын» [16:314, т. IУ; 23:48]. Сальверд де Гравенің болжауынша, Замахшаридың жұмысы не аяқталмаған, не сонына дейін редакцияланбаған.

Замахшаридың еңбектері жайлы А.Флеш, Ж.Кантино, М.Бравманн, К.Брокельманн, Х.Биркеланд, М.Грюнерг, Г.Ванль, В.В.Бартольд, Н.Ю.Крачковский, Н.Н.Поппе, А.К.Боровков, Э.Н.Нәжіп, Б.З.Халидов, В.А.Звегинцев, В.Г.Ахведиани, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, В.Ф.Гиргас, З.Б.Мухамедова, Н.К.Эфендиева, Н.И.Робакидзе, А.М.Салахов секілді ғалымдар өз еңбектерінде оның биік беделін мойындап, Сибавейихмен қатар атайды. Мұның бәрі орта ғасырлық араб ғалымының еңбегіне деген қызығушылықтың, оның лингвистикалық идеяларының қазіргі күнде де өзектілігінің жоғалмағандығын дәлелдейді.

Замахшаридың түркітану үшін маңызды еңбегі – «*Мухаддимат әл-әдәб*» сөздігі. Замахшари араб тілі мен әдебиетінің лексикалық байлығын өз отандастарына таныстыру және білімді саналы меңгеруге жеңіл жол ашу мақсатында «Мукаддимату-л-адаб» деген арабша-парсыша сөздік құрастырады. Кейбір деректерге қарағанда, ол дәстүр бойынша өз еңбегін Хорезм шахының ұлы, ғылым мен поэзияның қамқоршысы Абулмузаффар Атсызға (1127-1156) арнаған дейді. Атсыздың өтініші бойынша түркі бөлігін қосқан. Кейіннен монғолдар келген соң белгісіз автор монғол сөздерін қосып, арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздікке айналдырған. Замахшаридың бұл еңбегіне В.В.Бартольд: «Замахшари сөздігінде келтірілген көптеген мәдени сөздер мен техниканың сөйлемше, сөйлемдер тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдениет тарихынан да мол хабар береді. Бұл мағынада алғанда, әсіресе мекендердің аттары туралы бөлімінің берері мол. Мекен және қоршалған жерлер туралы бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен қатар басқару, дін, жұмақ, көпірлер, етікшілік, жыртқыш андар туралы бөлімдер бар» деген жоғары баға береді [23:445-468]. Сөздіктің түпнұсқасы жоғалып кеткен. Алайда екі көшірме данасы 1926 жылы Бұқарадағы Әбу Әли ибн Сина атындағы кітапханадан кездейсоқ табылып, бұрынғы одақ көлеміне мәлім бола бастағаны белгілі. Бұқарада

табылган екі қолжазбаның бірін 1305 жылы хатиб («қолжазбалар сақтаушы») Хамид Хафиз көшіріп жазған. Онда тек араб, парсы тілдік материалдары жинақталған. Ал екінші бір араб сөздерін парсыша, түркіше, кейіннен моңғолша тәржімалаған көшірмесі 1492 жылы хатиб Дервиш Мухаммед деген кісі жасаған. Соңғысын кезінде озбектерді билеген Абдулла ханның (1557-1598 жж.) тұсында ғұмыр кешкен Құл-Баба Көкілташ дейтін көрнекті бек белгілі бір кітапханаға мұра етіп қалдырса керек. Бұл сөздіктің ескі түркі глоссалары тізбеленген толық емес, әрі жазылған мерзімі белгісіз, бірақ өте ескі қолжазбасын В.Вяткин 1897 жылы Орыс ғылым академиясына сыйға тартқан [23:465]. Көлемі 570 бет екі томдық «Мукаддимату-л-адаб» есімдер, етістіктер, шылаулар, жіктеулер және септеулер деген бес бөлімнен тұрады. Бұл шығарманың Каирде сақталған (арабша-түркіше бөлімдері ғана бар сияқты) қолжазба данасының жазба жолдарының ортасында парсыша аудармалары бар [23:48]. Кітапта көптеген бағалы, қызықты және пайдалы лингвистикалық материалдар бар, оны түсінуді 1843-1850 жылдары Лейпцигте көрсеткіштермен, комментарийлермен қамтамасыз етілген басылымы жеңілдете түседі [23:48].





*N.N. Poppe*

Сөздікті алғаш жан-жақты зерттеушілердің бірі – орыс ғалымы Н.Н.Поппе. Айта кетерлік жайт, Н.Н.Поппе туралы да кейбір біреп-саран еңбектерде тиіп-қашты пікірлер айтылғанымен, отандық тіл білімі ғалымдары оның өмір жолын, сіңірген еңбегін, ғылымға қосқан үлесін күні бүгінге дейін қолға алып тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан қалыс қалып, бағаланбаудың басты себебі – өткен ғасырдың 40-жылдары Н.Н.Поппенің басына түскен тағдыр тәлкегімен шетелге кетуге мәжбүр болуы. Николай (Николаас) Николаевич Поппе 1897 жылы 27 шілдеде Қытайдың Яньтай (Чифу) қаласында дүниеге келген. Әкесі Николай Поппе Қытайдағы Ресейдің дипломатиялық қызметінде консулдық қызметкер болған. Жасөспірімдік және жастық шағы Ресей тарихындағы Боксер көтерілісі, орыс-жапон соғысы, I дүниежүзілік, азаматтық соғыстармен, Кеңес үкіметінің орнаған кезімен тұспа-тұс келді. Ол 1991 жылдың 8 тамызында АҚШ-тың Сиэтл қаласында 94 жасында дүние салған. Лингвист әрі этнограф, моңғолтанушы, алтай тілінің маманы, 1932 жылдан КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі. 1921 жылы Петроград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің моңғол бөліміне түсіп, ондағы әйгілі тіл мамандары А.Д.Руднев, В.Л.Котвич, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, А.В.Бурдуковтардан дәріс алды, ғылымдағы алғашқы ғылыми жетекшісі атақты Б.Я.Владимирцов болған. Поппе 1920 жылы 23 жасында, студент кезінде, тірі Шығыс тілдері институтында оқытушы болып бастап, одан кейін География институтында лаборант қызметінде Л.Я.Штернбергтің жетекшілігімен дайындықтан өтеді. 1923 жылдан бастап Ленинград университетінде оқытушылық ете жүріп, кейін КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтына айналған Азия музейінде жұмыс істейді. Бұл институт Поппенің 1941 жылға дейін негізгі жұмыс орны болып қалды. Н.Н.Поппе 1928 жылы 31 жасында профессор атағын алса, 1931 жылы 34 жасында Б.Я.Владимирцов қайтыс болғаннан соң, КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институты моңғол зерттеулері бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1932 жылы 35 жасында КСРО Ғылым академиясының ең жас мүше-корреспонденті болып сайланды. 1926 – 1932 жылдары жеті жыл қатарынан моңғолдарды зерттеу экспедицияларына барды: Моңғол Халық Республикасына 3 рет (1926, 1927, 1929 жж.), бурят диалектілері тараған аудандарға 4 рет (1928, 1930-1932 жж.). Бұл экспедицияларға кейін көрнекті моңғол зерттеушілері болған В.А.Казакевич, Г.Д.Санжеев, Т.А.Бергагаевтар да қатысып, моңғол тілдері мен диалектілері және фольклоры бойынша қыруар мәлімет жинап қайтты. 1939-

1940 жылдары кеңес-фин соғысына қатысты. Кеңес билігі Н.Н.Поппе 1942 жылы Қарашай аумағын (Микоян-Шахар) басып алған неміс басқыншылары жағына өз еркімен өтті, немістердің «Үшінші Рейх» ақпараттық мекемесіне қызмет етті, 1943 жылы отбасымен Германияға көшті деген шешім қабылдады. Соғыстан кейін кеңес үкіметінің құрығынан тығылып, бірнеше жыл шығармашылықпен астыртын айналысқан. 1949 жылы ол АҚШ-қа қоныс аударып, 1968 жылға дейін Вашингтон штаты университетінің Қиыр Шығыс факультетінде профессор лауазымында қызмет атқарады. 1968 жылы «Бонн университетінің құрметті докторы» атағына ие болады, 1968 және 1977 жылдары Фин Ғылым Академиясының мүшесі болып сайланған. Ол алтай тілдері мен фольклоры, негізінен моңғол тілдерінің тарихы мен бүгінгі жайында 70 жыл ішінде 284 еңбек жазса, оның 40-ы монографиялар мен кітаптар. «Отанын сатқан опасыз» деген ат тіл мамандары ләм-мим деп жаз ашпады. Осы салқындық бергі уақыттарда «Мукаддимат әл-әдәбтын», жалпы Замахшаридың шығармашылығының кеңінен зерттелуіне де кері әсерін тигізген...


Н.Н.Поппе – Әмір Темірдің Ұлытауда қалдырған белгітасын да алғаш таныған ғалым. Ол белгітастың да ұзақ тарихы бар. 1391 жылы Әмір Темір сұлтан Самарқандтан Алтын Орда ханы Тоқтамысқа жорыққа аттанғанда сол жылдың сәуір айында әскерімен Ұлытауда бірнеше күн тынығады. Сонда Әмір Темір жорық жолындағы бір белгі ретінде Алтыншоқы деген жерге қара тасқа (амфиболит) қашап, жазу қалдырады. Таста арабша үш жол жазу, шағатайша сегіз жол жазу бар. Арабшаның аудармасы: «Рахымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы, берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де құдыретті, өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Шағатайшаның аудармасы: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы, көктемнің ортаңғы айы (1391 жыл 6 сәуір), Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамыс ханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш болу үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын!». Белгітасты 1935 жылы, жазылғаннан соң алты ғасырдан кейін, экспедиция кезінде тауып, әлемге әйгілі еткен болашақ ұлы ғалым Қаныш Сәтпаев еді. Ескерткіш 1936 жылдан бері Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы [24:11]. Қ.И.Сәтпаев Темірланның сарай тарихнамашысы Шерафуддин Язди Әмір Темірдің осы жорығын сипаттауының тарихи зағтық дәлелі осы қара тас екеніне көз жеткізеді. Бұл тас ескерткіш жайлы естіген Ленинград эрмитажының директоры академик И.А.Орбели Қарсақбайға 1936 жылы күзде Эрмитаж қызметкері Морозовты жіберіп, Ленинградқа алып кеткенін, ол 1937 жылдың басында жоғарыдағы тасқа қашалған жазуларды профессор Поппе оқығандығын хабарлағанын баяндайды [25:19-20]. Ал тас ескерткіш Қарсақбайдан Жусалы темір жолына ат арбамен жеткізіліп, одан әрі Ленинградқа пойызбен жеткізілгені белгілі.





(Фотолар Э.Р.Усмонова, Р.М.Жумашев, Ж.А.Жумабеков, М.А.Антонов, А.Р.Каспаровтардың «Алтыноқы тауындағы Темірдің белгісі» атты кітабынан алынды) [26].

Н.Н.Поппенің қолға алып қарастырғаны – сөздіктің хатиб Дервиш Мухамед жасаған көшірмесі. Сөздік ХІУ ғасырда Орта Азияда құрастырылған. Қолжазбаны Бұхар әмірінің кітапханасынан тапқан өзбектің көрнекті ғалымы және жазушысы А.А.Фитрат. Ол көшірмені Н.Н.Поппе 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясы баспасында жарыққа шығарып, ауқымды екі бөлімнен тұратын еңбегін «Монгольскій словарь «Мукаддимат ал-адаб» деп атаған. Бірінші бөлімде эз-Замахшари қолжазбасында келтірілген монғол сөздеріне фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде монғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Түпнұсқадағы сөздіктің әуелгі қалпын сақтамай, сөздерді алфавит бойынша рет-ретіне түсірген.



Фитрат Абдурауф Абдурахманұлы (1886-1938) – Бұхарада туып, Ташкентте халық жауы деген жаламен атылған. Өзбек халқының жазушысы, тарихшысы, драматург, ақын, аудармашы, филолог, өзбектің жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Орталық Азиядағы жадидтік қозғалыстың өкілі, өзбекте алғаш профессор атағын алған ғалым. Түркияда білім алған, төңкеріске дейін Ресейге тәуелді болмау үшін күрескен, сол үшін полиция аңдуында болған қайраткер.

Фитрат бастапқыда діни ғана емес, зайырлы білімдер беретін мектепте, одан кейін Бұхарадағы Мирн араб медресесінде оқыған. Медресе бітірген соң қажыға барып, одан кейін 1903 жылға дейін Осман империясына, Үндістанға, Ресейге, Аравияға, Персияға, Ауғанстанға, Закавказьеге саяхат жасаған. 1906-1908 жылдары Қазан, Мәскеу, Петроград, Нижний Новгород, Ярослав қалаларын аралаған. 1909-1913 жылдары Стамбул университетінде оқыған. Стамбулда жас түркілермен, олардың идеологиясымен танысып, университеттегі басқа бұхаралық студенттермен

бірігіп, «Бұхараны ағарту қоғамын» құрады. Түркияда жүргенде екі өлеңдері жинағы мен бір романы тәжік тілінде жарық көріп, олар өзбек және орыс тілдеріне аударылады. 1920 жылдары бұл 3 шығармасын Кеңес үкіметі ұлтшыл, пантөкистік жән панисламистік деп жариялаған.

Стамбулдағы оқуын бітірген соң 1913-1914 жылдары Бұхараға қайта оралып, ондағы мектептерде мұғалім болып, жадидтік идеяны насихаттайды. 1915 жылы Петроградтан «Азаттықтың жолбасшысы» («Путеводитель освобождения») деген философиялық трактаты жарық көрген. Осы жылдан «Жас бұхаралықтар» қозғалысының бас идеологы және көшбасшысы болады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Бұхарадағы саяси ахуал Фитрат пен пікірлестері үшін ушығып бара жатқандықтан, Самарқандқа көшеді. 1918 жылдың наурызына дейін бұл қалада бірнеше газеттің редакторы қызметтерін атқарады. Ташкентте Ауғанстан әмірлігінің өкілдігінде аудармашы, әдеби қоғам құруға және журнал ұйымдастыруға белсене қызмет етеді.

Төңкеріс және азаматтық соғыс жылдарында жас бұхаралықтар партиясының белсенді мүшесі ретінде Ф.Ходжаевпен достық қарым-қатынаста болды. Ташкентте эмиграцияда болғанда Бұхара коммунистік партиясының мүшелігіне өтеді де 1919 жылы Бұхара Халық Кеңес Республикасында басқарма бастығы, сыртқы істер, оқу-ағарту министрі, Еңбек кеңесі төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарады.

1923 жылы жала жабылған Фитрат Мәскеуге Шығыс тілдері институтында оқытушы болып жүріп әдеби шығармашылығын жалғастырып ұштай түседі. Профессор атаған алады. Ол жариялаған еңбектері енді Еуропаға әйгілі бола бастады. Оның «Темірдің қабірі», «Оғьх хан» драмалары, «Тилимиз», «Узбек тили сарф китоби», «Узбек тили нахв китоби», «Шеър ва шоирлик», «Адабиёт қондаларн», «Аруз хақида» деген ғылыми еңбектері, «Девону луготит турк», «Мукаддимат ул-адаб», «Куталгу билнг», «Хибат ул-хакоикка» арналған ғылыми трактаттары, Қожа Ахмет Яссаун, Әлишер Навои, Бабур , Мухаммед Салих, Фирдоуси, Омара Хайямдардың және т.б. өмірі мен шығармашылығына арналған мақалалары бар.

Фитрат өмірінің соң жылдарында ғылыммен шұғылданған. Ол Орталық Азияда құрастырылған Бұхара әмірінің кітапханасынан Замахшаридың төрт тілді (арабша-парсыша-түркіше-монғолша ) «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігін тапқан.

Сөздікте келтірілген ауызекі сөйлеу негізінде жасалған қолжазба сөздік, сөздікте, біздің есебіміз бойынша, түркі тілінің 8126 сөзі, сөз тіркестері, күрделі сөз тіркестері, фразалық тіркестер, сөйлемдер бар. Алдын ала жобалауымызша, лұғаттық тізбеде 2616 сөз болса, оның дыбыстық өзгеріссіз және дыбыстық өзгерістермен алғанда қазіргі қазақ тіліне қатыстысы –1780 сөз, яғни 68,4%. Сөздікте сөз таптарын жасайтын және түрлендіретін қосымшалардың барлық типтері мен түрлері бар. Ол қосымшалардың жалпы саны – 302 қосымша. Сөздікте 1728 түбір сөз бар: 1 буынды 418 сөз, 2 буынды 1002 сөз, 3 буынды 119 сөз, 4 буынды 5 сөз. Барлығы – 1545 сөз.

Сонымен қатар жазба ескерткіш – қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын, яғни тарихы мен төркінін айқындауға септігін тигізетін анықтағыштық та дереккөз. Мәселен, сөздікте *чекірдекі* – жүзімнің, құрманың дәнi шекiлдеуiк деп Орталық Қазақстан диалектiсiнде пістенiң дәнiн атайды; соттасты дегендi *беглеитi*; паралады дегендi *берiмледi мағына бередi*; жадап-жүдедi деген қос сөздiң құрамындағы *жадады жсарамау* деген мағынада қолданылады; пышақ - *кеслiк*, қазiргi қазақ тiлiндегi кездiк; кнiм дегендi *қатпан* деп атаған; *маң* – адым, „Маңып келе жатыр“ деген тiркес құрамында сақталған; *құлаш*: қол+аш, *әшкер*: аш+қара, *қошақан*: «қош қой» мағынасында қолданылған, *итан*: iш тон (iш кнiм), таудың *ұшасы*: уча «арқа», шек *сiлесi* қатты: сiл, сiле «өкiп», *Бүбiш* деген кiсi есiмi: құс аты «потауйка», жүдедi-*жадады*: йада, жада «қиналу», ұйыған құрт: *йұурт*, қан *жоса*: йуша, жоса: осiмдiк атауы «киноварь», *кебiн*: «жасау», орысша *кирька*: керкiн (кетпен), *қобесiн* сөгү: текемет, қатын-*қалаш*: көршi әйел, *мұқым* жұрт: тұрғын, мұқым болды – орналасты; *миық* – мұрт, қазiргi қазақ тiлiнде „миығынан күлдi“ тiркесiнiң

құрамында кездеседі; *қуә* сөзін танық деп қолданады; емча, *омал* (*қылмыскерді байлайтын ағаш қазық*): «Отырсаң, *омал*, қара жерге қадал» деген қарғыс сөздегі, *сауда-саттық*: сауда, сәлем-сауқат: сәлем, есеп-қисап: есеп, *шығайбай*: шығай «кедей», *тегіршек* – арбаның дөңгелегі: дүниенің тегершегі, *ұша* – арқа: таудың ұшасы (ұшар) басы деген мағыналарда қолданылған. Тілімізге парсы тілінен енген *дене* тін, *гул* шешек, *кілт* ашқыш деген түркілік сөздермен қатар пайдаланылған.

Сөздіктің құрастырылу мақсатына қарағанда, қоғамдық өмірдің түрлі салаларын қамтитын тілдескіштік (разговорник) сипаты басым іспетті. Оның үстіне Н.Н.Поппе монғол тілін қамтитын бөліктегі сөздердің дені XIII-XIV ғасырларда Орта Азияда қоныс тепкен жалғыз, барлас руларының тілдерімен тәркіндес, ұқсас екенін баса атап көрсетеді [1:7-8] және «языковой материал словаря Мукаддимат ал-Адаб является весьма типичным образчиком обиходной речи XIII-XIV вв.», «среди современных языков он ближе всего к языку афганских моголов» дейді. Н.Н.Поппе алғаш рет ғылыми айналымға енгізген сөздік әлі күнге дейін XIII-XIV ғасырлардағы Орта Азия монғолдары тілі туралы ең кең көлемді дереккөз күйінде қалып отыр. Аталмыш басылымға Э.Н.Наджип: «Н.Н.Поппе, опубликовавший этот словарь плохо знал тюркские языки, поэтому допустил в этой части много ошибок» десе [27:112] де сөздікпен қалың оқырман қауымының кенінен танысуына жол ашты. Оның үстіне Н.Н.Поппе жоғарыдағы басылымда өз жұмысының монғолтану мақсатында екенін, түркі бөлігі толық аяқталмағандығын, мамандардың қосымша нақтылауын, түзетуін қажет ететін тұстары бар екенін ескертеді [1, III].

Өз-Замахшаридың еңбектері мемлекеттік бағдарламалар аясында араб тілінен қазақшаға аударылып, ғылыми айналымға түсіп, еліміздің ғалымдарының ортақ игілігіне айналса, тікелей зерттеулердің нысаны болар еді.

## 2.1. Замахшари сөздігінің зерттелуі

### «Сөздіктің» әлем, Кеңес және қазақ лингвистикасында зерттелуі

#### 2.1.1. Поппе Н.Н. Монгольский словарь «Мукаддимат ал-адаб». Часть I. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1938. – 452 с.

Н.Н.Поппе Махмұт Замахшари сөздігін 1938 жылы 452 бет көлемінде Ленинградта КСРО ҒА баспасынан шығарған (Москва-Ленинград) «Монгольский словарь «Мукаддимат ал-адаб» еңбегінің алғы сөзі мен кіріспесінде сөздік жайлы көптеген мәліметтер берген. Еңбек 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлім монғол тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктеріне арналған 2 тараушаға бөлінген. 1-бөлімі – монғол-түркі сөздігі. Автор «Мукаддимат әл-әдәб» арабша-парсыша-түркіше-монғолша 4 тілді сөздік екенін ескерте келіп, өз еңбегінің негізгі мақсаты сөздіктегі монғол тілі материалдарын талдау болғанын бірнеше рет ескертеді.

Н.Н.Поппе сөздіктің кіріспесінде XIII ғасырда әлемдік кең тарихи аренаға шыққан бірқатар монғол тайпаларының Қытай мен Түркістанның, ұйғыр идикуттары (ыдық құт – қасиетті құт) мен Хорезм шахтарының біршама мәдени оркеніттерімен тікелей байланысқа түскендігін айта келіп, монғолдардың соғысы мен шапқыншылықтары көптеген материалдық және мәдени құндылықтарды қиратқанын, бұрындары қарым-қатынассыз жатқан елдердің ортақ монғол империясына бағыныштылыққа түсуінің негізінде олардың сауда-саттық, жалпы экономикалық байланыстарының белсенділігінің артқандығын атап өтеді. Монғол империясының қарамағындағы елдерді монғол тарихын, тілін, салт-дәстүрін зерделеуге, үйренуге мәжбүр еткенін ескертеді. Замахшаридың әуелде арабша-парсыша-түркіше болып құрастырылған сөздігіне монғол тілі мәліметтерінің қосылуының тарихи алғы шарты осы болды деп түсіндіреді.

1926 жылға дейін әл-Замахшари сөздігінің арабша-парсыша нұсқасы (J.G.Wetzstein7 Samachscharū lexicon arabicum persicum. Lipsiae, 1850), араб және парсы тілінің мәліметтерімен қоса Орталық Азия түркілері сөздері бар нұсқасы (W.Barthold. Eine Zamaḥṣārī – Hand-schrift mit alttürkischen Glossen. Islamica, vol. II) белгілі болатын. Бұған

дейін бұл еңбектің араб, парсы, Орталық Азия түркілері тілдерінен басқа тілдердің материалын қамтитын нұсқалары бар-жоғы белгісіз болып келді. Бірақ Бұхарладағы Әбу Әли ибн-Сина (Авиценна) атындағы кітапханада бұл еңбектің екі данасы бар екендігі анық болды. Бір данасында араб, парсы және «шағатай» тілі деп аталған Орталық Азия түркілері тілдерінің материалдары қамтылса, екінші данасында осы үш тілге қоса монғол тілдерінің сөздері де қамтылғаны белгілі болды. Төртінші тіл монғол тілі сөздері екенін кітапхана қызметкерлері бірден анықтай алмаған дейді Поппе. Соңғы сөздіктегі монғол тілінің материалы осы уақытқа дейін табылғандарының ішіндегі сан жағынан ғана емес, сапа жағынан құнды екенін ерекше бағалайды. Монғол тілінің грамматикалық формалары, морфологиялық құрылысымен қоса синтаксистік құрылымының да деректі мәліметі деі келіп, синтаксистік тұрғыда сөздік материалына сын көзбен, сақ қарау қажет. Әсіресе сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі араб және парсы тілдерінен тікелей аударылғандықтан, табиғи қалпын, дұрыс өз орынн сақтай бермейтінін ескертеді.

Н.Н.Поппенің кітап кіріспесінде ерекше назар аударып сөз еткені – сөздікке монғол тілі сөздерінің кіру тарихы. Замахшари (1143 жылы қайтыс болған) сөздігін кейбір дереккөздерінің айтуынша, Хорезм шахы Атсызға (1156 жылы қайтыс болған) арнап жазған дейді. Ал шығарманың Бұхарадан табылған данасының бірінің кіріспесінде хорезмшах Атсыз Замахшаридан оның бұған дейін құрастырылған «Мукаддимат әл-әдәб» деген кітабының бір данасын өз кітапханасы үшін жазуға ұсыныс жасайды. Демек сөздіктің бастапқы нұсқасы Атсызға арналмаған деген сөз. Бұл сөздікке түркі сөздерінің кіргізілуін Атсыздың өтінішімен Замахшаридың өзі орындап, бір дана етіп Атсыздың кітапханасына тапсырғанын дәлелдейді. Ал монғол тілінің лексикасын сөздікке енгізген Замахшари емес, себебі Замахшари елдің батысына монғолдардың келуіне дейін, олар жайлы алғашқы хабарлардың мәлім болуына дейін қайтыс болып кеткен болатын. Сөздікке монғол сөздерін тізбелеген басқа авторлар деп есептейді Н.Н.Поппе [1:5-6].

Жоғарыда Бұхараның Әбу Әли ибн-Сина атындағы кітапханасында әз-Замахшари шығармасының екі қолжазба данасы бары айтылды. Алғашқы данасын хатіб Хамид Хафиз 1305 жылы көшіріп жазған. Бұл нұсқасында Замахшари есбегінің бес бөлімі (есімдер, етістіктер, шылаулар, жіктеулер мен септеулер) толық сақталғанмен, негізгі араб мәтніндегі есімдер мен етістіктер ғана парсы тіліне аударылып берілген. Бұл данасында түркінің де, монғолдың да тілдік мәліметтері мүлдем жоқ.

Екінші данасын хатіб Дервиш Мухаммед 1492 жылы көшіріп жазған. Бұл нұсқада есімдер мен етістіктер ғана беріліп, олар арабшадан парсышаға, парсышадан түркішеге, түркішеден монғолшаға аударылған. Поппе 1492 жылғы осы нұсқаны пайдаланғанын, бұл нұсқаның 1571 жылы өзбектің Абдолла ханының (1583 жылы хан болып жарияланғанмен, 1557 жылдан өзбекті басқарған, 1598 жылы қайтыс болған) Құлбаба Көкілгаш деген беделді бегі бір кітапханаға мұра етіп бергенін нақтылайды. Демек сөздіктің монғол бөлігін 1492 жылға дейін біреу құрастырған, себебі көшіріп жазушы өзінің қолжазбасын 1492 жыл деп таңбалаған. Сөздікке монғол тілі сөздерінің енгізілуіне қарап ХУ ғасырдың аяғында монғол тілінің әлі де Орталық Азияда өз маңызын жоймағанын білуге болады. Олай болмаса, мұндай сөздікке кіргізілмес еді.

Бұл қолжазбаның табылуы туралы жаналықты Поппе 1926 жылы есігті. Әбу Әли ибн-Сина атындағы кітапханаға қолжазбаның фотографиялық көшірмесін түсіріп беруге көмек сұрайды. Бұхара жағдайында бұл қиын шаруа екеніне көз жеткен соң, қолжазбаны уақытша пайдалану үшін Ленинградқа алдыру да мүмкін болмайды. Бұдан кейін іске асыруға болатын ескерткішті қолмен көшіру де орындалмады. Ақыры 1928 жылы КСРО Ғылым академиясының сол кездегі Азия музейі ескерткіштің фотокошірмесін уақытша пайдалануға алды. Н.Н.Поппе әр фотода екі беттен түсірілген, барлығы 500 парақ фотографиялық түсірілімдермен жұмыс істегенін тәптіштеп баяндайды. Фотокошірмедегі сөздер мен фразалардың өте анық түсірілгенін, бірақ ондау барысында пунктуация мен орфографияда кейбір қателіктердің кеткенін, мәселен, әріп үстіндегі не астындағы бір нүктенің орнына екі нүкте немесе керісінше болып кеткендігін түзетуге тура келгенін де,

шығыс тілдеріндегі сөздіктер әліппелік емес, тақырыптық қағидамен құрастырылады. Сөздіктегі сөздер мен фразаларды латын әліппесінің ретімен түзіп шыққаны да ескертеді.

Н.Н.Поппе кіріспе мақаласының соңында Замахшаридың «Мукалдимат әл-әдәб» сөздігімен жұмыс істеуінің 1929 жылдан басталғанын, араб сөздерін түсіндіруде академик И.Ю.Крачковскийдің, түркі сөздерін түсіндіруде профессор С.Е.Маловтың, сөздікті жалпы талдауда марқұм Ф.А.Розенбергтің көрсеткен көмектеріне ризашылығын білдіріп, «1934 жылдың маусым айы» деген дата қойып аяқтайды.

### 2.1.2. Эфендиева Н.К. «К вопросу о жизни и деятельности аз-Замахшари»

Бұрынғы кестік мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары орта ғасырлардағы мұсылман өркеніетінің дереккөздерін зерделеу мұсылмандық Шығыстың рухани өмірі мен мәдени дамуы жөнінде мол ақпарат бере отырып, оның әлемдік өркеніеттегі орны мен маңызын анықтауға, белгісіз болып келген немесе әділетсіздікпен айтылмай келген өткен дәуірдің өкілдерінің есімдерін паш етуге септігін тиігізеді. Ғылым әуел баста жеке ғылым салаларына жіктелмей тұтас бір философия болғандығы, оның бүкіл білім атаулының жиынтығы болғандығы белгілі. Философияның пайда болуы мен ғылыми білімдерді жинақтау талпынысынан келіп оларды жүйелеу қажеттілігі туындады. Осылайша орта ғасырлардағы ғылыми білімдерді классификациялауда теология, логика грамматиканың орны ерекше болды. Араб ғылымы көне грек ғылымының ықпалымен және сол кезеңдегі Орта Азия, Закавказье, Иран, Египет және Сирия халықтарының жоғары дамыған ғылымы негізінде дамыды. Араб ғылымының бірінші дәуірдегі (VII-VIII ғғ.) дамуының орталығы Ирактағы Басра және Куфа қалалары болып, ол қалаларда араб тілі және оның грамматикасы басмырақ зерделеніп, олардың жүйеленуі араб тілінің мемлекеттік тіл және мұсылман дінінің тілі болуымен тығыз байланысты. Араб ғылымының дамуының екінші дәуірі VIII ғасырдың соңынан, яғни халифат астанасының Бағдадқа көшірілуімен сабақтас болды. Бұл қала сонымен қатар араб ғылымының орталығына айналды. Мұнда алғашқыда көне және шығыстық қолжазбаларды жинау, оларды араб тіліне аударумен шұғылданды. Атап айтқанда, аударма ісі 830 жылы «Даналық үйі» («Дар әл-Хикма») ашылған соң қарқындап өрістеді. Ал IX-X ғасырларда Бағдадта және араб мәдениетінің басқа да орталықтарында жекелеген ғылыми шығармашылық белен алды. Араб мәдениетінің бұл дәуірінің ірі өкілдері әл-Табари, әл-Масуди, ибн Мискавейх, ибн Фадлан, ибн Сина және т.б. болды. X ғасырдың аяғында клерикалдыққа қарсы «Тазалықтың ағайындары» («Ихван ас-сафа») деген ғалымдар тобы Басрада өз дәуірінің барлық білімдерін жинақтаған энциклопедия құрастырды. Олар: Кордова, Севилья, Андалузиядағы Гранада, Египеттегі Каир, Сириядағы Алеппо мен Дамаск. Бұл орталықтар Бағдад халифаты құлаған соң ерекше маңызға ие болды. Егер XI жүз жылдық «мұсылман мәдениетінің бетбұрыс кезеңі» болса, XII ғасыр зерттеушілердің назарын мұсылман тарихының классикалық дәуірінің таралу кезеңі болып, құбылыстар, институттар ретінде X-XII ғасырларда біржола қалыптасты [15: 15]. Араб тілі мемлекет тілі болғандықтан, араб тіліне Көне Греция және Шығыстың классикалық ғылыми және философиялық еңбектері аударылғандықтан, бұл тіл «Шығыстың ерекше латын тіліне» айналып, халифат құрамына кіретін арабтардың ғана емес, басқа халықтардың ғалымдары, жазушылары, ақындары арасында кеңінен қолданыс тапты. Басқа халықтардың өзіндік мәдени шығармашылығының өкілі болған бұл ғалымдар мен ақындардың шығармалары олардың ерекше ұлттық мәдениетінің одан әрі дамуының негізін салды. XII ғасырдағы араб ғылымының жарқын өкілдерінің бірі, ғылыми өнімдерінің көлемі арабтың көптеген даңқты ғалымдарынан асып түсетін эз-Замахшари болды. Оның ғылыми еңбегін академик И.Ю.Крачковский: «Ол мұ'тазилиттік сарындағы ірі экзегет (діни мәтіндерді түсіндіруші филолог) ретінде, грамматик, лексикограф және жоғары стильдегі көркем прозаның авторы ретінде жарқын із қалдырды» деп бағалады [16: 313]. Ташкент университетінде араб филологиясы кафедрасының негізін

салушы Б.З.Халидов (1905-1968) өз-Замахшаридың шығармашылығын зерттей келе, ғалымның мұсылман әлеміндегі беделінің биік те мызғымас болғандығы сонша, «оның талантын идеялық қарсыластары – ортодокстардың өзі мойындады, сондықтан оны арабтар мен араб еместердің ұстазы деп атауы бекерден-бекер емес» [21: 542]. Әбілкасым Махмұд ибн Омар өз-Замахшари, құрметті лақап аты Жаруллах, 467 жылы (1074-1075 жж.) Хорезмде Замахшар деген елді мекенде дүниеге келген, осы елді мекен оның ныспысы болған. Академик В.В.Бартольд өзінің «Туркстан в эпоху монгольского нашествия» атты іргелі монографиясында Х ғасырдың соңғы шірегіндегі араб географы және тарихшысы әл-Магдһниге (әл- Мугадасси) сілтеме жасай отырып, Замахшар «айнала ор қазылған, темір қақпалы, абактысы бар, көтермелі көпірі мен әдемі үлкен мешіті бар шағын бекіністі мекен болған» деп [29:204] суреттейді. Өз-Замахшари Орталық Азияның өте көне калаларының бірі Үргеніште оқыды және өзінің саналы ғұмырының көп бөлігін өткерді. Үргеніш, арабша айтқанда Джурджан, Х ғасырда солтүстік Хорезмнің астанасы және Әмударияның сол жағалауындағы ең үлкен қала болды. «Оның төрт қақпасы болды, су қақпаларға арықтармен келіп жатты... Ма'мунның (1009-1017) сарайының қақпасы әдемілігімен ерекшеленді, Хорасан аймағында оған жетер қақпа болған емес» [29:204]. Х ғасырдың аяғынан бастап Үргеніштің маңызы тез арта бастады. Ол Орталық Азияның ең мықты мәдениет орталығы болған біріккен Хорезмнің астанасы болды. Философиямен әуестенген және білімдарларды қадірлеген Хорезм шахы Ма'мун ибн Ма'мунның сарайына көптеген философтар мен ғалымдар жиналды, олар: Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан Бируни және т.б. Бұл деректерді Низами Арузи Самарқанди өзінің «Собрание редкостей или четьре беседы» атты еңбегінде баяндайды [30:112; 31:153-154]. XI ғасырдың ортасынан бастап Хорезм селжүктердің бағынышына көшіп, олар да ғалымдарға қамқор болуға ұмтылып, өз сарайларын атақты ғалымдармен, ақындармен әспеттегісі келді. Өз-Замахшаридың балалық және жасөспірім шағы Мәлік шах билеген (1072-1092) заманда, яғни Селжүк мемлекетінің ең жоғары саяси құдіретінің өркендеген кезінде өтті. Өз-Замахшаридың кейбір өмірбаяндық деректері ибн Халликан және Йакут әл-Хамави (Лондон, 1923) секілді араб авторларының еңбектерінде баяндалған. Ғалымның өмірі туралы басқа деректерді Ғылым академиясы Ленинград бөлімшесінің Шығыстану институтының қолжазбалар жинағынан және Б.З.Халидовтың «Письменные памятники Востока» жинағындағы жарияланымынан табуға болады. Онда Б.З.Халидов белгісіз болып келген қолжазбаның авторы, өз-Замахшаридың замандасы Абдуссалам б. Мұхаммед әл-Андарасбани [18:204-212] екенін анықтады. Аталмыш қолжазбадан өз-Замахшаридың бала кезінде шатырдан құлап, аяғын зақымдағаны, оны кестіріп тастауға тура келгендігі белгілі болды [18:166 204]. Бұл дерек осы уақытқа дейін көптеген зерттеушілер сүйеніп келген ибн Халликанның хабарына түзету енгізуге негіз болды. Мәселен, Джирджи Зейдан: «Ибн Халликан ол (Замахшари) өзінің көптеген саяхаттарының бірінде қатты суық тиіп, ол аяғына әсер етін, аяғын кесіп ағаш аяқ (протез) салған» деген дерекке [22:47] сілтеме жасайды. Өз-Замахшари бастауыш білімді өз аулында өз әкесінен алды, ол сонда имам болған, сауатын ашқан, оқуға, әсіресе құранды оқуға үйреткен. Баланың ерекше қабілеттілігі оның келешегінен үлкен үміт күттіргенімен, баласы мүгедек болып қалғандықтан, әкесі оған тігіншілікті үйретпекші болады [32:547]. Оған келіспеген ұлы әкесінен қалаға (Үргенішке) апарып, тағдыр талкегіне тастауын сұрайды [32:548]. Ол Үргеніште мешіт жаындағы медресеге орналастырылады, оның ерекше көркем жазуына мұғалімінің ағасы Әбілфатха б. Бай'ан көңіл аударып, оны қолжазбаларды көшіріп жазу жұмысына тартады, еңбегіне қолақы да алады. Ол осылайша оқи жүріп жастайынан табыс таба бастайды [32:548]. Б.З.Халидов ғалымның өмірінің келесі кезеңдерін баяндай келіп: «Осы кезеңде өз-Замахшаридың басына үлкен қайғы түскен болуы керек. Оның әкесі, саяси себептермен болса керек, Муаййид әл-Мүліктің қаһарына ілігіп, түрмеге отырғызылады. Бұл жайында өз-Замахшаридың көптеген өмірбаяндық қызықты деректерден хабар беретін «Диуан әл-әдәб» еңбегіндегі бір өлеңінің мазмұнынан білеміз. Бұл өлеңде ақын Муаййид әл-Мүліктен кісенмен бұғауланған әлі де жас әкесіне

аяушылықпен қарап, бостандық беруін жалынып сұрайды» [21:549]. Әз-Замахшари жас жігіт кезінде шамалы уақыт шейх және адиб Әбу Әли ад-Дарирден оқиды. Дегенмен де оның ғалым болып қалыптасуына, тіпті оның бұдан әрі қарайғы тағдырында Исфahanнан Үргенішке келіп, біраз жылдар осында тұрған хорезмдік грамматист, атақты араб ғалымы Әбу Мудар Махмұд әл-Дабби (1113 жылы қайтыс болған) ерекше рөл атқарды. Ол одан н'рабты (н'раб – грамматикалық талдау; есімдердің флексиалар бойынша өзгеруі, немесе етістіктердің жалғаулар бойынша өзгеруі; флексия) үйренді, «оның ынтасының зор болғандығы сонша, ол тіл білімінде н'рабты, логика мен поэзияда байанды (көркем сөйлеуді) игеруде жоғары деңгейге жетті. Кейін келе тағдыр оны Рукнаддин Махмұд әл-Усули, Әбу Мансур деген имамдармен кездестіріп, олар әз-Замахшаридан тәпсір үйренсе, әз-Замахшари олардан фикха, яғни мұсылман құқығы мен заңтануды оқып-үйренді. Білімнің қайнар бұлағынан сіміре сусындыған ол танымың барлық баспалдақын игерді» [32:204-205]. Әбу Мудар үлкен белел несі ретінде араб филологиясы мен медицинасының ірі білгірі болды. Ол сонымен қатар Хорезмде му'тализмнің белсенді насихатшысы болды [33:237]. Му'тализиттер деп мұсылмандықтың бір сектасын жақтаушыларды, яғни «әділеттілік пен бір құдайлылықтың иелерін» атады. Атақты арабист Е.А.Беляев оларға көне грек және эллиндік философия шығармаларының әсері ерекше болды деп атап көрсетті. Тәңір туралы ілікдерінде му'тализиттер тұрпайы антропоморфизмнің үзілді-кесілді қарсыласы болды, яғни тәңір несіне адамдық қасиеттерді дарытуға қарсы болды. Му'тализиттер исламда құранның пайда болуы туралы мәселеде ортодоксальды бағыт өкілдерімен бітіспес пікірталас құрды. Олар құран тәңірінің ұлы жасампаздығының бір өнімі деп есептеді, десек те ол дәуірде қасиетті кітаптың мәңгілік өмір сүргендігі жайлы түсінік бар болатын [34:41-42; 7:91-96]. Әз-Замахшаридың замандасы әл-Андарасбани өзінің жоғарыдағы қолжазбасында ғалым өзінің қырық бір жасында (1115 жылға сәйкес келеді) уәзірлер мен билеушілердің жанында надим (надим; нудеме – әңгімелесуші, табақтас; «надим» деп әдетте, Адам Мецтің айтуынша, мұсылман ренессансында халифке жақын, сарайда бәрінен көп жалақы төлететін категориядағы адамды, құрметті атақты атаған) болып, олардың мадақшысы ретінде дүниенің игілігімен ләззаттанды [32:205] дегенді баяндайды. Бұл баянға Б.З.Халидов: «Әз-Замахшаридың селжүктердің кейбір мемлекет қайраткерлеріне қарата жазылған өлеңдері, мүмкін кейбір өлеңдерінің тіпті Низам әл-Мүліктің өзіне арналып жазылғаны – олармен жақын қарым-қатынаста болғандығының дәлелі. Оның қаламымен билеушілерді мадақтаған шығармалар жазылып, ол, әрине, олардан тиесілі сый-сияпатын да алып отырды. Бұл жолда, біздің болжауымызша, оған өзінің дарынды шәкіртің қамтамасыз етуге және келешек мутазилиттің насихатшысы ретінде ерекше ықыласты болған Әбу Муардың көмегі де зор еді. Байқағанымыздай ғалым Низам әл-Мүлікпен де байланысты болды, біздің болжауымызша, онымен Исфahanда жүргенде кездескен болар» [21:551]. Бірақ әз-Замахшаридың биографы әл-Андарасбанидің әңгімелеуіне қарағанда, оның сарай маңындағы қым-қиғаш та қызықты өмірі ғалымның ондай өмірден бас кешіп, басқа бағытқа беттеуіне ой салды. Дәруіштік жолды тандап, Меккеге қажылыққа аттанды [21: 551]. Осындай сын сәтін ғалымның өзі «сақтанудың немесе салтанатты ант жылы» деп атаған. Ол өзіне «Маған Алла денсаулығымды қайтарса, енді сұлтанның табалдырығын тоздырмаспын, енді оған қызмет етпеспін; өз жаным мен тілімді оларды өз өлеңдерімде мадақтаудан сақтанып, олардың садақаларын қабылдауға сақ болып, өз атымды сұлтанның кеңсе кітабынан шығаруға талпынармын» деп сөз береді [21:552]. Әрине, оның сұлтан сарайынан кетуіне, кеткен ол ғана емес, сарайдың масаіраған өмірінен бас тартуына қоғамдық-саяси себептер болды. XI-XII ғасырлардағы селжүктердің орасан зор феодалдық державасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты толассыз оқиғалар сұлтан сарайындағы мазасыз, оқыс сәттерге толы өмір көптеген ақындар мен ғалымдарды одан бас тартып, дәруіштікке, суфизмге кетуге мәжбүрледі. Мәселен, атақты дінтанушы және философ әл-Газали (1059-1111) Бағдадтағы «Низамиййе» медресесінің құрметті дәрісшісі лауазымынан бас тартып, Меккеге кетіп, суфизмге бой ұрды. Суфизм –

УИІ ғасырда пайда болып, XI-XII ғасырларда қалыптасқан исламның діни-мистикалық ілімі. Оның қалыптасуына неоплатонизмнің, Үнді философиясының, христиан және иуданизм діндерінің үлкен әсері болды: Суфизмнің негізгі шарттарына ортодоксальды исламның күрделі ғұрыптарын жоққа шығару, дін басыларының жоқтығы, аскетизмді, елестік өзіндік тұнғықты насихаттау және белсенді қоғамдық өмірден бас тарту жатады. Өз-Замахшари Меккеде болған біраз жылдар мұғдарында Жаруллах, яғни «Аллаһның көршісі» деген құрметті титулға ие болды [23:47]. Өл-Андарасбанидың деректерінде ғалым оқшауланған кезеңде оған Хорезм шахы Атсыз ибн Мұхаммед жиі жолығып тұрған деген мәлімет бар. Ғалым Меккеден орапқан соң Атсыз әдетінше онымен кездесті, тіпті имам ретінде оның арғында тұрып кешкі намазға жығылған. Намазға қатысушылар ғалымның шашының ағарып кеткенін байқады, оған өз-Замахшари: «Менің шашымды ағартқан кітап оқу мен саяхат» деп жауап берген. Қолжазбаның жиегінде бұл жауапқа түсініктеме беріліп, онда өз-Замахшаридың стиліне тән сөз ойнату мен ұйқастыруды, яғни бірдей дыбысталаып, мағыналары әр түрлі болатын сөздерге назар аудартады. Мәселен, «Сифрун» – кітап сөзінің көпше түрі және «сафаруи» саяхат сөзінің көпше түрін қолданады, нәтижесінде екі көптік форма бірдей болып шығады. Өз-Замахшари 1144 жылы Хорезмнің Үргечін қаласында қайтыс болған. И.Ю.Крочковскийдің айтуынша, ол жердегі оның бейітін ибн Баттуте көреді [23:47]. Өз-Замахшари – білімнің көптеген саласындағы көптеген шығармашылық мұраның авторы. Оның шығармашылық қызметінің ең өнімді кезеңі Меккедегі және осыдан кейінгі өмір кезеңінде болды. Ол лингвистика және теология бойынша ең негізгі, маңызды еңбектерін жазды. Ғалымның «әл-Муфассал» трактатының жоғары бағаланғаны сонша, айбунттер әулетінің билеушісі Иса әл-Айуби оның қолжазбасы кімде сақталса, соған мол сый-сияпат пен өз нығызман шапанымды шешіп беремін деп ант берді. Ғалымның «әл-Кашшаф», «әл-Муфассал фи-на-нахв», «әл-Анмузадж», «Муфассал фи сына' атн-л- 'н раб», «Асасу-л-балаға», «Мугаддимату-л-'адаб», «'Атау-з-захаб», «әл-Мустасға фи-л-'амсал», «Навабигу-л-калам», «Рисала фи калимати-ш-шахада», «Китабу наса' ихн-с-сыкарт», «Китабу-л-джибал ва-л-'амкина ва-л-мийах» атты іргелі еңбектері оның даңқын асықартты.

Өз-Замахшари (1075-1144) араб лексикасы мен грамматикасының білгірі болған, сонымен қатар құранның ағакты комментаторы (тәпсіршісі). Бұхара, Мерв, Нишапур, Исфахан, Бағлад, Хиджаз, Мекке қалаларында болып оқыған. Ол 50-ден астам еңбек жазған. Әсіресе, оның араб тілінің фонетикасы мен морфологиясын баяндаған «әл-Муфассал», «Введение в этику», «Книга о горах, населенных пунктах и водных источниках» атты еңбектері ерекше бағалы. Мұсылман әлемінде оның құранның кейбір олеңдерін түсіндірген «әл-Кашшаф» атты еңбегі айрықша құнды. Египеттегі «әл-Азхар» университетінің студенттері құранды әлі де осы «әл-Кашшаф» бойынша оқиды.

### 2.1.3. Эфендиева Н.К. «Исследование некоторых трудов аз-Замахшари»

«Жаруллах» деген құрметті ағы бар Өз-Замахшари араб тілінің, грамматиканың, байанның, тәпсірдің және хадистердің ірі зерттеушілерінің бірі ретінде бай шығармашылық мұра қалдырды [35:215-227].

«'Илм әл-байан'» деген ұғымға ригорика, шешендік сөз және стилистика бойынша білімдердің кешені кіреді, ал «'ат-тафсир'» дегеннің негізгі мағынасы құранды түсіндіру және комментарий жасау, екінші мағынасы түрлі ғылыми терминдер мен еңбектерге түсіндірме беру. Мәселен, X ғасырдың ағакты араб тарихшысы ат-Табаридың «Құранға тәпсір» деген қырық томдық еңбегі бар. «'Әл-хадис'» деген термин Мұхамбет пайғамбардың іс-әрекеттері мен данышпандығы жайлы ерекше құрылымды әңгіме (аныз, әпсана), яғни пайғамбардың не айтқаны, не істегені туралы әпсаналар дегенді білдіреді.

Замахшари – елуден астам шығарма жазған автор. Хаджи Халифа (1608-1657 жж.) оның 29 еңбегін атаса, Ибн Халикан – 30, Якут – 50 еңбектің атын келтіреді. Б.З.Халидов Ленинград (Санкт-Петербург) университетінің Шығыстану факультетінің кітапханасы қорынан Замахшари еңбегінің бір қолжазбасын тапқандығын мәлімдейді. Брокельман

Якут келтірген тізімде кездеспейтін Замахшаридің 25 еңбегін атайды. Б.З. Халидов Замахшари еңбектерін былайша топтастырады: 1) араб тілінің грамматикасы бойынша – 10; 2) лексикография бойынша – 8; 3) поэзия саласында – 7; 4) көркем-дидактикалық туындылары – 8; 5) фольклорлық шығармалары (мақал-мәтелдер жинағы) – 2; 6) жағрафиядан – 1; 7) экзегетикадан – 1; 8) шариат заңына – 2; 9) ислам ағымдары туралы – 4; 10) әр түрлі тақырыпта – 12 жұмыс жазған. Сонда барлығы – 55 шығарма.

Өз-Замахшаридың шығармашылығының өнімді кезеңі Меккедегі және одан кейінгі жылдарға тиесілі, бұл кезеңде ол өзінің маңызды еңбектерін жазды. Оның негізгі еңбектері теология саласына және араб тіліне қатысты зерттеулер болып келеді. 526-529/1131- 1135 жылдары ол құранның көлемді комментарийі «әл-Кашшафты» жазып, ол еңбек осы күнге дейін өзінің канондық сипатын сақтап қалды [16:т.І, 383; 4:65; 18:47]. В.А.Звеганцев Өз-Замахшари шығармасында ерекше көңіл аударатын тұстары ескерте келіп, «еңбектің лексикологиялық бөлімінде әр қилы оқылып жүрген тұстарына түбегейлі тоқталады, оның дұрыс нұсқаларын көне поэзиядан мәліметтер келтіре отырып негіздейді. Түптің түбінде өз-Замахшари өз жұмысында мәтінге ғылыми сынның үлгісін көрсетті» дейді [4:65].

Замахшари еңбектерінің тақырыптық классификациясын Б.З.Халидов жасады. Өз-Замахшаридың елуден астам еңбек жазғанын Йакут, ибн-Халликан, қажы Халиф және т.б. ғалымдардың сипаттауы бойынша анықталды [18:554-556]. Замахшаридың еңбегін араб лингвисті ас-Самарра: «Ол «Кашшаф» пен «әл-Муфассалдан» басқа ештеңе жазбаса да басқа еңбектері оның даңқын шығаруға жетер еді» деп бағалайды [2].

Бағда немесе «аралас» («электикалық») немесе рационалды филология мектебінің өкілі Замахшаридың араб грамматикасы жөніндегі негізгі еңбегі – бір жыл төрт айда жазылған (513-515/1119-1121 жж.) «әл-Муфассал фи-н-нахв» [23:47]. «Әл-Муфассалдың» мазмұнының Сибавейхидің «әл-Китаб» еңбегіне жалпы ұқсас тұстары көп болғанмен, онда мәліметтер өте түсінікті түрде баяндалған [18:556]. Автор кейін келе бұл еңбегін қысқартып, «әл-Анмудаж» – «Үлгілер» деп атады. Бұл еңбекке араб грамматистері мен комментаторлар «әл-Кашшафқа» қалай көңіл аударса, сонша көңіл аударды. Бұл жайлы «Кашф аз-зунунның» «әл-Муфассал» тарауында еске алынады.

Кітап мәтіні Христанияда (қазіргі Осло) 1849 жылы басылған. Оған бірнеше комментарийлер жазылды, оның елеулісі Абулбакр б. Йаншаның комментарийі 1882 жылы Лейпцигте жарық көрді. «Әл-Муфассал» неміс тіліне аударылып, 1873 жылы баспа бетін көрді. Ал «әл-Музаджа» 1872 жылы Египетте, 1880 жылы Константинопольде басылды.

Замахшаридың тағы бір кең тараған араб тілінің екі томдық сөздігі – «Асасу-л-балага» өзінің құрылымы ерекше әдісімен өзгешеленеді. Сөздікте сөздің семантикалық сипаттамасын беріп қана қоймайды, оларды контексте қарастырады, яғни олардың мағыналары тұрақты ма, әлде ауыспалы ма екенін айқындайды. Бұл сөздік Египетте сақталған.

Замахшари араб тілі мен әдебиетінің лексикалық байлығын өз отандастарына таныстыру және білімді саналы менгеруге жеңіл жол ашу мақсатында «Мукаддиму-л-адаб» деген арабша-парсыша-түркіше сөздік құрастырады. Кейбір деректерге қарағанда, ол дәстүр бойынша өз еңбегін Хорезм шахының ұлы, ғылым мен поэзияның қамқоршысы Абулмузаффар Атсызға (1127-1156) арнаған дейді. Б.З.Халидов айтқандай, «ол – селжүктерге вассалдық бағыныштағы Хорезм тарихындағы Хорезмшахтардың тәуелсіз мемлекетін құру жолындағы күрестің ең бір әйгілі тұлғасы» [4:65; 23:48; 18:553]. Замахшаридың бұл еңбегіне В.В.Бартольд: «Замахшари сөздігінде келтірілген көптеген мәдени сөздер мен техникалық сөйлемше, сөйлемдер тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдениет тарихынан да мол хабар береді. Бұл мағынада алғанда, әсіресе мекендердің аттары туралы бөлімінің берері мол. Мекен атаулары туралы бөлімге қоршалған жерлер туралы бөлім тығыз байланысты. Сонымен қатар басқару, дін, жұмақ, кәпірлер, етікшілік, жыртқыш аңдар туралы бөлімдер бар» деген жоғары баға береді [23:445-468]. Бұл сөздіктің ескі

түркі глоссалары тізбеленген толық емес және мерзімі белгісіз, бірақ өте ескі қолжазбасын В.Вяткин 1897 жылы Орыс ғылым академиясына сыйға тартқан [23:465]. Көлемі 570 бет екі томдық «Мукаддимату-л-адаб» есімдер, егістіктер, шылаулар, жіктеулер және септеулер деген бес бөлімнен тұрады. Бұл шығарманың Каирде сақталған (арабша-түркіше бөлімдері ғана бар сияқты) қолжазба данасының жазба жолдарының ортасында парсыша аудармалары бар [23:48]. Кітапта көптеген бағалы, қызықты және пайдалы лингвистикалық материал бар, оны түсінуді 1843-1850 жылдары Лейпцигте көрсеткіштермен, комментарийлермен қамтамасыз етілген басылымы жеңілдете түседі [23:48].

Замахшаридың келесі бір шығармасы – мақам қағидасы бойынша құрастырылған даналық сөздер мен мақалдардың жинағы «Атваку-з-захаб» («Золотые ожерелья»), тұшымды прозаның үлгісі [16:387, т. УІ], ол сондықтан да Еуропаның тілдеріне бірнеше рет аударылып, бірнеше рет қайта басылды.

Замахшаридың «әл-Мустака фи-л-амсал» атты келесі еңбегі – араб мақалдарының әліппелік қағидамен құрастырылған сөздік, ол Шығыс пен Еуропа елдерінде кеңінен таралған [23:48].

Замахшаридың керік-дидактикалық шығармаларының ішінен «Навабиғу-л-калам» («Перлы изречений»), «Раби у-л-абрар ва нуусу-л-ахбар» («Весна благочестивых лиц и тексты преданий»), «Рисала фи калимати-ш-шахад» (трактат «О словах исповедения веры»), «Китаб насаихи-с-сыгар» («Книга наставлений малолетним»), «Нузахату-л-му» («Услада общения») [23:48-49; 18:553]. Ғалымның сонымен қатар әліппелік тәртіппен құрастырылған өлеңдер жинағы, мақамдары мен қасыдалары және т.б. еңбектері бар.

Замахшаридың грамматикалық және лексикографиялық еңбектері қысқа да нұсқа болса, көркем туындылары заманына сай қатар ұйқасқан фразаларды күрделенген стильде қолданып, араб поэзиясының тілдік және стилистикалық әдіс-тәсілдерін, араб тілінің синонимдік байлығы мен сирек қолданылатын сөздерін шебер пайдаланады.

Ерекше бір еңбегі «Китабу-л-джибал ва-л-мийах» («Книга о горах, местностях и водах») атты географиялық зерттеуі. Ол туралы И.Ю.Крачковский: «Бұл географиялық сөздік оның өзінен бұрын елу жыл ілгері қайтыс болған әл-Бакридің сөздігіне шамамен ұқсас. Замахшаридың бұл сөздікті білмегенмен, олардың дереккөзі бір болған, ол арабтың өлеңдері мен ертедегі прозаларындағы Аравияның географиялық объектілерінің тізбесін жинақтаған ІХ ғасыр филологтарының сөздіктері. Әл-Бакри мен әз-Замахшаридың басты айырмашылығына келсек, алғашқысы негізінен өзінің әдеби-филологиялық мүдделерін көздесе, екіншісі экзегетикалық мақсатта болып, Мұхамед пайғамбардың, құранның тарихымен және канондық дәстүрлермен байланысты географиялық атаулардың барлығын нақтылауға талпыныс жасады. Бұл мақсатты орындауда Замахшари үшін Аравияда болу пайдасын тигізді. Ол идея Мекке саяхаты кезінде туындап, оны сол кездегі кітапсүйер, қызықты жерлердің біразын көрген, Хиджаздың жақсы білгірі Мекке шерифі қолдады. [16:313-314, т.ІУ; 23:48 ]. Сондықтан да Замахшари Хиджаздың таулары, аңғарлары және таулы ресурстары туралы әлдеқайда нақты деректер келтіреді, олардың бәрі негізінен аталмыш әмірдің айтуына негізделген. Бұл жағдаят Замахшаридың баулық зерттеуіне өз ізін қалдырды. Мәселен, оларда Аравия түбегінің номенклатурасы түгел дерлік қамтылса, Палестина, Сирия, Месопотамия және Египетке қатысты атаулар сирек кездессе, солтүстік Африка, Персия және Орта Азияға тиесілі географиялық атаулар бар, ал Испания мен Үндістан ескерілмеген. Дереккөздердің көбі ғалым сүйенген филологтардың еңбектері. Замахшаридың еңбегінің маңызы бүгінгі күні осындай мәліметтерімен құнды. Бұл еңбектен Хорезмге жақын аймақтардың немесе Орталық Азияға қатысты жерлердің атауларын іздеудің еш мәні жоқ. Себебі автордың мақсаты басқа бағытта болды. Әл-Бакримен бірдей материалдардың баяндалуы онша талданбағанмен, кейбір атаулардың жақсы нұсқалары сирек кездеседі. Иәкут бұл кітаппен таныс болған, оны жақсы тұрғыда сипаттайды, бірақ оны Аравия түбегіне арналған еңбек деп бағалап, сирек қолданады. Бұл сөздікке қазіргі ғылыми әдебиетте де сілтеме сирек

жасалады. Дегенмен оның сапалы басылымын 1856 жылы Йенбол араб династиясы өкілінің шәкірті Сальверд де Граве басылымды мұқият дайындап шығарған болатын» [16:314, т. IV; 23:48]. Сальверд де Гравенің болжауынша, Замахшаридың жұмысы не аяқталмаған, не соңына дейін редакцияланбаған.

**2.1.4. Робакидзе Нуну Ивановна «Фонетическая концепция Аз-Замахшари» (XII в.).** Ғылым кандидаты дәрежесін қорғау үшін жазылған диссертацияның авторефераты, 1984. (Введение. Глава I. Образование звуков речи. 1.1. Согласные. 1.2. Гласные. Глава II. Изменение звуков речи. 2.1. Изменение гласных. 2.2. Изменение согласных. 2.3. Слог. Выводы. Словарь терминов. Перевод текста. Цитированная литература деген құрылымнан тұрады).

*Kipicne.* Көрнекті және жан-жақты ғалым Әз-Замахшари ғылыми қызметін бастаған кезде араб мәдениеті мен ғылымы дамудың жоғары деңгейіне жеткен болатын. Араб ғылымының дәстүрлі салаларының ішінде ерекше орын алған тіл білімінің теориясы мен зерттеу практикасы бұл кезеңде өз дамуының шарықтау шегіне жеткен еді. Десек те Әз-Замахшаридың араб ғылымының, оның ішінде тіл білімінің дамуына қосқан үлесі зор болды. Әз-Замахшари тіл білімі бойынша ол еңбек жазды. Әз-Замахшаридың ғылыми еңбегін қазіргі араб лингвисті ас-Самирай: «Егер Әз-Замахшари «әл-Кашшаф», «әл-Муфассал фи-н-нахв» деген еңбектерден басқа ештеңе жазбаса да оның даңқын шығаруға басқа еңбектері де жеткілікті болар еді» деп бағалады [1:3]. Әз-Замахшаридың грамматикалық еңбегінің жетістігін әл-Одифассал және өзі замандас ақындар: «Саған грамматика қажет болса, оны оқып-үйрену үшін ең жақсы кітап «әл-Муфассалды» ал» дейді [2:50]. Басқа бір ақын ол кітаптағы жарасыммен өрілген ойларды «ауһартастармен әдемі өрілген» деген теңеу жасайды [2:51]. Бұл мақтаулардың барлығы грамматика бойынша бірнеше көркем шығармалардың, ең алдымен Сибавайхидің «әл-Кітабы» - бұл кітаптың құны қазіргі кезеңге дейін түскен емес, бар кезде айтылып отыр. Әз-Замахшаридың Бағдал мектебінің өкілі болғаны белгілі, ал «Бағдал грамматиктерінің көбі педагогикалық қызметпен шұғылданған, сондықтан да олар арабтың классикалық тілінің грамматикалық ережелерін ойлантуға құрға көп күш жұмсады» [1:40].

Әз-Замахшаридың «әл-Муфассал» еңбегі өзінің мазмұндық жетістіктерімен, баяндалу қысқалығы және құрылымының ықшамдылығымен қатар араб тілінің тарихи тағдыры тұрғысынан да өте өзекті құбылыс болды. X ғасырда аяқталған халифаттың ыдырауының салдары мәдени бөлшектенуге әкеліп соққаны белгілі, сондықтан да халифаттың кейбір провинцияларында жергілікті мәдени дәстүрлердің маңызының артуына жол ашты. Осы кезеңде парсы тілі мен парсы-тәжік әдебиетінің жетістіктері ерекше көрініс берді. Бұл дәуірде Рудаки, Фирдоуси және Омар Хайям секілді ұлылар тарих сахнасына шықты. XII ғасырға парсы тілінде жазған ұлы әзірбайжан ақыны Низамидің шығармашылығы көрік берді. Бұл тенденциялардың бәрі араб әдеби тілінің қолданылу аясын тарылтып, оның мұсылман әлеміндегі жалғыз тіл болуына нұқсан келтіре бастады. Бірақ бұған қарамастан, араб емес ғалымдар мен теологтар араб тілін ғылым мен діннің (исламның) жалғыз тілі ретінде қолдануды жалғастыра берді. Сонымен қатар классикалық араб тілі көркем әдебиетте – поэзияда кеңінен пайдаланылуы жалғаса түсті. Сондықтан да араб әдеби тілінің грамматикасы бойынша жаңа іргелі шығарманың жазылуы оның одан әрі қызмет ете беруіне жол салды. Әз-Замахшари трактатының жетістікке не болғандығына араб тілі қолданылған түрлі кезеңдерде ол еңбек туралы жазылған көлемді-көлемді комментарийлердің болуы дәлел бола алады. Бұл комментарийлерде оның өзектілігін ерекшелеп атап отырады. Әз-Замахшаридың беделін барлығы мойындады. Оның дәлелі Әз-Замахшаридың бір лақап аты – «арабтар мен араб еместердің тәлімгері».

*Әз-Замахшаридың қысқаша өмірбаяны.* Ол 1075 жылы Хорезмде Замахшар деген елді мекенде дүниеге келді. Ол дәуірде Хорезм бай да дамыған ел болды. Оның аумағындағы Замахшар XI ғасырдан бастап қала ретінде еске алынады. Бастауыш білімді сауатты имам өз әкесінен алды. Оқуын Хорезмнің көне қалаларының бірі Үргеніште

жалғастырды. Аңыз бойынша, әз-Замахшари бұл қалада өмірінің көп жылдарын өткізіп, ғылыми білімді атақты шейхтардан оқып-үйренді. Оның ұстазтарының ішіндегі ең атақтысы, әз-Замахшаридың қалыптасуына ерекше рөл атқарған Әбу Мудар Махмұд ад-Дабби болды. Хорезм өлкесіне мутазиллизмнің таралуы ад-Даббидің есімімен тікелей байланысты. Әз-Замахшари да осы ұстазының араб филологиясы саласында ғана емес, идеология мәселесінде де адал ізбасары болып қалды. Ол өмірінің соңына дейін мутазилит болып өтті. Әл-Дяуванидің сөзімен айтсақ, «оның ірі арабист филолог болуының бір себебі оның мутазилиттігі десек, өсіріп айтқандық болмас, сірә, себебі бұл ағымды жақтаушылар өз қарсыластарымен пікірталасты ақылға, нәзік нәзімдерге негізделген ойларын толық та дәл жеткізу үшін араб тілін жетік білуге әрқашанда ізденісте болды» [3:550]. Осы тұста Замахшаридың дарынын, оның таңқаларлық қабілеттерін мутазилиттік ілімнің идеялық қарсыластарының өзі мойындағанын айту керек болады. Оның атақ-даңқы өсе берді. Ол селжұқ сұлтандарының сарайында жиі болып, патшалармен, уәзірлермен әңгіме дүкен құрды, оларды өз өлеңдерінде мадақтады. Ол көп ұзамай сарайды тастап, саяхаттауды бастайды. Меккеге қажылыққа аттанады. Меккеде ұзақ болған Замахшари «Алланың көршісі» деген құрметті лауазымға ие болады. Замахшари туралы ақсақ болған, ағаш аяқпен жүрген, себебі біреулер бала кезінде шатырдан құлаған десе, біреулер аттан құлаған дейді; келесі бір авторлар ақсақтығының себебі аяғын үсітіп алып, кестіріп тастаған дейді. «Ол өзінің ағаш аяғына қарамастан өте ширақ қимылдайтын адам болған» [4:313]. Меккеден басқа Мерв, Бұхара, Нишапур, Исфахан, Бағдад қалаларында болған. Әбілқасым өз Хорезмінде 1144 жылы қайтыс болған.

Замахшаридың ғылыми мұрасы мол байлыққа толы. Оның қаламынан слуден астам еңбек туған, оның оны араб тілінің грамматикасына арналған. Оның ең маңыздысы да бастысы – «әл-Муфассал», оны автор 1119- 1121 жылдары бір жыл төрт ай ішінде жазған. «Әл-Муфассал» қысқа да нұсқа, нақты жазылу ерекшелігімен Шығыста грамматика бойынша классикалық еңбек болып саналды. «Сибавайхидің грамматика бойынша ең маңызды еңбегі «әл-Кітапан» кейінгі еңбек авторы грамматистер арасында өзінің лайықты орнын алды». «Әл-Муфассал» Египет пен Сирияда айбодатер заманынан бері арабшаға оқытатын кітаптардың құндысы болды. Бұл кітапты білудің өзі маңызды іс саналып, тіпті патша кімде-кім бұл еңбекті жатқа білсе, мың динар және басқа да сый-сыйлап беруге уәде берді. Солан адамдар бұл трактатты жаттап, оған комментарийлер бере бастады. Оның атақты болғандығына оған арналып 29 комментарийдің жазылуы дәлел бола алады. «Әл-Муфассал» стилі, баяндалу құрылымы мен әдісі жағынан «әл-Кітапты» қайталамайды. Біріншіден, Замахшари еңбегін алғысөзден бастайды, өзіне дейінгі грамматистердің ешқайсысы бұлай еткен емес. Алғысөзінде бұл шығарманы жазуға әдістік құрылымға түрткі болған себептерді санамалайды. Автор: «Маған и'раб туралы жалпы және жүйелі кітап жазуды тапсырды. Араб тілін тануға мұсылмандардың мұршасы жетпей жүргендіктен, мен өз бауырларыма, әдебиет қызметшілеріне, жаным ашығандықтан, «И'раб өнерінің нұсқасы» деп аталатын кітап жазуға мәжбүр болдым» дейді. «И'раб» (флексия) термині араб грамматикасының негізгі ұғымы ретінде таңдалып алынған. Осыған байланысты Замахшари: «Алдымен и'рабты білу керек, себебі ол арқылы басқа да құбылыстардың мәнін баяндауға болады». Ол кезінде көптеген грамматикалық трактаттардың болғанына қарамастан, әлі де жетілдірілген, жүйеленген және түсінікті грамматикалық еңбектің қажеттілігі көрініп-ақ тұрды. Ол классикалық араб тілін үйренушілерге оқу құралы қызметін атқарған болар еді. Міне, дәл осы себептен де әдеби көпшілік араб болмаса да араб тілінің тамаша білгіріне, энциклопедиялық білімнің несі болып табылатын адам Замахшариға өтініш жасап, грамматиканы жаздырды. Жоғарыда атап өткеніміздей, Замахшаридың өзіне дейінгі грамматистерден бір ерекшелігі өз еңбегінің алғысөзінде ол трактаттың құрастырылу әдісін нақтылап көрсетті: «Бұл «И'раб өнерінің нұсқасы» деп аталатын кітапты төрт тарауға бөліп: 1) есім, 2) еріктік, 3) қосымшалар, 4) әл-муштарак (жалпы құбылыстар) құрастырдым» дейді. Ғалым Н.И.Робакидзенің зерттеу пәні Замахшаридың трактатының төртінші тарауы - «Әл-

муштарак (жалпы құбылыстар)» алынған. Онда фонетика мәселелері, дыбысты үйрену ережелері, дыбыстар мен фонетикалық құбылыстардың сипаттамалары беріліп, дыбыстардың алмасуының түрлі құбылыстары баяндалады. Бұл сауалдарды зерделеу мен талдау XII ғасыр ойшылының фонетикалық концепциясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бәрінен бұрын Замахшаридың жетістігі ретінде оның алғаш болып тілде барлық төрт сөз табында бірдей болатын белгілі бір құбылыстардың болатынын, оларды ерекше зерделеу қажеттілігіне назар аудартты. Бұл мәселеде Замахшари жаңашыл ғалымдығын көрсетті. Неміс ғалымы Вайль «әл-Мұфассалды» бұл тарауының маңыздылығы сонша, оны «сандік бұйымдардың бағалы (құнды) сандықшасына» тенейді. Н.И.Робакидзе зерттеуінде Замахшаридың еңбегі Каир басылымы бойынша талдағанын, бұл басылым 10 тараудан тұратынын ескертеді. Олар: 1) имала, 2) пауза, 3) ант, 4) хамзаның жеңілдеуі (облегчение хамзы), 5) екі дауыссыздың бірігуі, 6) сөз басының ережесі, 7) қосалқы дауыссыздар, 8) дауыссыздардың ауысуы, 9) әлсіз дауыссыздардың өзгеруі, 10) дауыссыздардың бірігуі.

Замахшаридың фонетикалық концепциясы толық түрде арнайы зерттеудің пәні болған емес. Десек те А.Флеш [5], Ж.Кантино [6], М.Бравманн [7], К.Брокельманн [8] Н.И.Робакидзе секілді атақты Еуропа арабистерінің барлығы өздерінің араб фонетикасы жөніндегі іргелі еңбектерінде Замахшаридың биік беделін оның атақты кітабынан көптеген мысалдар келтіре отырып мойындап, Спавайхихмен қатар атайды. Х.Биркеланд [9], М.Грюнерт [10], Г.Ванль секілді ғалымдар араб фонетикасының құбылыстарын Замахшаримен байланыстыра қарастырады. Мұның бәрі орта ғасырлық араб ғалымының еңбегіне деген қызығушылықтың, оның лингвистикалық идеяларының, оның ішінде фонетикалық концепциясының қазіргі күнде де өзектілігінің жоғалмағандығын дәлелдейді.

1. Габучан Г.М. К вопросу об арабских грамматических учениях. Семитские языки, сборник статей, Москва, 1963. б. Гиргас В.Ф. Очерк грамматической системы арабов, СПб., 1873.

2. Brockelmann C., Grundriß der vergleichenden Grammatik der semitischen Sprachen, II, Berlin, 1913.

3. Barth J., Fischer A., "ursemitische e", ZDMG XIX.

4. Аъй-Т-Таййиб 'Abdu-l-Wahid, Kit abu-l-»ibdal, Dimasq, 1960.

5. Pretzl O., Die Y'issenschaft der Koranlesung, Islamica, VI, 1933-1934).

6. Jakobson R., "Mufaxxaraa. The "Emphatic" Phonemes in Arabic", in Studies Presented to Joshua Y'hatmough on his Sixtieth Birthday, The Hague, 1957.

7. Gairdner W., The Phonetics of Arabic, Oxford, 1925. 31. Grunert M., "Die Imala, der Umlaut im Arabischen", SBY/A, Phil. hist. Klasse, IXXXI, V.

8. Ibn GinhT, Sirr as-sina'a al-'irab, Qahira, 1954. 33. Ibn Ja'Is, Commentar zu Zamachsari's Mufassal, hrsg. von Dr. G. Jahn, 2. Bd., Leipzig, 1886.

9. Fleisch H., Traite de philologie Arabe, I, Beyrouth, 1961.

10. Vollers K., Volkssprache und Schriftsprache in altem Arabien, Straßburg, 1906.

**2.1.5. Крачковский Н.Ю. Арабская географическая литература. – Москва: Восточная литература РАН, 2004. – 919 с.**

Дақты ғалым және жазушы Әбілқасым Махмұд ибн-Омар әз-Замахшари (1075-1144) географиялық сөздік қана емес, мустазилиттік ағымдағы көрнекті эзгеет, грамматик, лексикограф және жоғары стильдегі көркем прозалық шығармалардың авторы ретінде сара жол қалдырды. Ол Хорезмде туып, Хорезмде қайтыс болған. Өзінің ағаш аяғына қарамастан қимыл ширақтығымен ерекшеленген. Бірнеше жылын Меккеде өткізіп, джар Аллах («Алланың көршісі») деген құрметті титулға ие болған. Оның Джурджаниядағы бейітін ибн-Баттута көрген. Ол – өзінің көзқарасы бойынша араб

еместерден шықса да араб мәдениетіне әулие тұта қызыққан қайраткер. Өз еңбектерінде араб тілін жоғары бағалай отырып, осы мәдениеттің құралы деп санайды. Оның географиялық шығармасы саяхатшылықтың ғана емес, кітапқұмарлықтың да нәтижесі. Ол «Китаб ал-джибал ва-л-амкина ва-л-мийах» («Книга о горах, местностях и водах») деп аталады. Бұл географиялық сөздік оның өзінен бұрын елу жыл ілгері қайтыс болған әл-Бакридің сөздігіне шамамен ұқсас. Замахшаридың бұл сөздікті білмегенмен, олардың дереккөзі бір болған, ол арабтың өлендері мен ертедегі прозаларындағы Аравияның географиялық нысаналарының тізбесін жинақтаған. IX ғасыр филологтарының сөздіктері. Әл-Бакри мен әз-Замахшаридың басты айырмашылығына келсек, алғашқысы негізінен өзінің әдеби-филологиялық мүдделерін көздесе, екіншісі экзегетикалық мақсатта болып, Мұхамед пайғамбардың, құранның тарихымен және канондық дәстүрлермен байланысты географиялық атаулардың барлығын нақтылауға тапшыныс жасады. Бұл мақсатты орындауда Замахшари үшін Аравияда болу пайдасын тигізді. Ол идея Мекке саяхаты кезінде туындап, оны сол кездегі кітапсүйер, қызықты жерлердің біразын көрген, Хиджаздың жақсы білгірі Мекке шерифі қолдады. [7, 313-314, т. IY; 9, 48]. Сондықтан да Замахшари Хиджаздың таулары, аңғарлары және таулы ресурстары туралы әлдеқайда нақты деректер келтіреді, олардың бәрі негізінен аталмыш әмірдің айтуына негізделген. Бұл жағдаят Замахшаридың барлық зерттеуіне өз ізін қалдырды. Мәселен, оларда Аравия түбегінің номенклатурасы түгел дерлік қамтылса, Палестина, Сирия, Месопотамия және Египетке қатысты атаулар сирек кездесе, солтүстік Африка, Персия және Орталық Азияға тиесілі географиялық атаулар бар, ал Испания мен Үндістан ескерілмеген. Дереккөздердің көбі ғалым сүйенген филологтардың еңбектері. Замахшаридың еңбегінің маңызы бүгінгі күні осындай мәліметтерімен құнды. Бұл еңбектен Хорезмге жақын аймақтардың немесе Орталық Азияға қатысты жерлердің атауларын іздеудің еш мәні жоқ. Себебі автордың мақсаты басқа бағытта болды. Әл-Бакримен бірдей материалдардың баяндалуы онша талданбағанмен, кейбір атаулардың жақсы нұсқалары сирек кездеседі. Йакут бұл кітаппен таныс болған, оны жақсы тұрғыда сипаттайды, бірақ оны Аравия түбегіне арналған еңбек деп бағалап, сирек қолданады. Бұл сөздікке қазіргі ғылыми әдебиетте де сілтеме сирек жасалады. Дегенмен оның сапалы басылымын 1856 жылы Йенбол араб династиясы өкілінің шәкірті Сальверд де Граве басылымды мұқият дайындап шығарған болатын [7, 314, т. IY; 9, 48].

### **2.1.6. Салахов А.М. Трактаты по грамматике арабского языка средневековых восточных авторов, использовавшиеся в татарских медресе в XIX – начале XX в.**

Татарлар араб тілінің оқу құралы ретінде көптеген уақыт бойы әз-Замахшаридың «әл-Анмузадж» («Образец»), ибн-Хаджиттің «әл-Кафийа» («Достаточное»), әл-Джурджанидің «Авамил» («Грамматические факторы») және т.б. бүкіл мұсылман әлеміне кең тараған грамматикалық трактаттарды қолданған.

Әз-Замахшаридың елуге жуық еңбегі болған, ал оның данқын шығарған 1134 жылы аяқтаған еңбегі «әл-Кашшаф» («Раскрывающий») – қасиетті құранның біздің заманымызға дейін жеткен жалғыз мутазилиттік толық комментарийі.

«Әл-Анмузадж» Еділ-Жайық өңіріндегі татарларда ғана емес, жалпы түркі әлеміне ең танымал оқулық болды. Бұл трактат әз-Замахшаридың араб грамматикасы бойынша іргелі еңбегі «әл-Муфассалдың» түйінді тұжырымдары секілді. Автор оны араб грамматикасын енді бастап үйренушілерге арнап, мәліметтерді жүйелі де анық баяндауымен ерекшеленген [2, 139]. Оқу құралының грамматикалық материалы дәстүр бойынша сөз таптарына жіктеуден (есім, естік, шылаулар) басталып, әрқайсысы жеке-жеке бөлімдерде қарастырылады. Есімдер теориясын баяндауда оны грамматикалық категорияларға (число, род, определенность/неопределенность) және семантикалық жіктерге (сан есім, кимыл есім – имя действия, кимыл жасаушы – имя деятеля, кимыл жасалушы – имя подлежащее, имя превосходства) талдап қарастырады. Есімдердің септік формалары мен олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметтері келтіріледі.

Етістіктердің де грамматикалық категорияларын (шак, жіктеу, рай, ауыспалылық/тұрақтылық және)) және синтаксистік ерекшеліктерін сипаттайды. Ал шылаулар туралы бөлім негізінен олардың лексикалық мағыналарына арналған [3, 2 - 172].

### 2.1.7. Наджиб Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан, 2004. – 291 с. – С. 7.

Э.Н.Наджиб XII ғасырдағы түркі тілдерінің лексикасы мен грамматикасының көрнекті зерттеушісі, филолог Әбілқасым Махмұд ибн Омар әз-Замахшари араб-парсы сөздігінің авторы екенін айта келіп, әз-Замахшари өз сөздігін Хорезм шахы Атсыздың өтінішімен араб-парсы-түркі сөздігі етіп жасаған. Монғолдар келген соң белгісіз автор бұл сөздікке монғол сөздерін қосып, араб-парсы-түркі-монғол сөздігіне айналады. «Сөздіктің түркі лексикасы бөлімі XII ғасырдағы Орта Азия түркі халықтары тілінің хал-күйін сипаттайды» деген баға береді.

### 2.1.8. Наджиб Э.Н. Историко-культурная обстановка в Средней Азии в XIV веке // Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – С. 106-117. – 268 с.

Өз кезеңінің лексикасы мен грамматикасын зерттеген көрнекті араб филологы әз-Замахшари – араб-парсы сөздігінің авторы. Замахшари 1084 жылы туып, 1142 жылы қайтыс болған. Ол осы «Мукаддимат-л адаб» деп аталатын сөздігін кейіннен Хорезм шахы Атсыздың өтінішімен арабша-парсыша-түркіше сөздікке айналдырды. Монғолдар келген соң сөздікті белгісіз автор бұрынғыдан да кеңейтіп, арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздік болды. Бұл сөздік XII ғасырдағы Орталық Азияның түркі халықтарының тілінің сипатын береді, оның бізге бірнеше данасы жеткен.

Бұхара қаласындағы Әбу Әли ибн-Сина кітапханасында бұл тамаша еңбектің екі нұсқасы сақталған. Бірінші нұсқасын 1305 жылы Хамид Хафиз көшіріп жазған, онда еңбектің барлық бес бөлімі, яғни есімдер, етістіктер, шылаулар, жіктеу және септеу бөлімдері қамтылған. Бірақ бұл нұсқада түркі және монғол тілдік материалдары жоқ. Екінші нұсқасын 1492 жылы Дөрвинш Мұхаммед көшіріп, оған Замахшари еңбегінің алғашқы екі бөлімін ғана кіргізген. Мұнда түркі және монғол тілдерінің сөздері бар. Сөздіктің түркі және монғол сөздері бөлімін өңдеп, талдап 1938 жылы Н.Н.Поппе үш тарауға бөліп, КСРО ҒА Шығыстану институтында басып шығарды. Поппе түркі тілдерін нашар білгендіктен, түркі сөздеріне қатысты бөлімде көптеген қателер жіберді [28:111-112].

### 2.1.9. Наджиб Э.Н. «Мукаддимат аль-адаб» аз-Замахшари. Лексико-грамматическое замечки // Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – С. 125-127. – 268 с.

Бұл тамаша төрт тілді арабша-парсыша-түркіше-монғолша сөздіктен бізде Н.Н.Поппе 1938 жылы жариялаған кемшіліктің нұсқа, яғни монғол-түркі бөлімі ғана бар. Бастырушы түркітанушы емес, сондықтан да көшіріп жазушы жіберген қателер мен түсініксіз тұстар басылымда түзетілмей қалған, оған қоса дұрыс оқымаудан жаңа қателер қосылған.

Сөздіктің түркі бөлімі – арабша-парсыша бөлімінің аудармасы. Сөзбе-сөз аударылған. Сондықтан түркі бөліміндегі материал түркі тілінің сол кезеңдегі синтаксисінің негізі бола алмайды. Ал фонетикалық және лексикалық-морфологиялық бөлімі сол кезеңдегі Хорезм аймағының түркі сөйлеу тілінің қалпын бере алады. Сөздік тілі «Құдатғу білік», «Атебат әл-Хақайик» секілді еңбектерден гөрі арханкалық элементтерден тазартылған. Араб және парсы сөздері қазіргі өзбек тілінен гөрі аз. Бұл нұсқа материалындағы фонетикалық-морфологиялық және лексикалық деректердің қазіргі өзбек тілінен айырмашылығы шамалы ғана [27:125-126].

## 2.1.10. Өзтүрүк Мустафа, Мертоғлу Суат, Замахшерн, Ислам Энциклопедиясы, Түркия Динтану қоры, 2019, 235-238 бб.

467 жылы 27 ражаб айында (1075 жылы 18 наурызда) Түрікменстанның Хорезм өлкесіндегі Тасавуз (Дашогуз, Тасауз) уэлятының Короғлу ауданындағы Замахшер деген жерде дүниеге келген (Илмамедов, XX/2 [2011], 192 б.). Ол Меккедегі Қағбаға іргелес болғандықтан, «Карулла» және өзі туылған аймақтың мақтаншы саналатындықтан «Фахр-и Харизм» деген лақап аттармен танымал. Замахшариді парсы текті жалпы қабылдайтындармен қатар, ол өмір сүрген кезде Хорезмде түркілер халықтың басым бөлігін құрағандықтан, оны түркі текті деп есептейтіндер де бар.

Сонымен қатар Замахшарни еңбектерінің барлығын дерлік араб тілінде жазған, тіпті өз шығармаларымен осы тілге қызмет етуді абырой санаған (эл-Муфассал, I, 17-19).

Өлеңдеріндегі кейбір өрнектерден оның діндар отбасынан шыққаны аңғарылады. Саяси себептермен болса керек, селжүк уәзірі Мүеййидүлмүлк тарапынан түрмеге қамалған әкесі ғұлама және тақуа бір ауыл имамы болған және түрмеде қайтыс болған; Оның ағасы да діндар адам болған (Замахшерн, Диван, 270-275 б.).

Дереккөздерде Замахшаридің бір аяғы жасанды болғандықтан, әрдайым ұзын көйлек кигені айтылады. Оның ақсақ болу себебіне келер болсақ, сапар шегіп келе жатқанда қатты суықтан аяғының үсіп қалуы десе, енді бір деректерде биік жерден немесе мінген жануарының үстінен құлаған немесе бала кезінде бір құстың аяғын кесіп тастаған үшін анасының қарғысын алған деген сияқты оқиғалар айтылады.

Ибн Халликан жеткізген риуаятқа сәйкес, Замахшаридің кесілген аяғына байланысты адамдар қате пікірде болуы мүмкін деп қауіптеніп, оның аяғының аязға үсіп қалғанын және сол үшін кесілгені туралы көптеген адамдардың куәлік берген құжат дайындаған (Вефяат, В, 169).

Көзі тірісінде Хорезм нағыз ғылым мен мәдениеттің орталығы болды. Осыған қарамастан, Замахшариге мүгедектігі мен отбасының қаржылық қиындықтарына байланысты әкесі тігіншілік жұмысын берген. Дегенмен оның білімге деген ынтасы медреседе білім алуға жол ашты. Өлерінен бірнеше жыл бұрын ғылым үйренуге, ижаза алуға күш салған. Ол жас кезінен Харизм, Бұхара, Бағдад сияқты ғылым орталықтарында көптеген ғалымдардың дәрістеріне қатысқан.

Оның есеп, лексикология, араб тілінің грамматикасы, медицина саласында ғылыми тұлғасының қалыптасуына ең үлкен үлес қосқан мұғтазила ғалымы Әбу Мудар Ахмұд Серир ад-Дабби әл-Исфахани болды. Хорезмде Мұғтазила ағымының қозғалыстарын таратушы Дабби Замахшариді тәрбиелеумен қатар өзіне әр түрлі материалдық және моральдық көмек көрсетіп, кейбір мемлекет қайраткерлерімен танысуына көмектесті.

Замахшаридің Мұғтазиламен байланысын нығайтқан тағы екі ұстазы бары айтылады. Бұлар Зәйди-Мұғтазила тәспіршісі, фикһ және теология ғалымы Хаким әл-Кушми (Ибрахим б. Қасым, II, 892) мен оның теология (усул) ұстазы және тафсирде өзін шәкірт ретінде оқытқан соңғы кезеңдегі ең маңызды мұғтазила теологы саналған Рүкнеддин Ибни'л-Малахими еді (Абдусселәм б. Мұхаммед әл-Әндересбани, 368-бет; Ташкөпризада, II, 100; сонымен қатар Колоғлу, 49-бетті қараңыз).

Замахшерн, Әбул-Хасан Али б. Музаффер ән-Нисабурн мен Әбу Наср әл-Исфаханиден әдеби, Әбул-Хаттаб Наср б. Ахмед Ибнүл-Батыр, Әбу Саад әл-Шеккани және Әбу Мансур Наср әл-Харисиден хадис, Әбу Абдулла әл-Дамеганиден хадис және фикһ сабақтарын алған. Меккеде Әбу Бәкір Абдулла б. Талха әл-Йа'буриден ол Сибвейхидің «әл-Кітабын» оқыды; Ол Әбус-Саадат Ибни'ш-Шежериден грамматика мен әдебиетті үйренді.

Шәкірт таңдауда және ижаза беруде өте мұқият болған Замахшарни Харизм Бағдат, Мекке сияқты қалаларда көптеген шәкірттер дайындады. Оның шәкірттерінің арасынан Баққали, Әли б. Мұхаммед әл-Имрани әл-Харизми, Әмір б. Хасан әс-Симсар, Әбул-

Мехасин Исмаил б. Абдулла әт-Таули, Әбу Саад Ахмед б. Махмуд аш-Шаши және Муваффақ б. Ахмед әл-Меккиді атауға болады.

Әбул-Хасан Әли (Улей) б. Иса б. Веххас да Замахшеринге әрі ұстаз, әрі шәкірт болды (Ибнүл-Кыфти, III, 268; Лайн, 251-бет). Замахшері сонымен қатар Әбу Тахир әс-Силефи, Решидуддин әл-Ватват, Әбу Тахир әл-Хусун және Зейнеб бинт Шира сияқты ғалымдарға ижаза берді. Хадисті риуаят еткені белгілі Замахшари туралы Ибн Шахрашуб сияқты кейбір шинг ғалымдары да аңыз айтады.

Оның замандасы Әбдісәләм б. Мұхаммед әл-Әндересбани Хорезмде хадис ғылымын қайта жаңғыртқан алғашқы адам Замахшари екенін, Ирактан хадис кітаптарын әкеліп, адамдарды оқуға шақырғанын, осылайша хадис ғылымы аймақта кең тарағанын айтады (Фи Сиретиз- Замахшерн, 379-бет).

күнделікті өмірінде жиі қолданылатын сөздер. Ал пассив лексика деп қоғамдық өмірде сирек қолданылатын сөздерді айтамыз. Лексиканың активтік, пассивтік қасиеттері тілдің стильдік тармақтары арқылы айқындалады. Мәселен, ауызекі сөйлеу тілі стилі, публицистикалық стиль және ресми іс қағаздары стилі ғылыми-педагогикалық, көркем әдебиет стилдерінен гөрі күнделікті және қоғамдық өмірде жиі кездеседі, яғни сөздер алғашқы 3 стильде көбірек қолданылса, актив лексика болады да, сирек қолданылса, пассив лексика болады. Актив, пассив сөздерді бір-бірінен айырудың екінші бір белгісі – кәсіби сөздер, жаргондар, терминдер секілді лексикалық қабаттардың сөйлеу, жазу тілінде үнемі қолданыла бермейтіндігі.

7-денгей. Сөздер мағынаны, ұғымды білдіруіне және қызметіне қарай 2-ге: а) негізгі сөздер, ә) көмекші сөздер болып бөлінеді. Негізгі сөздер дегеніміз – белгілі бір лексикалық мағынасы бар, белгілі бір сұраққа жауап беріп, грамматикалық қызмет атқаратын сөздер. Негізгі сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сөз таптары жатады. Көмекші сөздер дегеніміз – грамматикалық қызмет атқарғанмен, лексикалық мағынасы жоқ, сондықтан да сұраққа жауап бере алмайтын сөздер. Көмекші сөздерге одағай, шылау, еліктеуші және модаль (бейтарап) сөздер жатады.

8-денгей. Сөздер атайтын объектілерінің табиғи қызметіне қарай 2-ге: а) адамзаттық, ә) ғаламзаттық сөздер болып бөлінеді. Адамзаттық сөздер дегеніміз – сөздердің адамға ғана қатысты болып, кім? деген сұраққа жауап беретін сөздер. Ғаламзаттық сөздер деп адамға қатысты жоқ, басқа жанды-жансыз заттарға қатысты сөздерді айтамыз. Олар – не? деген сұраққа жауап беретін сөздер.

9-денгей. Сөздер мәндік ренктерінің сипатына қарай: 1) бейтарап лексика, 2) экспрессивті-эмоционалды лексика болып тарамдалады [40:5-8].

Қазіргі қазақ тілі мен Замахшаридың сөздігіне ортақ сөздердің сөздік қоры мен сөздік құрамын жоғарыдағы лексикологиялық деңгейлерде талдау арқылы ғана ол лексемаларды толық талдай, жүйелей аламыз.

Ортақ лексемалар шығу төркініне қарай: а) төл, тума сөздер, ә) бөгде, кірме сөздер, варваризмдер деген 2 қабаттан тұрады. Кірме сөздердің сөз табына қатысты жағынан қарасақ, олар негізінен зат есімдер болып келеді. Оның басты себебі тілдер бір-бірімен араласу үдерісінде заттар мен ұғымдардың атаулары ауысады. Оған дәлел сөздіктегі араб және парсы тілдерінен енген сөздер: ант, гүл, ілтипат, нарық, рас, сыр (құпия), тәж, там (үй), пікір, халық, қажы, әдеп, азап, азағ, шарт, мейрам. Белгілі бір тілде варваризмнің пайда болуының себебі экстралнгвистикалық фактор, яғни әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени, әскери және көші-қон екендігі белгілі. Ал сөздіктің бастапқыда араб-парсы сөздігі ретінде, кейіннен 4 тілді сөздік болып құрастырылуының өзі сыртқы әсердің нәтижесі екені тарихтан мәлім.

Сөз қолданылу дәуіріне қарай: а) көнерген сөздер – архаизмдер, ә) тарихи сөздер – историзмдер, б) жаңа сөздер – неологизмдер деген 3 қабаттан тұрады. Біз ортақ лексиканы архаизм және историзм қабаттарына қарай ғана талдай аламыз. Себебі біздің ізденіс материалымыз – тарихи лексика. Сондықтан тарихи лексиканы «архаизмдер – тілде сол мағынадағы басқа сөздің пайда болуына, басқа сөзбен ауыстырылуына байланысты белгілі бір сөздердің қолданудан шығып қалуы, историзмдер – тілде ол атаған зат-құбылыстың да, ол білдіретін ұғым-түсініктің де қолданудан шығып қалуы» [40:6], деген анықтамалар тұрғысында ғана талдауға болады. Сөздіктегі кейбір сөздерді қазіргі қазақ тіліне қатысты алғанда *ашқыш, иешек, шайыр (смола), қунақ, тануқ, қошқ, мамық* деген түркілік немесе көне қазақ сөздерін парсының *кілт, гүл, чілм, тары, қуғ, мұғара, мақта* сөздері ығыстырғаны белгілі. Демек тілімізден ығыстырылған төл сөздеріміз көнерген сөздерге айнылып кетті де араб-парсы сөздер қазіргі тілімізде актив лексика. Сөздікте парсы және араб сөздерінің көптеп кездесуі – VIII ғасырға дейін парсы, осы ғасырдан бастап араб өркениетінің құрамында болғандығының көрінісі.

Ортақ лексиканы таралу аумағына қарай әдеби тіл сөздері, диалект сөздер, қолданылу аясына қарай кәсіби сөздер – профессионализмдер, пән атаулары – терминдер, атауыштық

құндылығына қарай жалпы есім, жалқы есім, жазу және сөйлеу тілінде жиі-сирек қолданылуына байланысты актив лексика, пассив лексика, мәндік реңктерінің сипатына қарай бейтарап және экспрессивті-эмоционалды лексика болып деп талдай алмаймыз, себебі сөздіктегі лексика тек диахрониялық аспектіде қарастырылуы мүмкін. Ал оның себебі сөздік мәліметтері жеке тілдің статикалық қалпы емес.

Сөздер мағынаны, ұғымды білдіруіне және қызметіне қарай негізгі сөздер, көмекші сөздер болып бөлінеді. Негізгі сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеулер, көмекші сөздерге шылау, одағай, еліктеуіш, модаль сөздер жатады. Сөздіктен қазақ тілінде сақталған екі мыңдай сөздің мыңы зат есім, сын есім – 193, сан есім – 17, есімдік – 26, етістік – 376, үстеу – 43, шылау – 12, еліктеуіш сөздер – 2, одағай – 2 сөз.

Сөздер атайтын объектілерінің табиғи қызметіне қарай 2-ге: а) адамзаттық, ә) ғаламзаттық сөздер болып бөлінеді. Сөздіктің қазақ тілінде сақталған сөздерінің үштен екісінің, яғни мыңнан астамының зат есім болуы сөздің тілдерді үйрену мақсатында құрастырылуымен тікелей байланысты. Басқа тілді үйренуде ең алдымен зат есімдер мен етістіктердің үйретілетіні түсінікті жайт.

### 3.2.2. *Ортақ сөздердің семантикалық сипаты*

Семантикалық материалды талдау барысында сөз мағынасын компоненттік талдау, сөз мағынасын комплекстік талдау, лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарға талдау тәсілдері, этнолингвистикалық, этимологиялық талдау әдістері пайдаланылады. Салыстырылып отырған тілдерде сөз мағынасын компоненттік талдау белгілі бір лексеманың басқа туыс тілдердегі семалары, сөз мағынасын комплекстік талдау туыс тілдерге ортақ лексеманың көп мағыналылығын, қай сема қай тілде қолданылатынын анықтауға септігі тиеді.

Лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарға талдау тәсілдері ортақ сөздердің тура, ауыспалы, туынды, сараланған мағыналарда, атайтын объектісінің өзгешелігін, қандай сөз таптарына жататындығын айқындауға жол ашады. Этнолингвистикалық талдау әдістері ортақ сөздердің атауы мен мағынасының ұлттық айырмашылықтарын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінің негізінде дәлелдеуге, этимологиялық талдау жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің төркіні мен тарихын ашуда көмегі зор.

Лексикалық-семантикалық талдау сонымен бірге салыстырудың нәтижесі белгілі бір тілдің, мәселен, қазақ тілі *сөздерінің төркінін, тарихын, мән-мағынасын анықтауға* мүмкіндік береді. Оған сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың семантикасын салыстыру арқылы көз жеткізейік.

Ортақ лексиканың лексикалық-семантикалық сипатын сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі, мағыналарының өзгеруі, көмескіленуі, жойылуы, сақталуы тұрғыларында, қос сөздерде, тұрақты тіркестерде, жергілікті тіл ерекшеліктерінде, кәсіби лексикада, біріккен сөздерде, плеоназм құрамында, түбірлердің төркінін анықтауда, кірме сөздерді анықтау мен аудармада қажеттілігіне қарай талдаймыз.

Сөздердің тарихи түбірінде болған *дыбыстық құрамының өзгеруінде* бірнеше құбылыс бар. Оған, *біріншіден*, дыбыстық құрамында г, ғ, в, н, к дыбыстары түсіп қалуы не қосылуы, олардың й, у дыбыстарына ауысқан сөздер: ағыз – ауыз, ағрық – ауру, айық – аю, бағыр – бауыр, бұғдай – бндай, боғаз – буаз, қонлек – қойлек, қабук – қуык, қабун – қауын, қарағұл – қарауыл, енек – нек, леглек – ләйлек, сағар – сауын, сағлық – денсаулық, сағры – сауыр (былғарының бір түрі), сақмак – сауым (бие сауым), төгүн – түйін, егді – нді, өгре – үйрен, сағыл – сауык, сағыг – сауыг, суғал – суалу, су біту, тавук – тауык, тоға – туа, чігде – шне, көсегү – көсеу, сағызған – сауысқан, йағыр – жауыр, мүңүз – мүйіз, ігне – шне, йабаш – жуас, йігре – жпіркен, тавуғ – тәуіп, тенгіз – теңіз, тенгри – төңірі, үцүр – үңгір, қумкан – құман, өгрен – үйрен; *екіншіден*, сөздің соңындағы -к, -к дауыссыздарының -у жұрнағымен ауысуы: тушақ – тұсау, тұсамсы, тіргүк – тіреу; *үшіншіден*, сөз соңында апокопа құбылысы, яғни -к, -к, г, -г дауыссыз дыбыстары түсіп қалуы қолданылады: тарығ (тары), тег (ти), түг (түйі), торук (торы), тегірмен (дпірмен),

түрлүк (түрлі), йайақ (жаяу), ойғақ (ояу), улуғ: 1) үлкен (сын е.); 2) ұлы (сын е.); 3) басшы; *төртіншіден*, қапук – қақпа сөзінің тарихи тұрғыдағы формасы қапка (қақпан – қақпан, өкпе – өкпе) болуы керек. Бұл – сөздердегі қатар тұрған п-қ екі дауыссыздың орын ауысуы дыбыстық жүйеде метатеза құбылысы; *бесіншіден*, екі дауыссыздың бірінің түсіп қалуы, аферезис құбылысы, яғни: секкіз (сегіз), еллік (елу), тоққуз (тоғыз). Бір қызығы бұл құбылыс негізінен сан есімдерде кездеседі; *алтыншыдан*, мысық, мәсуек (тіс щеткасы) сөздерінің бастапқы дыбыстық формалары мөшүк, мүшүк, мысвак болған.

Қазіргі қазақ тілінде біріккен сөз, қос сөз, лексикалық және тұрақты тіркестер құрамында қолданылатын, бірақ төркіні мен тарихы белгісіз немесе *мағынасы көмескіленген сөздер* кездеседі. Замахшари сөздігін тарихи факт ретінде қарап отырсақ, сол сөздердің этимологиясын табуға болады. Мәселен, сөздіктегі *қолач* сөзінің мағынасы қол аш деген екі сөзден біріккен сөз, яғни *құлаш* «екі қолды екі жаққа ашу», *бойун сун* – мойын ұсыну; *бағыну*, *луқым* «тұрғын» деген мағынада «мұқым болды – орналасты» деген сойлемде қолданылғанына қарап; қазіргі қазақ тілінде «*мұқым* жұрт – көпшілік, барлық халық» екенін, *мыйық* «мұрт» деген мағынадағы сөз қазіргі қазақ тілінде «*мығынпап құлу*» тіркесінде сақталған. *Омал* сөзіне түсіндірме сөздікте «бір жерде отырып қалу, еш нәрсеге араласпау» [41:631] деген фразалық ұғымына сүйеніп түсініктеме берілген. Ал Замахшари сөздігінде *омал* – қылмыскерді байлап қоятын ағаш қазық. Қазіргі тілімізде «Отырсаң, *омал*, кара жерге қадал» деген қарғыста кездесетін *омал*дың төркіні – ағаш қазық екенін білеміз. *Пара* сөзінің қазіргі тілімізде: *Пара I*. Өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақша, қымбат зат, алым. *Пара II. көпе*. Бір нәрсенің бөлшегі, бөлігі, саласы. Әңгіменің бір парасы кітапханаға арналды. *Пара III. фраз*. Бір пара: а) бірсыпыра, біраз, бірталай, ә) бір бөлек, бір топ. Әрине, *пара I* мен *пара II*, *пара III* сөздері омонимдер болса, соңғы екі *пара* полисемалы сөздер. Замахшаридағы *пара* (балчық парасы – балшық кесегі) – қазіргі тіліміздегі *пара I* мен *пара II*-лердің түп-төркіні. *Тіреуз* (тірілт) етістігі Абайда «тірілту, қалпына келтіру» деген мағыналарда «Бір күйгізіп, сүйгізіп, Ескі өмірді *тірегізер*. Өмір тонын кигізіп, Жокты бар қып жүргізер» [42:646]. *Тылақ* (тілші): улуғ тылақ – үлкен тілшілік әйелдің жыныс мүшесінің бұлшығы еті. Ал күнделікті тұрмыста былайыт сөз ретінде әйел адамдар ұрысқан кезде «Тылағымды же! Мә, тылағым!» деп сөйлеу үдерісінде қолданылады. Сондықтан да «түлен» (сайтан) сөзі секілді мағынасы көмескіленгеннен, яғни жалпы халық мағынасын толық түсіне бермейтіндіктен, қолдана бермейді. «Алақан» мағынасындағы *айа* қазіргі қазақ тіліндегі: ая I: 1) алақанның аумағы, 2) қойнау, баурай, 3) *ауысп.* туып-өскен, тәрбие алған орта, 4) *ауысп.* ауқым, көлем, шенбер). *Жане* шылауы – *иә* модаль сөзі мен *не* сұраулық шылаудың біріккен формасы. *Майа* – ашытқы (ашытқы, мәйек: 1) жас төлдің ұлтабарын сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы, қорытқы), *уча* – арқа (таудың биік жері. Ұша: 1) өлген (сойылған) малдың тұтас еті, терісі, бас-сирағы, ішек-қарны, өкпе-бауырынан басқасы, 2) екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы). *Тысқары* (тескері: тыс+кері), *қал ұшыш беру*, бір-бірін қолдау (қолуш: қол+ұш), *қоңілі қоңишу* (көнше: көну), *азар* келтірме (азар: қиянат.), *аучы* – аңшы, елік – қол, емгек, енгек – азап, *еңлік* – беттің ұшы, *керкін* – кетпен (қирқа), *күп* – қыш құмыра (Күп болып ісіп кетті), *коч* – қой (қош+ақан), *бүбіш* – құс ағы (бүбіш: пошатуйка. Адам атында сақталған), *чеуртке* – секіртпе (шегіртке), *чыпчурға* – шыбыртқы (шыбыртқы, шыпыртқы), *умун* (-ды) – үміттенді (ұмсынды, ұмтылды), *күнес* – ыстық (үйдің не басқа заттың күн жағы), *ахта* – ішіпе (ақта ат – піштірілген ат), *күре тамыр* (артерия) күрүп болып қолданылған.

*Қос сөздердің* құрамында қазір жеке тұрып түсініксіз сөздер: *сатық* (сауда: сауда-саттық), *сауғат* (сәлем-сауқат), *чене*, *чине* (өлше: мінеу-шенеу), *чыт* (қабағын шытты, жүзі түнерді, бетін тыжырды), *һисаб* (есеп-қисап), *қалыш* (қатын қалашы: әйел көрісі; қатын-қалаш), *һада* (көтере алмау – жадап-жүдеу). *Тірік* (тірішілік) *өлік-тірік* деген ғұрыпты атайтын сөздің құрамында кездеседі.

*Тұрақты сөз тіркестердің* құрамында: тамам: 1) бәрі, 2) бітті. Қазіргі қазақ тілінде: 1) барлық, күллі, 2) бітті, аяқталды (тәмамдалды, тамам болды). *Қарақ* – «Мукаддимат әл-эдәбта» «көздің карашығы», тілімізде: 1) I. *экспр.* қалқа, шырақ, II. *көне.* ашқарақ, ашкөз, тойымсыз. III. көздің карасы, карашығы. Телбе (делбе, делебе: делебесі қозды), фырсақ (онтайлы сәт – пұрсат, мүмкіншілік берді), хоннуд (қуаныш: көңілінің қошы болмай отыр).

*Жергілікті тіл ерекшеліктерінде (сөздерде)* ғана кездесетін, сонда ғана түсінілетін сөздер: *тағай (таға): диалект. нағашы аға* (өзбектермен көрші, аралас тұратын Түркістан облысында), *баяқ – болу, нақес «оңбаған»* деген мағынада (Оңт. Қазақстанда түрлі түсті бояу қалам), *еге* (екі мал егесі ер – екі мал несі еркек) әдеби тілде *ие* формасы қалыптасқан. Түркістан облысында еге деген тарихи түбірі қолданылады. *Сұр* (қуу). Бағыс Қазақстанда *ерек малдың айғырлығы), қышықырды – айқайлады* деген, *чекірдекі* (жүзімнің, құрманың дәні: *шекілдеуік – пістепің дәні*) – Орталық Қазақстан диалектісі. *Інде* сөзі оңтүстік диалектіде «сөйле, дыбысыңды шығар» деген мағыналарда қолданылса, сөздікте *інде* «шақыр» мағынасында. *Мұндақ* (ондай; қазіргі қазақ тілінде: *андақ-мұндақ – әр нәрсені айту*). Маңғыстау, Атырау, Өзбекстанның Ташкент, Түркіменстанның Ашхабад, Мары, Красноводск аймақтарының қазақтары *келе* деп бураның үйірін айтады [43:336]. Ал Замахшари сөздігінде *келе – мал, жануар*. Демек диалект, говор сөздер – *көне қазақ тілінің* жұрнағы деген сөз. Сөздіктегі де, М.Қашқарида да *там* сөзі «*қабырға*» деген мағынада қолданылады (гедж бірле сувады тамны – қабырғаны экпен сылады, ескірді тамлар тон – тамдар мен тон ескірді, йана қойды өчесіні там сары – ашуын қабырғаға тағы қойды, йасады там бузуқларыны – қабырғаның бұзылғанын жөндеді, йықылды там – қабырға құлады, кетүк болды там – қабырға керткі болды, қорқан тамы – қорғанның қабырғасы). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің 3 диалектілік мағынасы бар: 1) Қазақстанның оңтүстігінен бастап, оңтүстік-шығысы және шығысында, Түркіменстанның, Ауғанстанның, Иранның қазақтар жиі қоныстанған аудандарында «Қолдан құйған балшықтан, кірпіштен салынған үй», 2) Ақтөбе, Орал, Қостанай және Орталық Қазақстанда «мола, зират, бейіт», 3) Қызылорданың Аралында «мол, көп» (Ол деген ақылы там адам еді ғой) [43:619]. Демек қазіргі қазақ тіліндегі алғашқы екі диалектілік мағына *там* сөзінің бастапқы «*қабырға*» мағынасының негізінде кесекпен, кірпішпен қаланған құрылыстың атауына айналған. Там – парсы сөзі. Бұл сөз түркі тайпасының тілдеріне ерте кезеңнен сіңісіп кеткен.

Біршама сөздер қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, *басқа мағыналарда қолданылатын сөздер:* қысрақ – байтал: қысырақ тай байталдар, одан үйір жасау, терзе – христиан: тарса – «дінсіз, көпір» деген мағыналарда қолданылған парсы сөзі. Сөзақ ауылында үйінді төбені Тарса төбе деген жер аты да бар. Тапчан М.Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігінде»: «биік бұтақтан жүзім жинау үшін қолданылатын үш аяқты саты» [44:405]. М.Замахшаридың сөздігінде тапчан «так» мағыналарында қолданылады. Сөздіктегі түлум: 1) тері, тері қап, 2) ескі шанан, қазақ тіліндегі түлым «жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін қалдырып қойған тұлымшақ шаш». Демек сөздіктегі *тұлым* сөзі қазақ тіліндегі *тұлым* сөзінің мағынасында (I. Мал мен аң терісінен тігілген сырғ киім, ішік. II. Жас төлі өлген малдың енесін алдарқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері) қолданылған. Сур (сүңдеттендіру), тұтан (тұтам: бір тұтан от – бір тұтам (уыс) шөп); музафыр (саяхатшы; *қазіргі қазақ тілінде* мүсәпір, байқұс), мусафір (жолашушы); іладж (ем; *қазіргі қазақ тілінде:* лажи болса, лаждан өмір сүру деген тіркестерде қолданылады: тірзек (шынтақ; *қазіргі қазақ тілінде тірзек:* 1) жан-жануардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп-жазылуына қажетті сіңір, 2) қылтаның (тізенің астыңғы жағындағы сіңірлі тіркес) жоғарғы тұсы); *суағұч* (суағаш – сылақшының құралы); тақым (тізе сүйегі; *қазіргі қазақ тілінде:* тізенің астыңғы, ішкі жағы). Қазіргі қазақ тілінде *топшы* сөзі «адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері» мағынасында қолданылып, «топшысын қиды» деген тіркесте, ал сөздікте *топчы* «түйме» мағынасында қолданылады. Екі мағынада кездеседі: чочақ: 1) шошақ (сын е.); 2) тасақ. *Ыңыришақ* сөзі

қазақ тілінде «өгізге жүк арту немесе міну үшін салатын, ағаштан жасалған биік ер» мағынасында, ал сөздікте *йыңырчақ* – «орамалы ер-тоқым»; құдук – құдық, қудуға – ыдыс, құмыра, бұл екі сөздің түбірлес сөздер екенін байқау қиын емес. *Қысыр*: 1) буаз емес мал, 2) аңызак жел (қысыр йел).

Қазақ тіліндегі «көп адамның қос тігіп, бүркітпен аңға шығуы» мағынадағы *салбурын* сөзі сөздікте *салбар* деген формада «жыртқыш құс» мағынасын береді. *Күткүчі* «күтуші – уй күткүчі; сныршы» мағыналарында, «тарихтың тегершігі» дегендегі *тегіркек*, *тевреку*, *тегре* деген сөздердің «айнала» деген мағынасынан басқа *теверекі* формасының «күннің теверскі – күннің шеңбері; дөңгелегі, төңірегі» деген қазіргі қазақ тіліндегі *төңірек* сөзінің мағынасына сыятын сөздер қолданылған. Тегершік, тегеріш сөздері Қостанай, Орал, Торғай, Ресейдің Саратов өңірлерінде «арбаның дөңгелегі», «дөңгелектің шеңбері» деген мағыналарда қолданылады [43:632-633]. *Ғаріб* (кедей) қазіргі қазақ тілінде *ғаріп* (мүсәпір, міскін, бейшара), кәріп: 1) мүсәпір, бейшара, сорлы, ғаріп, 2) кемтар, мүгедек формаларында, мағыналарында қолданылады [41:371].

*Плеоназм* болып екінші сыңарының мағынасы көмескіленген немесе ұмытылған тіркестер: йуша (жоса – киноварь: 1) қызыл түсті минерал, 2) сол минералдан жасалған бояу; *қазіргі қазақ тілінде*: қан жоса), бақы (мәңгі баки), тағала (Алла).

*Біріккен сөз, лексикалық тіркес* құрамында: күлүк (күлік ат), йутурт (ірімшік – ұйыған құрт), қантан (кнім – кафтан, қап+тон), ыштан (ыштан: іш тон – іш кнім), йапбашы (жамбас тамыр – жан бас).

*Аудармаға қажетті көне сөздер*: іскек (іскек – шпички), бүрлүгеч (шөңгіш – калина), муқыл (муқл йығач – резина ағаш) (з.е.), тутйа (тутйа таш – тотия тас (тотиян), мырыштың бір түрі).

*Варваризмдер ығыстырған сөздер*. *Аиқын, шешек, шайыр (смола)* деген түркілік немесе көне қазақ сөздерін парсының *кілт, гүл, чілім* сөздері ығыстырғаны белгілі. Сол сыяты біз сөз етіп отырған ескерткіште қазіргі *тары, куз, мұнара, мақта* сөздері түркі тілдерінде *қулақ, тануқ, көшік, мамық* деп аталғанына көз жеткіземіз.

*Мағыналары өзгеріссіз* қолданылатын сөздер: *сірке*: 1) насеком, 2) уксус, *талақ*: 1) ішкі ағза, 2) ақырасу; *қақ*: 1) (I. қакталған ег; II. қак су), 2) қакты, қаклады (етгі қактады).

Сөздікте *кәсіби лексика* да кездеседі. *ғозе* (мақтаның қозасы), *ғузе* (көзе, қоза), *танап* (шатырдың бау-шулары). *Мунчақ* алқа және моншақ мағыналарында қолданылады.

Сөздің бастапқы түбірін анықтауға септігі бар. «Кәрі» мағынасындағы *қары* сөзі – тіліміздегі қария, қарт, қартаю, қартан, қартамыс сөздерінің түбірі.

Қазақ тілінде *кебін киді* (сиқына түсті, ұқсады) деген тұрақты тіркестегі «кейіп, қалып, сиық» мағынасындағы *кеп* сөзі сөздікте «ботаның тұлыбы» деген мағынада қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде *кеп* түбірінен жасалған *кеп+е I* – уақытша баспана, лашық, күрке, *кеп+е II* – ерте қыста туған марка қозы, *кеп+е III* – тезектің бір түрі, *кеп+еи* – сырып не кестелеп тігілген тақия, *кеп+енек I*: 1. *көне*. Малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киім. 2. *Кебенек киен*. Тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам, *кеп+енек II*: 1. Ешкіде болатын жұқпалы індет. 2. *жестр*. Ешкіге айтылатын жесу, қарғыс. Кебенек келгір (алғыр, тигір)), *кеп+ін I*: 1. Өлген адамның денесін орайтын ақ мата, ақырет. 2. *ауысп*. Жақтырмағанда, реңжіп зекігенде кнім мағынасында қолданылады, *кеп+ін II* – Мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бөйге атының жабуы, *кеп+іс* – *көне*. Мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқ киім.

Кеп	Замахшари сөздігінде		
	1.		Ботаның тұлыбы
			Қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары
2.		-	Кейіп, қалып, сиық
3.	I	+e	Уақытша баспана, лашық, күрке
4.	II	+e	Ерте қыста туған марка қозы),
5.	III	+e	Тезектің бір түрі

6.	I	+енек	1. <i>көне</i> . Малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киім. 2. <i>Кебенек киген</i> . Тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам
7.	II	+енек	1. Ешкіде болатын жұқпалы індет. 2. <i>эспр</i> . Ешкіге айтылатын жеку, қарғыс. Кебенек келгір (алғыр, тигір
8.	I	+ін	1. Өлген адамның денсін орайтын ақ мата, ақырет. 2. <i>ауысп</i> . Жактырмағанда, ренжіп зекігенде киім мағынасында қолданылады
9.	II	+ін	Мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бәйге атының жабуы
10.		+іс	<i>көне</i> . Мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқ киім

Замахшари сөздігінде *текемет* деген мағынадағы *көбе* сөзінің әдеби тіліміз бен диалектілерімізде және тұрақты сөз тіркестерінің құрамында бірнеше мағынасы бар. *Көбе* түбірінен жасалған *көбе I*: 1. Тырнақтың айналасындағы жиек еті. 2. Бір нәрсенің жиегі, шегі. *Көбесі сөгілді*: а) тігісі сегінеді, ә) қар ери бастады. *Көбе құйрық* – бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал қауырсын құйрық. *Көбе II*: *көне*. *Көбесі* болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі. Диалектілерде: *көбе I*: Шөп шөмелесі; *көбе II*: 1. Марка қозы. 2. Кеш туған қозы; *көбе III*: Сүйреткі ағаш.

Көбе	Замахшари сөздігінде		
	1.		Текемет.
	Қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары		
	2.	I	1. Тырнақтың айналасындағы жиек еті. 2. Бір нәрсенің жиегі, шегі. <i>Көбесі сөгілді</i> : а) тігісі сегінеді, ә) қар ери бастады. <i>Көбе құйрық</i> – бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал қауырсын құйрық
	3.	II	<i>көне</i> . <i>Көбесі</i> болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі
	4.	I	<i>диалект</i> . Шөп шөмелесі
5.	II	<i>диалект</i> . 1. Марка қозы. 2. Кеш туған қозы	
6.	III	<i>диалект</i> . Сүйреткі ағаш	

Ортақ лексиканы лексикалық-семантикалық талдау мен салыстырудың нәтижесінде қазақ тіліндегі кейбір сөздердің төркінін, тарихын, мән-мағынасын анықтауға мүмкіндік берді. Ортақ лексиканың лексикалық-семантикалық сипатын сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі, мағыналарының өзгеруі, көмескіленуі, жойылуы, сақталуы тұрғыларында, қос сөздерде, тұрақты тіркестерде, жергілікті тіл ерекшеліктерінде, кәсіби лексикада, біріккен сөздерде, плеоназм құрамында, түбірлердің төркінін анықтауда, кірме сөздерді айқындау мен аудармада қажеттілігі бар екендігі дәлелденді.

### 3.3. Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі мен қазақ тіліне ортақ лексиканың морфемалық құрылысы

Сөздік пен қазақ тіліне ортақ лексиканың морфологиялық сипатын нақтылау үшін морфемалық, яғни түбір тұлғасы мен лексикалық-грамматикалық, яғни сөз таптарын қамтуын нақты фактілермен дәйектеу керек болады. Ортақ лексиканың жалпы саны – 1675. Оның 1001 сөзі зат есім (1 буынды 200 сөз, 2 буындысы 681 сөз, 3 буынды 112 сөз, 4 буынды 8 сөз), 193 сын есім (1 буынды 30; 2 буынды 154; 3 буынды 5; 4 буынды 4 сөз), 376 етістік (1 буынды 167; 2 буынды 188; 3 буынды 21 сөз), 17 сан есім (1 буынды 6; 2 буынды 10; 3 буынды 1 сөз), 19 есімдік (1 буынды 12; 2 буынды 14 сөз), 43 үстеу (1 буынды 8; 2 буынды 20; 3 буынды 14; 4 буынды 1 сөз), 12 шылау (1 буынды 8; 2 буынды 7; 3 буынды 1 сөз), 3 модаль сөз (1 буынды 1; 2 буынды 2 сөз), 2 еліктеуіш сөз 2 буынды, 2 одағай сөздің біреуі 1 буынды, екіншісі 2 буынды. Ең көп кездесетін сөз таптары зат есім

(1001 сөз), егістік (376 сөз), сын есім (193 сөз). Жалпы 1 буынды сөздер 430 сөз, 2 буынды 1077 сөз, 3 буынды 154 сөз, 4 буынды 13 сөз ғана. Морфемалардың буын саны жағынан ең көп кездесетіні 2 буынды сөздер (1077 сөз) және 1 буынды сөздер (430 сөз).

Сөздіктегі түбір сөздердің фонеморфологиялық құрамы 1 буынды сөздерде ДтДс\* (ай), ДсДтДс (көл), ДтДсДс (ант), ДсДтДсДс (кент), 2 буынды сөздерде ДтДсДт (айа – алақан), ДтДсДсДт (абру - абырой), ДтДсДтДс (ағыз – ауыз), ДтДсДсДтДс (агрык – ауру), ДсДтДсДт (бака), ДсДтДсДтДс (бағыр – бауыр), ДсДтДсДсДтДс (байрам), ДсДтДсДсДт (белгі), 3 буынды сөздерде ДтДсДтДсДтДс (босақа), ДтДсДтДсДсДтДс (арыслан), ДсДтДсДсДтДсДтДс (бүрләгеч), ДсДтДсДтДсДтДс (қызамук), ДсДтДсДтДсДсДт (сешенбе, тебенгі), ДсДтДсДсДтДсДсДт (йекшенбе), ДсДтДсДтДсДсДсДт (йорунчка – жоңышка), ДсДтДсДтДсДсДсДтДс (коверчкен – көгершін), 4 буынды ДсДтДсДтДсДсДсДтДс (йалбарғучы – жалбарынушы), ДсДтДсДтДсДсДтДсДтДс (көмүлдүрүк – өмілдірік). Түбір сөздердің дыбыстық құрамы, біріншіден, түркі тілдеріне (қазақ тіліне) ортақ түбір сөздерде екі дауысты немесе екі дауыссыз қатар келмейді, олар қатар келсе, олар не түбір сөз емес, не түркі сөзі емес деген заңдылықтың сақталғандығын көрсетеді. Екіншіден, түркілік (қазақ тіліне) тарихи немесе этимологиялық түбір негізінен ДтДс, ДсДт, ДсДтДс, ДтДсДт, ДсДтДсДс деген модельдерден тұратындығын дәлелдейді [45]. Егер сөздің дыбыстық құрамы жән құрылымы бұл модельдерден артық, көп болса, ол сөздердің туынды сөз немесе басқа тілдің сөзі болғандығы.

\*Дт – дауысты дыбыс, Дс – дауыссыз дыбыс.

**Замахшари сөздігі мен қазақ тіліне ортақ (түбір, туынды) сөздердің сөз таптық және олардың буындық құрамының кестесі**

**Зат есімдер**  
*1 буынды зат есімдер*

1.	ай	101.	қуш (қанатты жануарлар)
2.	ам	102.	қыз (әйел бала)
3.	анд (ант)	103.	қын (қару қабы)
4.	ант (ант)	104.	қыр: 1) мұрынның қыры (з.е.); 2) көздің қнығы (з.е.); 3) қыру (егістік); 4) атты қасу (егістік)
5.	ас	105.	қыш (қыс)
6.	ат (жылқы)	106.	лутф (ілтнпат)
7.	ат (есім)	107.	мал
8.	ау	108.	маң (адым, қадам)
9.	аш: ас – 1) з.е.; аш – 2) сын е	109.	мей, ми, мій (ми)
10.	бағ: 1) (з.е.), 2) егіст	110.	мең (қал)
11.	бай: 1) (з.е.), 2) сын е.	111.	мор (мөр)
12.	бал	112.	муғ (отқа табыну)
13.	баш	113.	муз (мұз)
14.	бег	114.	мун
15.	без	115.	мүлк
16.	бек	116.	мій (ми)
17.	бел	117.	наз
18.	боқ	118.	нерх (нарык)
19.	бөз	119.	ок
20.	бут	120.	от
21.	біт (бит)	121.	пешке (қызыл пешке – құнды ақша)

22.	гез (кез, мезет)	122.	раз (құпия)
23.	гүл (раушан гүл)	123.	рай (пікір)
24.	гүр (көр)	124.	раст (рас)
25.	ғам (кам, уайым)	125.	рен
26.	ғап (қап)	126.	сөз
27.	ғол (қол, әскер)	127.	су
28.	дад (дат)	128.	сай
29.	дар (дар ағашы)	129.	сан: 1) есен (з.е.); 2) көп (сан түрі бар) (үст.)
30.	лес (дос)	130.	сап (күректің, кетпеннің сабы)
31.	джан	131.	сарт (ұлыс атауы)
32.	дост	132.	сач (шаш)
33.	дін	133.	сөз
34.	ев (үй)	134.	су
35.	ел(з.е.)	135.	сур (пышак сүргіші, жүзі)
36.	ер: 1. еркек; 2. ер (күйеу)	136.	сут
37.	ерк (күш)	137.	сүт
38.	ес (адамның зердесі)	138.	тағ (тау)
39.	ет (ткань)	139.	сік (еректің жыныс мүшесі)
40.	еш (серік болу)	140.	сіл: 1) сел(з.е.); 2) окпе (шек-сілесі қатты)
41.	еш (іс)	141.	сыр (құпия)
42.	нт	142.	тадж (тәж)
43.	йаз (көктем)	143.	таз: 1) таз (таз жара) (з.е.); 2) таза (таза, адал; жас), тазе (жас) (сын е.); 3) тазы (нт) (з.е.)
44.	йад (жад)	144.	тай
45.	йай (садақ)	145.	тал
46.	йай (жаз мезгілі)	146.	там: 1) қабырға (з.е.); 2) ағу (етістік)
47.	йал (жал)	147.	таш (тас) (з.е.)
48.	йан: 1) жаны, жағы; 2) жамбас (з.е.)	148.	таң: 1) күннің шығуы (з.е.); 2) таңғы уақыт (үст.)
49.	йаш: 1) жаңа (сын е.); 2) жасыл (сын е.); 3) жалпақ, жазық(сын е.); 4) жаркыл (з.е.)	149.	тені (тіні, денесі)
50.	йаш (жас мөлшері)	150.	тер (ақы, жал)
51.	йаш (көз жасы)	151.	тер (су, ылғал шығу)
52.	йел	152.	тон (кнім)
53.	йем	153.	төр
54.	йең	154.	төш (төс)
55.	йер	155.	туак (түяк)
56.	йол	156.	туғм (тағам)
57.	йург	157.	түз
58.	йүз (бет)	158.	түк: 1) жүн (з.е.); 2) әтек (сын е.)
59.	йүз (кескіш зат қыры)	159.	түн
60.	йүк	160.	түр
61.	йүн: 1) жүн, 2) жіп) (з.е.)	161.	түш (түс)
62.	йыл	162.	тіш (тіс)

63.	ййк (жік)	163.	уйаг
64.	ййп (жіп)	164.	ун
65.	кент	165.	үйі
66.	кеп (ботаның тұлыбы – чучело верблюженка. Қазір «Салақ адамның кебін киіп қалып жүрме!» деген сөйлемдегі мағынасында сақталған)	166.	үн
67.	кеш (қорамса; кешчі – шағын қорамса)	167.	үч (ұшы, шеті)
68.	көз	168.	фал (бал; бал ашу)
69.	көк: 1) көк түс (сын е.); 2) аспан (з.е.)	169.	фікр (ой, пікір)
70.	көл	170.	хак (хак, құдай, тәнір)
71.	көн (былғары)	171.	халқ
72.	көр: 1) з.е.; 2) егістік	172.	хан
73.	кот	173.	хат
74.	кул (құл)	174.	хош (қуаныш; көңілінің қошы болмай отыр)
75.	куш (құс)	175.	хор (қор, жәбір)
76.	күз	176.	һадж (қажы)
77.	күл (жанған отынның ұнтағы)	177.	һак (баға)
78.	күн	178.	һауз (қауыз)
79.	күн	179.	һүкм
80.	күп (қыш құмыра)	180.	һон (жон, арқа)
81.	күч	181.	чаг (шак, кез)
82.	күфр (күпірлік)	182.	чар (ғаразы ыдысы)
83.	кіз (киіз)	183.	чок (шок)
84.	кір	184.	чөп (шөп)
85.	кан	185.	чөл
86.	кап	186.	чын (шын, ақиқат)
87.	кар	187.	шам
88.	карт	188.	шарт
89.	қасд (қастық)	189.	шек (шәк, күмән, шүбә)
90.	қаш (көздің жоғары жағындағы түк)	190.	шыш (іс)
91.	қой	191.	іе (іе)
92.	қол	192.	ілім (ілім)
93.	қом	193.	із (іззет)
94.	қор: 1) қор болды (қылды) (сын е.); 2) қор тұтты – кем көрді, кемсітті, жек көрді (з.е.)	194.	йй (іе)
95.	қоч (қош+ақан, қой)	195.	ін
96.	қоз (көз)	196.	іп (жіп, арқан, үзік жіп)
97.	құл (жалшы)	197.	іт (ит)
98.	қум	198.	іч : 1) іш, қарын; 2) іші, сырты емес (з.е.)
99.	құр (белдік)	199.	іш (іс)
100.	қурғ (жәндік)	200.	йяр (жар, дос)

2 бұынды зат есімдер

1.	абру	342.	қумқан (құман)
2.	ағыз (ауыз)	343.	қунақ (тары)
3.	ағрық (ауру)	344.	қундуз
4.	адап	345.	қуран
5.	алым	346.	қурбан
6.	азаб	347.	қурсақ
7.	азал	348.	қушағ
8.	азар (қиянат)	349.	қыбла
9.	азук	350.	қызлық
10.	айағ	351.	қылқыл (қылқыл, бүлкіл)
11.	айа (алақан)	352.	қылық
12.	айғыр	353.	қылыш
13.	айран	354.	қырақ (аузының ұшы (з.е.); ағзыны(н) қырағы бірле сөзледі –аузының ұшымен сөйледі)
14.	айыб	355.	қырау
15.	айық (аю)	356.	қыргуй
16.	ақыл	357.	қысрақ (байтал)
17.	алма	358.	қысса
18.	алмас	359.	қышқыл (жыланның ысылы)
19.	ал(ы)п (батыр)	360.	лағнет
20.	алтун	361.	лазым
21.	ана (шеше)	362.	лакаб
22.	арал	363.	лачын
23.	арба	364.	леглек (лэйлек)
24.	арка	365.	мағна
25.	арқан	366.	майа (мәйек, ашытқы)
26.	арпа	367.	майдан
27.	арча	368.	маймун
28.	ары (ара – насеком)	369.	манғлай (мандай)
29.	асар	370.	манқа: 1) алым (з.е.); 2) маған (бар.септ. мен) (есімд.)
30.	асбаб	371.	манлай
31.	астар	372.	марал
32.	асық	373.	марджан
33.	ата (әкенің әкесі)	374.	медед (медет, көмек)
34.	атақ	375.	меджілс
35.	атыз	376.	мезе (дәм)
36.	аучы (аншы)	377.	мезел (мысал)
37.	ащлық (астық) (з.е.) түпкі мағынасы – асқа арналған дақыл	378.	мейіл (пейіл)
38.	ашна	379.	мерсум (мерзім)
39.	бағыр	380.	мончак (моншақ)
40.	баджа (бажа)	381.	мөшүк (мысық)
41.	базар	382.	мұқыл (мүкә йығач – резина ағаш)
42.	байқус	383.	мұқым (тұрғын, мұқым болды – орналасғы; қазіргі қазақ тілінде мұқым жұрт – көпшілік, барлық

			халық)
43.	байрам	384.	мунчак
44.	бакі	385.	муса
45.	бақа	386.	мүнүз
46.	бақыр	387.	мүче (мүше)
47.	бала	388.	мүшүк (мысык)
48.	балдыр	389.	мыйык (мұрт; қазіргі қазақ тілінде: миығынан күлу)
49.	балту	390.	мысвак (мәсвек)
50.	балчық	391.	мірас
51.	балығ	392.	миһман
52.	бармак	393.	нақыш
53.	барыс(з.е.)	394.	намаз
54.	бахыт	395.	насбуі (насыбай)
55.	баһа	396.	науруз
56.	башмак	397.	неджіс (нәжіс: кір, былғаныш)
57.	бедел	398.	неме
58.	безек (көрік)	399.	ниег
59.	бейіт	400.	нишан
60.	бела	401.	нохта
61.	белгү	402.	нохуд (нокат: көй бұршак)
62.	бейіш	403.	нүкте
63.	бечін	404.	нігмет (азық-түлік, ас-ауқат)
64.	бешік	405.	нійет
65.	боғуз: 1) тамак (з.е.); 2) боз (сыне.)	406.	оғлак (лак)
66.	бойак	407.	оғлан (бала)
67.	бойын	408.	оғлы (ұлы)
68.	боқау (бұғау)	409.	оғур (ұры)
69.	болджал	410.	оймақ
70.	болүк	411.	олджа
71.	борбай	412.	омча (омал: қымыскерді байлап қоятын ағаш қазық. Қарғыста: Отырсаң, омал, кара жерге кадал)
72.	борыч	413.	орақ
73.	боға	414.	ора (ұра)
74.	бөксе	415.	орын
75.	бөлүк	416.	орта
76.	бөрүк	417.	орун
77.	бөрі	418.	отак
78.	бұғаз	419.	отлаг (шөп, жайылым)
79.	бүгдай	420.	ота
80.	бұғра	421.	отун
81.	бұғу (бұғы)	422.	очақ
82.	бұдағ (бұтак)	423.	өкүз
83.	бузау	424.	өлен (шалғын)
84.	бүйрук (бүйрык)	425.	өпке
85.	бұғау	426.	өрдек (үйрек)
86.	бүлад (болат)	427.	өркеч
87.	булак	428.	өгүк (етік)
88.	булут	429.	өче (ашу, ыза)

89.	бурун (мұрын)	430.	өчкү (ешкі)
90.	бурут (мұрт)	431.	пара (балчық парасы –балшық кесегі. Әңгіменің бір парасы)
91.	бурчак	432.	парса (парасат)
92.	бұта	433.	парсі (парсы)
93.	бүбіш (бүбіш – құс аты: потатуйка. Адам атында сақталған)	434.	пахса (бакша)
94.	бүрге (насеком)	435.	парча
95.	бүркүт	436.	перде
96.	бықын	437.	пері
97.	бізгек (безгек)	438.	пулат (болат)
98.	білек	439.	пычак
99.	білік	440.	пітле (пілте)
100.	біна (негіз)	441.	рахмат (мейірім)
101.	вағда (уәде)	442.	раһат
102.	вағыз (уағыз)	443.	раһмат
103.	вақыт (уақыт)	444.	раһім
104.	вақыт (бақыт)	445.	рүстем
105.	варак (парак)	446.	саба
106.	везир (уәзір)	447.	сабун
107.	ғазан(з.е.)	448.	сабыр
108.	ғайбат	449.	саваб
109.	ғайыб	450.	савур
110.	ғалем	451.	сағар (сауын)
111.	ғараб (араб)	452.	сағлық (денсаулық)
112.	ғарка (қарға)	453.	сағат
113.	ғозе (мактаның қозасы), ғузе (көзе, коза)	454.	сағры (сауыр, былғарының бір түрі)
114.	ғулак	455.	сағыл (сауық)
115.	ғула (кола)	456.	сағыт (сауыт)
116.	ғунан	457.	сайтан
117.	ғылым	458.	сақал
118.	ғібрет	459.	сақкыз (сағыз)
119.	гілім	460.	сақмақ (сауым: бие сауым)
120.	дава	461.	салбар (салбурын - жыртқыш құс)
121.	дағва (дау)	462.	салық
122.	дамақ (тамақ)	463.	саман
123.	дане (дене)	464.	сандук
124.	дару	465.	сарай
125.	дарын	466.	сатық (сауда: сауда-саттық)
126.	дауыс	467.	сауғат (сәлем-сауқат)
127.	девет (сня дәуіті)	468.	сауыр (суыр)
128.	девлет	469.	сафар
129.	джайран (жалпы киік атаулы)	470.	сафер (сапар айы – мұсылман жылының екінші айы)
130.	джебе	471.	сачак (шамақ)
131.	джарлық	472.	себеб
132.	джеза (жаза)	473.	салам (селем): I. сәлем; II. кепіл, міндет(з.е.)

133.	джиһан	474.	сорба
134.	джыныб (жыны, боғы)	475.	стадлық (ұсталық)
135.	донкуз	476.	суал (сауал)
136.	дөнен	477.	сулак (суат)
137.	дуа	478.	султан
138.	дуға	479.	сүннет (зан. ереже)
139.	дузах (тозақ)	480.	сурат (сурет)
140.	душман	481.	суре
141.	дүһиа	482.	сурук (сырық)
142.	егін (нық)	483.	сүбе (сүбе)
143.	едіш (ыдыс)	484.	сүйек
144.	ейер (ер – аттын ері)	485.	сүңгі
145.	екек (егеу)	486.	сүннет (сүңдет)
146.	екін (егін)	487.	сурет
147.	елік (қол)	488.	сығрық (сығырық)
148.	емгек (азап)	489.	сыфат
149.	емчек	490.	сычқан
150.	енгек (азап)	491.	сімаб (сынап)
151.	еңек (нек)	492.	сіңір
152.	енлік (беттің ұшы)	493.	сіңлі
153.	ерен (еркек)	494.	сірке: 1) насеком; 2) укеус
154.	еркеч (серкеш)	495.	сірче (шыны)
155.	ерүк (өрік)	496.	таба
156.	ерік (күш)	497.	габан
157.	ерін	498.	тавуғ (тәуіп)
158.	етек	499.	тағай: <i>диалект.</i> нағашы аға
159.	етүк	500.	тағам
160.	ешек	501.	тағзір (таксыр)
161.	ешік	502.	тағат
162.	зейтун	503.	тайак
163.	зекат	504.	така
164.	зындан	505.	тақым (тізе сүйегі. <i>Қазіргі қазақ тілінде:</i> бұт, борбай)
165.	зенбіл (зембіл)	506.	тала (дала)
166.	зіре (зире – тмин)	507.	талак: 1) ішкі ағза; 2) ажырасу
167.	нслам	508.	талқан
168.	йабан (жапан)	509.	тамак
169.	йағач (ағаш)	510.	тамға (таңба)
170.	йақа	511.	тамық (тамұқ)
171.	йала	512.	тамур
172.	йамғур	513.	танап (шатырдың бау-шулары)
173.	йанбаш (жамбас тамыр) (біріккен сөз: жан бас)	514.	танук (куә)
174.	йапрақ	515.	таупық (қызмет)
175.	йара (жара)	516.	тапчан (тақ)
176.	йарақ	517.	тапық (таупық, қызмет ету)
177.	йаран (дос-жаран)	518.	тарак
178.	йарма	519.	тарығ (тары)
179.	йармақ	520.	таріх (тарих)
180.	йары (көмек, жарылқау)	521.	тахта (такта)

180.	йарыш	522.	тевбе (тәубе)
181.	йастуқ	523.	теве
182.	йаушан (иссоп, зверебой)	524.	тевфік (таунык)
183.	йашын	525.	тегре (айнала)
184.	йекен (жекен)	526.	тегір (шарык)
185.	йелкен	527.	телбе (делбе, делебе: делебесі козды)
186.	йелім	528.	теммуз (тамыз)
187.	йеміш	529.	темуз
188.	йолдаш	530.	тенгри
189.	йотел	531.	тенгіз (теңіз)
190.	йугурт (ірімшік – творог) (ұйыған құрт – біріккен сөз) (з.е.)	532.	теңірт (тәңірт)
191.	йулғун (жынғыл)	533.	тепе (төбе)
192.	йулдүз	534.	терзе (христиан)
193.	йумқак (шұмақ жіп)	535.	терйек (апын)
194.	йумрук	536.	тертіб
195.	йуша (жоса – киноварь. Қазіргі қазақ тілінде: қан жоса)	537.	тесүк (тесік)
196.	йүген	538.	тефсір
197.	йүзүк	539.	тоқум
198.	йүлүн	540.	толғақ
199.	йүпүг (қораз айдары)	541.	тоңқуз (доңыз)
200.	йүрек	542.	топрақ
201.	йығач	543.	топчы (түйме)
202.	йылан	544.	торай
203.	йырау (әнші: йырау күң – әнші күң)	545.	торбақ
204.	йігіт	546.	торғай
205.	йілге (жыл+ға)	547.	тоғун (түйін)
206.	йіне (іне пішіндес тікен)	548.	тозек (төсек)
207.	кавак	549.	толек (толем)
208.	қағад (қағаз)	550.	төпе (төбе)
209.	қағба	551.	тувак (тымақ)
210.	қошны (көрші)	552.	тузақ
211.	қаклі (аттын кекілі)	553.	туйнак (түяк)
212.	қалам	554.	тулум: 1) тері, тері қап (з.е.); 2) ескі шанап (з.е.)
213.	қарван (көруен)	555.	тұмак (тұмау)
214.	қафір	556.	тұман
215.	қебін (жасау)	557.	тұмар
216.	қевіш	558.	тұмшук (тұмсық)
217.	кезек	559.	турна (тырна)
218.	кезлік (кездік пышақ)	560.	тутан (тұтам: бір тутан от – бір тұтам (уыс) шөп )
219.	кейік (киік)	561.	тұтка
220.	кеклік	562.	тұтқын
221.	кекре (кекіре шөп)	563.	тұтмач (нанның түрі)
222.	келе	564.	тушак (тұсау, тұсамыс)
223.	келес (кесіртке)	565.	тұлқу

224.	келін	566.	түңлүк
225.	кеме	567.	түтүк
226.	кемүк (сүйөктүн кемігі)	568.	тылак (тілшік: улуғ тылак – үлкен тілшік)
227.	кемха (қамқа)	569.	түтүн
228.	кемі (қайық)	570.	тырма
229.	көндір	571.	тырнак
230.	керкін (кетпен - қирқа)	572.	тізі (тізе)
231.	керіс (ұрыс-керіс)	573.	тікен
232.	кесе	574.	тілек
233.	кесек	575.	тіргүк (тіреу)
234.	кетмен	576.	тірек
235.	кефен (кебін)	577.	тірзек (шынтақ)
236.	кефіш (кебіс)	578.	тірік (тіршілік)
237.	көбе (текемет. Қазіргі қазақ тілінде: <i>көбесін соғу</i> )	579.	уйқу
238.	көзгү (айна)	580.	улуғ: 1) үлкен (сын е.); 2) ұлы (сын е.); 3) басшы (з.е.)
239.	көке (үйдің төбесі, көкке қараған жоғарғы жағы)	581.	улус (ұлыс)
240.	көкнар	582.	урук
241.	көкүс (кеуде)	583.	устанд (ұста, шебер)
242.	көмүр	584.	уча (арка: «таудың ұшасы» деген)
243.	көнүл	585.	учмак (ұжмак)
244.	көнлек	586.	үзүк
245.	көнлі	587.	үзүм
246.	көпрүк (көпір)	588.	үлгер (үркек жұлдызы)
247.	көпүк	589.	үлеш (үлес)
248.	көрік	590.	үлүш (үлес)
249.	көрүк	591.	үміт
250.	көшік (мұнара)	592.	үнүр (үнгір)
251.	көше (көше)	593.	файда
252.	күйе	594.	фарығ (парық)
253.	күйеу	595.	фахір (мактан)
254.	күлаһ (күләпара, күлакшын)	596.	фулад (болат)
255.	күлүк (күлік ат)	597.	фырсат (оңтайлы сәт – пұрсат берді)
256.	күмек (көмек)	598.	хабар
257.	күмүш	599.	хайал
258.	күнджід (күнжіт)	600.	хайыр
259.	күнеш (күнес)	601.	хақы (ақы)
260.	күрек	602.	халта (қалта)
261.	күрүн (күре тамыр – шейная артерия)	603.	хамыр
262.	күчүк	604.	ханджар (қанжар)
263.	кййік	605.	хата (кәте)
264.	кілім (кілем)	606.	хатун
265.	кіліт	607.	ходук (қодық)
266.	кіндік	608.	хорос (қораз)
267.	кіне (кек)	609.	хочқар

268.	кірпүк	610.	хошнуд (қуаныш: көңілінің қошы болмай отыр)
269.	кірпі	611.	хурма
270.	кірпіч	612.	хутба (намаз түрі)
271.	кісі	613.	хутне (сүндет )
272.	кітаб	614.	һадіс (хадис)
273.	кішен	615.	һайван (хайуан)
274.	кішміш (мейіз)	616.	һакім (би)
275.	көпрүк	617.	һалва (халуа)
276.	қабак (аскабақ)	618.	һалка (шығыршық)
277.	қабук	619.	харман (қырман)
278.	қабул (қабыл)	620.	һарам (тыйым)
279.	қавук (қуық) (з.е.)	621.	харпуз (қарбыз)
280.	қавун	622.	һафта (апта)
281.	қағаз	623.	һекім (дәрігер)
282.	қалдыр	624.	һүкүм
283.	қазан	625.	һүнер (өнер)
284.	қазук	626.	һүрмет
285.	қазы	627.	һыдат (қызмет)
286.	қайан (княн)	628.	һисаб (есеп-қисап)
287.	қайаш (туыс: қаймана, қайын)	629.	һадур (шатыр)
288.	қайғу (қайғы)	630.	чайан
289.	қаймақ	631.	чакмақ
290.	қайнар	632.	чалма (шалма)
291.	қайчы	633.	чаплак (шاپалак)
292.	қайық	634.	челбек (шелпек)
293.	қайын	635.	чешер (шаһар)
294.	қайыш	636.	чечек
295.	қалам	637.	чечен
296.	қалем	638.	чокмақ (шакпақ)
297.	қалпа (қор-қор, қалпа)	639.	чомуч (шөміш)
298.	қалқан	640.	чочак: 1) шошақ (сын е.); 2) тасак
299.	қалыш (қатын қалашы: әйел көрші)	641.	чұлбур
300.	қамчы	642.	чухла (шұқыла)
301.	қамыш	643.	чығыр
302.	қанат	644.	чықын (шығын)
303.	қанқа	645.	чылбық (былшық)
304.	қапак (қабак)	646.	чыпчук (шымшық)
305.	қаплан (қабылан)	647.	чырақ
306.	қаптан (кнім)	648.	чырай
307.	қапук	649.	чычлак (шынтақ)
308.	қарак	650.	чібін
309.	қараул	651.	чигде (шне)
310.	қардаш	652.	чигіт (шигі – мақта дәні)
311.	қарын	653.	чілек (шілік - ойын)
312.	қарыш	654.	чілім (шайыр - смола)
313.	қассаб (қасап)	655.	чіпін (шыпын)
314.	қафтан (кафтан) (қап+тон)	656.	шайтан
315.	қайш (қайыс)	657.	шакірл (шәкірт)

316.	қозы	658.	шақыл (сыртыл: шақылдылады бармақтары – саусақтары сыртылдады)
317.	кола	659.	шарыл (су шарылдады) (з.с.)
318.	колаң (ат ердің тартпасы)	660.	шенбе (сенбі)
319.	колач (қол+аш – құлаш: екі қолды екі жаққа ашу)	661.	шату (сағы)
320.	қолтүк	662.	шеһер (кала)
321.	қонақ	663.	шорба (сорпа)
322.	қонқуз	664.	шүкүр
323.	қонқрау (қоңырау)	665.	шүлүк (сүлік)
324.	қопуз (қобыз)	666.	шікер (қант)
325.	қорақ (қару)	667.	ылтыр (жарқыл)
326.	қорған	668.	ыпар (жұпар)
327.	қорқан: 1) қорған (з.с.); 2) қорыққан (егіст.)	669.	ыштан (ыштан: іш тон – іш киім)
328.	қорқунч	670.	ігне (іне)
329.	қотан	671.	іладж (ем)
330.	қотур	672.	ілгүк (ілгек)
331.	қочқар	673.	ілік (жұлын)
332.	қудук	674.	іман
333.	қузгун	675.	імла (емле)
334.	қуйруқ	676.	інген
335.	қуіун	677.	інчү (інжу)
336.	қулақ	678.	ірің
337.	құла	679.	іскек (іскек – шипчикі)
338.	қулан	680.	іңег: 1) ішек; 2) ащы ішек
339.	қулач	681.	һарем (гарем)
340.	қудун		
341.	қумлақ		

### 3 буынды зат есімдер

1.	аманат	57.	қумалақ
2.	араба (арба)	58.	қызамук
3.	арыслан	59.	қыйамат
4.	баһадур	60.	масхара
5.	берекет	61.	муғайен (мағлұм қылды)
6.	босақа	62.	музафыр (саяхатшы; қазіргі қазақ тілінде мүсепір, байқұс)
7.	бөлдүрге	63.	мусафiр (жолаушы)
8.	бөтеке	64.	мусулман
9.	бүрлүгеч (шәнгiш - қална)	65.	нағачу (нағашы)
10.	бүрүнчек (бүркенiш: бетперде, тор)	66.	онқұртқа (омыртқа)
11.	бұламақ (быламық)	67.	отачы
12.	білезүк	68.	өрмүкчі
13.	бісмиллаһ	69.	өсүрүк (есірік, мас)
14.	васііет (өсет)	70.	пайғамбар
15.	ғарлуғач	71.	пейшенбе (бейсенбі)

16.	дғұлға (дулыға)	72.	ривайет (рубаят – әңгіме)
17.	джүгері (рауған)	73.	сағызған (сауысқан)
18.	джүрүке (жүрек)	74.	сағынмақ (көңіл күйі)
19.	дүшенбе	75.	садака
20.	екізек	76.	салават
21.	екінді (екінді намаз)	77.	сарғылдақ (сарғалдақ)
22.	ертекі	78.	сарымсақ
23.	зағфаран (запыран - шафан)	79.	сахтіян (сафьян)
24.	замане	80.	сейшенбе (сейсенбі)
25.	зелзеле	81.	суағуч (суағаш – сылақшының құралы)
26.	зійарат	82.	суркучы (пышақ сүргіші, жүзі)
27.	йанбашы (жамбас тамыр; <i>бірккен сөз: жан бас</i> )	83.	табыблық (тауіптік)
28.	йекшенбе	84.	табіғат (сипат)
29.	йелпугүч	85.	тағала (Алла)
30.	йонгучы	86.	таразу (таразы) (
31.	йорунчка (жоңышка)	87.	татаку (тартпа: төс тартпа, айыл тартпа)
32.	йумуртка	88.	тебенү (тебіңгі)
33.	йыңырчак (ыңыршак – орамалы ер-тоқым)	89.	тегене
34.	каджіра (кажыра гүлі – сафлор)	90.	тегірмен
35.	кекіртек (кеңірдек)	91.	темерткү (теміреткі)
36.	коверчкен (көгершін)	92.	турумтай (жамбас)
37.	көбелек	93.	тутія (тутія таш – тотия тас (тотиян): каминная тутия – род шнка)
38.	көлеге (көленке)	94.	түкүрүк
39.	көрүмлүк	95.	үзенгү
40.	көсегү (көссеу)	96.	фереджі (пәраңжі)
41.	күткучі (күтуші: уй күткучі - сиыршы)	97.	феріште
42.	қабурга	98.	хазіна
43.	кавурчак	99.	хайанат (киянат, сатқындық)
44.	қазына	100.	халифа
45.	камурска	101.	хыйанат
46.	қанағат	102.	һерекет (әрекет)
47.	қарамұқ (қарамық)	103.	һыйанат (киянат)
48.	қарандас (ағайын)	104.	Һиндустан (Үндістан)
49.	қарлуғач	105.	чаршембе (сәрсенбі)
50.	қарчығай	106.	чәүртке (шегіртке)
51.	қасыды (қасида)	107.	чыпчурга (шыбыртқы)
52.	комурска	108.	шефағат
53.	қоғаршун (қоғасын)	109.	ысырға (сырға)
54.	қоңқырау (қоңырау)	110.	ібадет (ғибадат, иба)
55.	қудуға (ыдыс, құмыра)	111.	ітелгү
56.	қуйушқун (құйысқан)	112.	ішарет (ишарат, емеурін)

4-буынды зат есімдер

1.	йалбарғучы	5.	карауыл
2.	іхтіһар (ерік)	6.	теверекі (күннің теверекі – күннің шеңбері; дөңгелегі, төңірегі)
3.	іһтіһал (ықылас)	7.	тегүргүчі (кадалған көз қарас)
4.	көмүлдүрүк (өмілдірік)	8.	чекірдекі (жүзімнің, құрманшыл дәні: <i>шекілдеуік</i> . Орт. Қазақстан диалектісі)

Сын есімдер

1-буынды сын есімдер

1.	ак	16.	сак
2.	аш: ас – 1) (з.е.); аш – 2) (сын е.)	17.	сах (сақ болу) (сын е.)
3.	бай: 1) (з.е.), 2) (сын е.)	18.	саф (таза)
4.	боз	19.	сурх (сұр)
5.	йаш: 1) жана (сын е.); 2) жасыл(сын е.); 3) жалпақ, жазық (сын е.); 4) жарқыш (з.е.)	20.	таз: 1) таз (таз жара) (з.е.); 2) таза (таза, адал; жас); тазе (жас) (сын е.); 3) тазы (ит) тай (сын е.)
6.	кең	21.	тар (тар, қысық)
7.	кеңс (сын е.) (Кеңс қалды екі іш арасында – Екі істің арасында дал болды)	22.	тең (тепе-тең)
8.	кеп (з.е.) (ботаның тұлыбы – чучело верблюженка. Қазір «Салақ адамның кебін кнiп қалып жүрме!» деген сөйлемдегі мағынасында сақталған)	23.	тоқ (аш емес)
9.	көк: 1) көк түс (сын е.); 2) аспан (з.е.)	24.	тул (жесір)
10.	кір (сын е.)	25.	түз (түзу)
11.	қақ 1) (I. қақталған ет; II. қақ су) (сын е.); 2) қақты, қақлады (етті қақтады) (егіст.)	26.	түк: 1) жүн(з.е.); 2) әтек (сын е.)
12.	қағ (қатты)	27.	хам (шикі)
13.	қор: 1) қор болды (қылды) (сын е.); 2) қор тұтты – кем көрді, кемсітті, жек көрді (з.е.)	28.	хас (нағыз, таңдаулы)
14.	қып (қып-қызыл)	29.	чал (бурыл)
15.	нық, нік (нағыз)	30.	чол (жазық)

2-буынды сын есімдер

1.	абак (аппак)	78.	кіші
2.	ағыр (ауыр)	79.	қалтақ (азған, бұзылған әйел)
3.	азыз (әзіз, қадірлі)	80.	қалын
4.	ақлық (ақшыл)	81.	қама: 1) соқыр: қамады көзі – көзі соқыр болды, қамады көзлеріміз – көзіміз соқыр болды (сын е.); 2) мүжілу, қажалу: қамады тіштері – тістері қажалды, қамақ тiн – тiссiз

			(етіет.)
5.	ала	82.	қара
6.	аман	83.	қары (кәрі)
7.	авук	84.	қасқа
8.	арам	85.	қаттық (қатты, қнын, ауыр)
9.	артук	86.	қаты (қатысты)
10.	аруғ	87.	қатығ (қатал)
11.	арық (таза, арылу)	88.	қашук
12.	ауыр	89.	қумар
13.	ахта (пішпе)	90.	қуруғ (қурғак)
14.	аһмак	91.	қуры (қурғак)
15.	ачук	92.	қызыл
16.	ачығ	93.	қыйын
17.	бақы (мәңгі-бақи)	94.	қышқрак (қыңыр)
18.	батыл	95.	қысқа
19.	бергү (берешек)	96.	қысыр: 1) буаз емес мал (сын е.); 2) аңызак жел (қысыр йел) (сын е.)
20.	берік	97.	қышлық (қыстық, қыскы)
21.	боғаз (буаз)	98.	қййін
22.	боғуз: 1) тамақ (з.е.); 2) боз (сын е.)	99.	лайық
23.	бөгрі(бүкір)	100.	мамуқ
24.	бөдүк (биік)	101.	мундақ (ондай; қазіргі қазақ тілінде: андақ-мұндақ – әр нәрсені айту)
25.	бөкей (бүкір)	102.	мүһім (маңызды)
26.	бүтүн	103.	мүшкүл (қнын)
27.	бійі (биік)	104.	нақес (онбаған)
28.	ғазіз	105.	ойғақ (ояу)
29.	ғаріб (кедей)	106.	онқай (оңай)
30.	ғатық (қатты)	107.	ортақ
31.	ғашық	108.	осал
32.	ғырак (жырак)	109.	өгей
33.	джумард (жомарт)	110.	өңлүк (өңді: бидай өңді)
34.	емлік (асау, бас білмеген)	111.	савук (суық)
35.	ерке (тотай)	112.	сағрау (санырау)
36.	ескі	113.	сақыр (санырау)
37.	еслік (есті, есі бар)	114.	сары
38.	загіф	115.	сауық (суық)
39.	залім	116.	сүйук
40.	зійан	117.	сусар
41.	зіна (знақор)	118.	сыңар
42.	йабаш (жуас)	119.	сіврү (сүйір)
43.	йавук (жақын)	120.	сірек (сирек)
44.	йағыр (жауыр)	121.	терең
45.	йазы (жазық дала)	122.	торуқ (торы)
46.	йайақ (жаяу)	123.	тузлақ (сорғаң)
47.	йақшы	124.	туташ
48.	йақын	125.	түрлүк (түрлі)
49.	йалан	126.	тірі

50.	йалгуз	127.	уашун (жасырын)
51.	йалған	128.	узун
52.	йалдыр	129.	улуг: 1) үлкен (сын е.); 2) ұлы (сын е.); 3) басшы (з.е.)
53.	йаман	130.	ушак (ұсақ)
54.	йанар (қайтар жер)	131.	фасық (пасық)
55.	йанғы (жана)	132.	хелал (адал, таза)
56.	йарук	133.	һаіран (қайран болды)
57.	йагук	134.	чаблар (шаблар)
58.	йахчы	135.	чала (шала)
59.	йашыл	136.	чокур (шегір, шұбар)
60.	йенгіл	137.	чолак
61.	йетім	138.	чочак: 1) шошак (сын е.); 2) тасак (з.е.)
62.	йумыр (жұмыр)	139.	чугур (шұңқыр)
63.	йумшак	140.	чығай (келей)
64.	йупка (жұқа)	141.	чычкак (тышкак)
65.	йылтыр	142.	ысығ (ыстық)
66.	йылы	143.	хелал (адал, таза)
67.	йымшак (жұмсақ)	144.	һаіран (қайран болды) (
68.	йыпар	145.	чаблар (шаблар)
69.	йырық (жырық, жырылған)	146.	чала (шала)
70.	йінчке	147.	чокур (шегір, шұбар)
71.	кенен (бейкам, салақ)	148.	чолак
72.	кеңес (таң – таң болу, таңыркау)	149.	чочак: 1) шошак (сын е.); 2) тасак (з.е.)
73.	кетүк	150.	чугур (шұңқыр)
74.	көзе (көсе)	151.	чығай (келей)
75.	күнес (ыстық)	152.	чычкак (тышкак)
76.	кічік (кіші, жас, кішкентай, аздап)	153.	ысығ (ыстық)
77.	кішне	154.	інчке (жінішке)

### 3 буынды сын есімдер

1.	абадан (көркем)	4.	міһрібан (мейірбан)
2.	йеттүчі (қомағай: йет – ет)	5.	тексеббүр (тәкәппар)
3.	қаранку (қараңғы)		

### 4 буынды сын есім

1.	қынқырақы (қыпыр)		
----	-------------------	--	--

### Сан есімдер

#### 1 буынды сан есімдер

1.	беш	4.	мің (мың)
2.	бір	5.	он
3.	йүз	6.	төрт

2 буынды сан есімдер

1.	алты	6.	қырық
2.	алтмыш	7.	отуз
3.	екі	8.	секкіз
4.	еллік (елу)	9.	тоққуз
5.	йеті	10.	тоқсан

3 буынды сан есімдер

	йігірмі		
--	---------	--	--

Есімдіктер

1 буынды есімдіктер

1.	ал (ол)	7.	не
2.	бу	8.	ол
3.	бү (бұл)	9.	өз
4.	біз	10.	сан (сен)
5.	мен	11.	сен
6.	мұн (ол)	12.	сол

2 буынды есімдіктер

1.	анга (оған)	5.	манқа: 1) адым(з.е.); 2) маған (бар,септ. мен) (есімд.)
2.	бары (бәрі)	6.	нече
3.	кайсы	7.	нечүк
4.	қачан (қашан)	8.	

Етістіктер

1 буынды етістіктер

1.	ар: 1. арған – шаршаған; 2. арды – талды (етіст.)	85.	қой
2.	арт (арту)	86.	қош
3.	ат (ату)	87.	қош (мақұлдау)
4.	ач	88.	қус (жүрегі айну)
5.	бағ: 1) (з.е.), 2) етіст.	89.	қуч (құшпақтау)
6.	бақ (бағу, байқау)	90.	күй (қыздыру)
7.	бар (бару)	91.	қыз (қызу)
8.	бас	92.	қыл (істеу)
9.	бағ	93.	қыр: 1) мұрынның қыры (з.е.); 2) көздің қиығы (з.е.); 3) қыру (етіст.); 4) атты қасу (етіст.)
10.	бер	94.	қыс (қысу)
11.	бол	95.	ман (малу, батыру)
12.	боп	96.	мін
13.	бөк	97.	ор
14.	бөл	98.	өк, өкесуді
15.	бур (жап)	99.	өл
16.	бүк	100.	өп (сүю)

17.	бұр	101.	өр (өру)
18.	бүт	102.	өс
19.	біл	103.	өт
20.	біт (аяқта)	104.	өч
21.	де	105.	піс, пұш, пыс (пісу)
22.	дур (тұру)	106.	сал
23.	ег (иді)	107.	сат
24.	ег (ню)	108.	сев (сүйі)
25.	ек	109.	сез
26.	ел (елеу)	110.	сеп (себу)
27.	елт (еру, ерту, апаруды, әкету)	111.	сой
28.	ен (түсу)	112.	сок (согу)
29.	ес (жел есті)	113.	сор
30.	ет (істе)	114.	сөк (үрсу)
31.	еш (жіп, аркан ширату, есу)	115.	сөн
32.	йағ (қоймалжың затты жаю, жазу)	116.	сук
33.	йағ (жауу)	117.	сун (ұсын, бағын)
34.	йай (мал жаю, мекендеу)	118.	сур (сүндеттендіру)
35.	йак (тұтандыру, оталдыру)	119.	сүз
36.	йап (бүркеу)	120.	сүр (қуу Батыс Қазақстанда еркек малдың айғырлығы)
37.	йар (жару, бөлу)	121.	сүрт
38.	йар (екі бөлу)	122.	сүс (сүзу)
39.	йағ (көлбеу калып. етіст.)	123.	сын (сыну)
40.	йе (же)	124.	сык ( сығу)
41.	йег (жегу)	125.	сыз (сызу)
42.	йеш (шешу)	126.	сі (сно)
43.	йон	127.	сілк
44.	йу (жу)	128.	сін (сіңу)
45.	йум	129.	тай (тайғанау)
46.	йур (жуар)	130.	там: 1) қабырға (з.е.); 2) ағу (етіст.)
47.	йут	131.	таң (таңырқау)
48.	йүл (жүлу, қыру)	132.	тат: I.дәмін көру (етіст.); II.мекендеу(йер татты) (етіст.)
49.	йү (үю)	133.	тег (ти)
50.	йүр (жүру)	134.	те (де)
51.	йығ (жығу)	135.	тер ( біртіндеп жинау)
52.	йығ (жуу)	136.	теш (тес)
53.	йығ, йык (жык)	137.	тол (ернеуіне келу)
54.	йырт	138.	тоң (мұздау)
55.	йіт (жытты, жоғалды)	139.	төз (шыда)
56.	кез	140.	төк
57.	кей (ки)	141.	ту
58.	кел	142.	тур
59.	кер	143.	тут (ұсға, пайдалан)
60.	кес	144.	түг (түй)
61.	кет	145.	түй
62.	кеч (кешіп өту)	146.	тый
63.	көм	147.	тын

64.	көн (келісу)	148.	тіз
65.	көр: 1) з.е.; 2) етіст.	149.	тік
66.	көс	150.	тіл
67.	көч	151.	тін (тынығу, демалу)
68.	күв (ісу)	152.	тіт (түту)
69.	күй	153.	уат (жату)
70.	күл (күлу)	154.	ұр (ұру)
71.	кү (ашу, күйіну)	155.	уч
72.	кыл-(істеу)	156.	ұш, үш (үшу)
73.	кйй (кшо)	157.	үг (үгу)
74.	кір	158.	үз (жүзу)
75.	каз	159.	һар (ару, шаршау, жажу)
76.	кайт	160.	һур: 1)үру: иттің үруі; 2) жел айдау (етіст.)
77.	кақ 1) (I. қақталған ет; II. қақ су) (сын е.); 2) қасты, қақлады (етті қақтады) (етіст.)	161.	чап (аттың жылдам қозғалысы)
78.	кақ (соғу, ұру; кас қағу)	162.	чәп (кәс)
79.	қал	163.	чөк (тізерлеу)
80.	қан (кану, қанағаттану)	164.	чық, чік (шығу)
81.	қап (қабу, Ит қапты)	165.	чыт (қабағын шытты, жүзі түнерді, бетін тыжырды) (етіст.)
82.	қат (қосу, араластыру)	166.	ін (ыңырану)
83.	қаур (қуыр)	167.	іч (ішу)
84.	қач		

2 буынды етістіктер

1.	ағар	96.	қызар
2.	айыр (ажырат)	97.	қызыт (қыздыр)
3.	акса	98.	қырла
4.	актур	99.	қычқыр
5.	алда	100.	мақта (мақтау)
6.	ангар (байқа)	101.	меңзе (ұқсау)
7.	анкла (анықта)	102.	мөңре
8.	арчы(етіст.)	103.	муңра
9.	ары (тазарту, арылу)	104.	ойна
10.	асур	105.	оқран
11.	ата	106.	оқсат (ұқсағ)
12.	аула	107.	оқу
13.	ахтар (шашу, төгу)	108.	оқша (ұқса)
14.	бағла (байқа)	109.	олда (алда)
15.	бозла	110.	олтур (отыр)
16.	болуш	111.	орна
17.	бұлға: 1) ласта, араластыр(етіст.); 2) қол бұлғау (етіст.)	112.	осур
18.	буруш (бырысу, қырғыстану)	113.	отла
19.	бутра (бытыра, жайыл)	114.	отур
20.	бүрке (жамыл)	115.	өгре (үйрен)
21.	ғалған (қалған)	116.	өлче

22.	джанчі (жаншы, ұнтақта)	117.	өту
23.	джылау (ылау)	118.	өгүн
24.	егді (иді)	119.	өчүр
25.	ейле (иле)	120.	сағын (андағын)
26.	еке (еге)	121.	сақла
27.	елге (ұнды еле)	122.	санғы (санғыт)
28.	енен (киннал)	123.	санча (шаншы)
29.	енрен (ыңыран)	124.	сачра (шашыра, төгіл)
30.	ері (жібу)	125.	сашы (сасы)
31.	ескір	126.	седжде (табын)
32.	есле	127.	секір
32.	есне	128.	семір
33.	ешіт (есті, тында)	129.	сочы (шошы, үрік)
34.	яағар (жауу)	130.	сұғал (суалу, су біту)
35.	йада (көтере алмау – қазіргі қазақ тілінде: жүдеді-жалады)	131.	сурған (сураған)
36.	йама	132.	сүпүр
37.	йапук (жапырылған)	133.	сыла (сипа)
38.	дебрет (тербет)	134.	сына
39.	йапыш	135.	сіпүр (сыпыр)
40.	йара (жасау)	136.	тайан (таян, сүйен; ауысп. үміттен)
41.	йараш	137.	тала
42.	йару (жарқыра)	138.	тамам : 1) бәрі (есімд.); 2) бітті
43.	йаса (жасан, сәнден, әшекейлен)	139.	танла
44.	йастан	140.	танур (қуыру. Тандыр, тандыр нан)
45.	йаша	141.	таны (тану, айыру) (етіст.)
46.	йашур (жасыр)	142.	тапшур (тапсыр) (етіст.)
47.	йелпү	143.	тара (талшық заттарды жазу)
48.	йетіш	144.	ташла(етіст.)
49.	йолуг	45.	тебре (қозға, қозғал)
50.	йоры (жоры)	146.	тепре (қозға)
51.	йуаса (жаса)	147.	тоға (туа)
52.	йүғрат (ұйыды)	148.	тоқта(етіст.)
53.	йүғур (иле)	149.	тоқу(етіст.)
54.	йумша	150.	тола (тояған)
55.	йүгүр	151.	толға (бойн толғады – мойнын бұрды)
56.	йығла	152.	төкет (түгесілді, таусылды)
67.	йібер	153.	толе
58.	йігре (жніркен)	154.	төңгер (төңкер)
59.	йігі (еге)	155.	төше
60.	кевше (күйсе)	156.	түңүл (үмітсіздену)
61.	кекір	157.	тіле (сұра)
62.	кенгес (кенесу)	158.	тіргүз (тірілт)
63.	кечік	159.	тігре (дірілде, тітіркен)
64.	көксе	160.	уала (уқала, сұрткіле)
65.	көнше (көну: <i>қоңілі көншімей отыр</i> )	161.	уза

66.	копкен (кепкен)	162.	уйу (уҗы, жансыздан)
67.	копті (көтерілді, күпінді)	163.	ула (ұласу, жалғасу)
68.	көтер	164.	улғай
69.	күкре (күркiре)	165.	улу (улы – қасқырдың ұлуы)
70.	қабар (ісін)	166.	умун (-ды) (үміттенді: «ұмсынды» деген сөз түбірлес секілді)
71.	қада	167.	уна
72.	қайна	168.	унут (ұмыт)
73.	қайы (буаз болу)	169.	урнуш (ұрсые)
74.	қама: 1) соқыр: қамады көзі – көзі соқыр болды, қамады көзлеріміз – көзіміз соқыр болды (сын е.); 2) мүжілу, қажалу: қамады тішлері – тістері қажалды, қамақ тіш – тіссіз (етіст.)	170.	ушалды (ұсатыл, майдалан)
75.	қапа (қама)	171.	ұлғур (ұлгер)
76.	қара	172.	чайна
77.	қарма	173.	чакыш (ерегісу)
78.	қары (суыт, мұздат)		чарла (айқайла, шарылда, шақыр, бакылда, ұлы, ақыр, қаркылда, шықылда, санқылда, кісіне, құркылда, қаңқылда, қышқыр, мняула, шырылда, сыбдыра, құр-құрла, шықылда, күңірен, абала)
79.	қасы (қасу)	174.	чене (өлше)
80.	қатыш (араласу)	175.	чұлға (орау)
81.	қобар	176.	чүру (шірі)
82.	қолуш (қол ұшын беру, бір-бірін қолдау)	177.	чүшкүр (түшкір)
83.	қопар	178.	чыда (қабілеті жеткенше, мүмкіндігінше, шыдағанша)
84.	қопды (тұрлы)	179.	чықча (шұқыла)
85.	қорку	180.	һүркті (үрікті)
86.	қорқан: 1) қорған (з.е.); 2) қорыққан (етіст.)	181.	чіне (өлше: мінеу-шенеу деген қос сөз құрамында кездесседі)
87.	қору (қорыды, қорғады)	182.	шішкен (кепкен)
88.	қошлаш (мақұлдау)	183.	ынан (илан)
89.	қуқу (көгершін құркылдады)	184.	ырджай (ыржи)
90.	қурул	185.	ынан (илан)
91.	қутқар	186.	ігрен (жирену)
92.	қутул	187.	ілік (ұмтыл)
93.	қутур	188.	інде (шақыр)
94.	қуфшла (құлыпта)		
95.	күйдүр		

3 буынды етістіктер

1.	асыра	12.	кукыра (қарны шұрқырады)
2.	бахышла	13.	қылқылда
3.	ғанқыра (есектің ақыруы)	14.	кымырла (кыбырла)
4.	есірге (аяу)	15.	кысарла (кыспаққа ал)

5.	есіне	16.	оғурла (ұрла)
6.	йалдузла (йалдузлаған йүген – күміс жалатылған жүген), йалдузлады (йалдузлады курға – белдікке алтын жалатты)	17.	сығунур (сыйыну)
7.	йарлығы: 1) жарылқа; 2) кешірім сұрау, тілеу (етіст.)	18.	тоқунуш (тоқайлас)
8.	йумалат	19.	увала (сүртті, иледі, ұсақтады: масақты бастырды)
9.	күніледі (кызғанды; қазіргі: күніледі)	20.	уйуқла
10.	күркіре (көк күркірекі – күннің күркіреуі)	21.	шапакла
11.	куқула (көгершіннің құркылдауы)		

**Көмекші есімдер**  
2 буынды көмекші есімдер

1.	асты	5.	қашы (қасы, маңы, жаны)
2.	йаны	6.	сырты
3.	қасы (қасы)	7.	ақыры (соңы)
4.	қағы (қасы, маңы, жаны)		

**1, 2 буынды үстеулер**

*1 буынды үстеулер*

1.	аз (көп емес)	5.	нақл (нақты)
2.	аз (арықта) )	6.	он
3.	көп	7.	тан: 1) күннің шығуы (з.е.); 2) таңғы уақыт (үст.)
4.	кеч (кеш – ерте емес)	8.	ырк (жырақ, алыс)

*2 буынды үстеулер*

1.	ақшам	11.	ерте
2.	алчақ	12.	йана (тағы)
3.	алы (алды)	13.	йарым
4.	ақыр	14.	йырақ (аулақ, алыс)
5.	ахшам	15.	кенет
6.	бөлек	16.	керу
7.	бурун (бұрын)	17.	кече
8.	дағы (тағы)	18.	кейін
9.	дайым (әрдайым)	19.	мында (мұнда, осында)
10.	емді (енді)	20.	наһақ

*3 буынды үстеулер*

1.	сонқлары (сол жақ)	8.	шеһіт (шейіт болды)
2.	тебен (төмен)	9.	ауелі
3.	төбен (төменгі)	10.	йоқары
4.	төкел (түгел)	11.	теврекү (айнала)
5.	түгел	12.	тескері (тысқары)
6.	һазыр (әзір)	13.	түкеті (түгел, тұтас)

7.	чумал (шокай – шөкелеп отыр)	14.	ілгері )
----	------------------------------	-----	----------

4 буынды үстеулер

	андағарі
--	----------

Шылаулар

1 буынды шылаулар

1.	ен	3.	һер (әр)
2.	сон (сон, кейін)	4.	һіч (еш)

2 буынды шылаулар

1.	анча (онша)	5.	кейін
2.	біле (білен: – мен, – пен)	6.	сонкра (сон, кейін, кейіннен)
3.	легінч (дейін)	7.	үчүн
4.	егер		

3 буынды шылаулар

	тегінче (дейін)
--	-----------------

Модаль сөздер

1 буынды модаль сөздер

1.	бар	2.	йөк
----	-----	----	-----

2 буынды шылаулар

1.	керек	2.	һаджет (қажет)
----	-------	----	----------------

Еліктеуіш сөздер

1.	лаф (лаф ұрды ер – еркек мылжыды, лапылдады)	2.	хур (қор – қорылдады)
----	--	----	-----------------------

Одағай сөздер

1.	тек (тыныш) (одағай) (Тәйт! Тек отыр!)	2.	амни
----	--	----	------

3.3.2. Әбілқасым Замахшаридың «Мукаддимаг әл-әдәб» сөздігіндегі қосымшалардың сипаты

Омоним, синоним, антоним және полисемия терминдері сөз формасы мен мағынасына қатысты ғана қолданылуы керек болғанмен, бұл терминдерді морфологиялық формалардың грамматикалық мағыналарына да қатысты сөз ету дәстүрі бар. Сондықтан сөздіктегі грамматикалық формаларды омоним қосымшалар, көп мағыналы қосымшалар, синоним қосымшалар және антоним қосымшаларға жіктеп, талдауға болады.

3.3.2.1. Омонимдік және полисемиялық қосымшалар

Омоним – фонетикалық-графикалық құбылыс, сондықтан да ескерткіштерді танып-білуде тарихи жазбалардың қай кезеңде, қандай тілде жазылғаны, түпнұсқаны немесе көшірмені кім, қалай жасады деген сауалдарға жауап беру қажет. Бұл сұрақтарға толық, анық жауап алу жазба ескерткіштер бірнеше ғасырдың мұрасы болғандықтан, қиын немесе мүмкін емес. Ескерткіштің тасқа, қағазға түскен, түсірілген кезеңнің орфографиясы мен орфоэпиялық принциптері қазіргі талаптармен сәйкес еместігі немесе қолданыстағыдай болмағандықтан, сөздердің дыбыстық, буындық құрамы туралы түйінді пікір жасау да, тұжырым айту да күрделі. Мәселен, Замахшари сөздігінде сөздердің көңүл, йүгүр, йумур, йолуғ болып жазылып және оқылуы қазіргі қазақ тілінің

айтылу (орфография) заңына сай келеді. Мұндай пікірді жалпы сөздік материалындағы лексика, фонетика, морфология және синтаксис туралы да айтуға болады. Бұл мәселелердің бәрінің аз-Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігіне де қатысы бар. Оны көрнекті түрколог Э.Н.Наджиб «Мукаддимат аль-адаб» аз-Замахшари. Лексико-грамматическое замечки» атты мақаласында санамалап айтылған. Онда Наджиб 1938 жылы Н.Н. Поппе сөздіктің дефектілі тізім бойынша шығарған, Поппе түрколог болмағандықтан, өзіне дейінгі көшірушілердің қателері мен нақты емес тұстарын түзетпеген, қайта дұрыс оқымаудың кесірінен жаңа қателерді жамаған дейді. Сөздіктің түркі сөздері бөлігі – араб-парсы сөздері бөлігінің сөзбе-сөз аудармасы, сондықтан түркі сөздері бөлігі сол кезеңдегі түркі тілінің синтаксисінің негізі бола алмайды деген түйін жасайды. Фонетикалық және лексикалық-морфологиялық белгілер сол кездегі Хорезм өңіріндегі ауызша түркі тілінің жағдайын көрсете алатынын айтады. [27:125-127]. Ал омонимдік, полисемиялық қосымшаларды бір-бірінен ажыратуға қарастырудың басты себебі этимологиялық тұрғыда оларды көбіне бір-бірінен айыру қиын немесе мүмкін емес, екіншіден, ол қосымшаларды қазіргі түркі тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен тарихи салыстыра зерделеу осы іспеттес аффикстердің динамикасын бағамдауға мүмкіндік береді.

1) - *a* қосымшаның сөз жасайтын, сөз түрлендіретін жұрнақтары түрінде ғана кездеседі. -*a* жұрнағының 3 грамматикалық мағынасы бар: көсемшенің жұрнағы (ас-а-дар, айт-а-дур), етістіктен үстеу жасайтын жұрнақ (йаш-ур-а – жасырын), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (йаш-а, йашын-а – найзағайдың жаркылдауы). Бұл жұрнақтың 3 грамматикалық формасы қазіргі қазақ тілінде актив жұрнақ ретінде де, пассив жұрнақ ретінде де қызмет етеді;

2) - *ap* сөз түрлендіретін жұрнақтар түрінде қолданылады. Бұл жұрнақтың 2 грамматикалық мағынасы бар: ырықсыз етіс жұрнағы (ағ-ар, ағ-ар, йығ-ар) және келер шақ есімшенің жұрнағы (ағ-ар, бар-ар). Бұл жұрнақтар қазіргі қазақ тілінде актив жұрнақ ретінде қолданылады;

3) - *ge* жалғау және жұрнақ ретінде сөздікте 3 грамматикалық мағына береді. Олар: барыс септігінің жалғауы (белгү-ге, егінге – ныққа), тарихи тұрғыда барыс септігінің жалғауы болғанмен, есім сөздерден үстеу жасайтын жұрнақ (бір-ге) сөздікте етістік жасайтын жұрнақ ретінде, ал қазіргі қазақ тілінде пассив не өлі жұрнаққа айналған (ел-ге-ді – еледі, есір-ге-ген);

4) - *gen* жұрнағы 2 грамматикалық мағына береді: есімшенің жұрнағы (егіл-ген, есір-ген), сан есімнен зат есім жасайтын жұрнақ (йеті-ген – жеті қарақшы жұлдызы; йеті-ген – жегінің бірі: йетіген үлүшідің бір үлүш – жеті үлестің бір үлесі). -*gen* жұрнағының соңғы грамматикалық қызметі қазіргі қазақ тілінде жоқ, тарихи жұрнақ қызметінде ғана қалған;

5) - *da* қосымшасы жалаң форма ретінде 4 грамматикалық мағынада қолданылған. Олар: жатыс септігінің жалғауы (ақшам-да, йапан-да), тарихи тұрғыда жатыс септігінің жалғауы болғанмен, үстеу жасайтын жұрнақ (йол-да), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (абад-да, ан-да-онда, байқа), үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ (астыда-кі), яғни жалғау және жұрнақ қызметін атқарады. Сонымен қатар -*da* қосымшасы күрделі қосымшалар құрамында да сөздерді түрлендіру, жасау қызметтерінде жұмсалады: жатыс септігіне үстеу жасайтын жұрнақ бірігіп сын есім (йер-да-ғы), етістік жасайтын жұрнақ пен көсемше жұрнағы (ан-да + й – аңдағын, байқағын), зат есімнен үстеу жасайтын және ортақ етіс жұрнағы бірігеді (йол-да-ш);

6) - *de* қосымшасы -*da* секілді жатыс септігінің жалғауы ретінде (бешік-де, едіш-де – ыдыста), тарихи жатыс септігінің жалғауы болғанмен, үстеу жасайтын жұрнақ ретінде (ерте-де), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (белгү-де-ді – белгіледі, таңбалады) болып қолданылады. Ал -*da* қосымшасынан айырмашылығы туынды етістіктер үстеу жасайды (кел-үр-де), барыс септігінің жалғауы қызметін атқарады (йүрү-мек-де – жүрмекке

асықты). Күрделі қосымша құрамында зат есімге жатыс септігі жалғауы жалғанып, үстеу, үстеуге -кі жұрнағы жалғанып, сын есім жасау қызметі ғана бар (көл-де-кі, йүзін-де-кі);

7) - дур жіктік жалғауының III жағы (айт-а-дур, йон-а-дур), өзгелік етістің жұрнағы (аз-дур, ас-дур) грамматикалық мағыналарын береді;

8) - ды қосымшасы табыс септігінің (ақ-ды), жіктік жалғауларының (айыб-ла-ды, бут-ра-ды) және етістік жасайтын жұрнақ (ар-ды) қызметтерін атқарады;

9) - дын 2 септік жалғауының қызметін атқарады: алғашқысы ілік септігінің жалғауы -дың формасымен қатар қолданылса (адаб-дың, йай-дың), екіншісі шығыс септігінің жалғауы (бінуш-лық-дың - сезбестіктен, ағырк-лық-дың - аурулықтан, телбелік-дін - есуастықтан). -дың қосымшасы жазылу мен оқылуда -дан жалғауынан кате оқылған болар деп ойлауға бір немесе үш сөз емес, шығыс септігіндегі бірнеше сөздің -дың болын кате жазылуы мүмкін емес;

10) - ді қосымшасы жуан -ды қосымшасына карағанда грамматикалық қызметі кеңірек қолданылған. Мәселен, -ді жіктік жалғауы (ев-ле-н-ді, ен-ді - түсті), табыс септігінің жалғауы (ер-ді), сын есімнен етістік жасайтын жұрнақ (берке-ді) қызметтерімен қоса, жедел өткен шақтың жұрнағы (ег-ді - иді, ег-іл-ді), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ді - есті) грамматикалық мағыналарын жасайды;

11) - ек жұрнағының етістіктен зат есім (бөл-ек), сын есімнен сын есім (ек(г)і-з-ек) жасайтын жұрнақ сипаттары бар. Түркі тілдерінің тарихи грамматикасын зерттеушілер көптеу категориясының көптік формасының - лар (-лер), - дар (-дер), тар (-тер) дегендерден басқа -т және -з формалары болғандығын дәлелдегені белгілі [46:136-139].

Егізек туынды морфемасының құрамындағы -з қосымшасы жайлы біршама ойлар өрбітуге болатын сияқты. Сөз түбірінің екі екені, оған жалғанған -з қосымшасының жұптық (двойственность) мағына беретіндігі, бұл форманың (егіз) түркі тілдерінде актив қолданылатыны түсінікті. Сирек болса да қолданылатын егізек сөзі (кісі есімінде қолданылатын Тоғызак) -ек (-ақ) жұнақтарының сын есімнен сын есім жасауы -з көптік мағынасы кемескіленіп, сын есім жасайтын жұрнаққа айналғаны, сын есім жасау мағынасы заттанғандықтан, егіз сөзіне -ек (тоғыз сөзіне -ақ) жалғанып, сын есім жасалады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде з дыбысынан сөз басталмайды және аяқталмайды. З ұяң дауыссыз дыбысы көптік жалғау қызметінен сөздер түбіріне кіріге бірігіп кеткен. Мысалы, біз, сіз, көз деген есім сөздер, жалғы-з, ек(г)і-з, тоғы-з, оты-з, алпы-с(з), жетпі-с(з), жү-з сандық мәнді және сан есім сөздер; Бұл тұжырымдарды Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджневалардың -з, -к//к//х көне сан категорияларының көрсеткіштері жайлы айтқан пікірлері дәлелдей түседі. Олар жіктеу есімдіктерінің құрамындағы көптік көрсеткіші болатынын түрікше кешеше түрдегі *бен* көпше түрде *биз*, *сен* - *сиз* екенін; кейбір зерттеушілердің жұптық мағына беретініне түрік тіліндегі *икиз* (егіз), *гөз* (көз), *гөгүз* (көкірек), *тиз* (тізе), *омуз* (нық), *мегіз* (мүйіз) деген мысалдарды дәйек етсе, *оғыз*, *қырғыз* этнонимдер құрамында кездесетінін қосымшалармен дәлелдей түседі. [47:88].

12) - ер жұрнағы сөзге келер шақ есімше жұрнағы (кел-ер), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ер) грамматикалық мағыналарын үстейді;

13) - кі жұрнағы жалаң формада 2 грамматикалық мағына жасайды: тұйық етістік жұрнағы (күр-кі-ре-кі - күркіреуі), үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ (астыда-кі, ерте-кі - ертегі), күрделі формада да 2 грамматикалық мағына береді: одағайдан етістік жасайтын жұрнақ (күр+кі+ре-кі - күннің күркіреуі), есімнен етістік жасайтын күрделі жұрнақ құрамында (бір+кі+т-кен - байланған) болады;

14) - құр жұрнағы өзгелік етіс жұрнағы (аз-қур-ды), етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ (йам-құр - жаңбыр: йам - жамылу, жабу) қызметтерін атқарады;

-ла қосымшасы тек қана жұрнақтық, яғни сөзден сөз тудыру қызметін атқарып, жалаң жұрнақ санатында: бейтарап сөзден етістік (йоқ-ла), сын есімнен етістік (ағыр-ла, йахшы-ла-ды, йалдуз-ла-ған), зат есімнен етістік (йағ+ла-ды - майлады, йашын+ла-ды -

найзағай ойнады) жасайды. Күрделі жұрнақ (-ла+ш) құрамында келіп, зат есімнен етістік жасау арқылы ортақ етіс жұрнағын қызметін атқарады.

15) - ле жалаң жұрнақ ретінде 4, күрделі жұрнақ ретінде 4, яғни 8 грамматикалық мағынаның жасалуына негіз болатын актив және мағынаға бай қосымша.

Бұл жұрнақ жалаң формада: зат есімнен етістік (ейер-ле-ді – ерттеді, йүң-ле-ді – жүндеді, қауырсынын жүлді), туынды зат есімнен етістік (бер-ім+ле-ді-лер), сан есімнен үстеу жасайтын жұрнақ тарихи тұрғыда барыс септігінің жалғауы (бір-ле), сын есімнен етістік (ерке+ле-ді) жасаса, күрделі формада: есім сөзден етістік жасайтын жұрнаққа өздік етіс жұрнағы (мен, -пен, -пектес септігі жалғауының қызметіндегі бір-ле+н), зат есімнен етістік жасайтын жұрнаққа өздік етіс жұрнағы (йүк-ле+н-міш – үймелеген, қоңұл-ле+н-ді), сан есімнен етістік жасайтын жұрнаққа тәуелдік жалғау, оған тәуелденген табыс септігінің жалғауы (ек-е-ле+сі-ні – екеуін) және зат есімнен етістік жасайтын жұрнаққа ортақ етіс жұрнағы (бег-ле+ш-ті) жалғанады;

16) - лүк жұрнағы: зат есімнен сын есім (белгү-лүк, йүң-лүк – түстес, зат есімнен зат есім (йегү-лүк – тамақ, ауқат) жасайтын қосымша;

17) Ерiндiк -лүк жұрнағының жуан, езулiк варианты - лық 5 грамматикалық мағына беруге қатысты: зат есімнен сын есім (йағ-лық, ат+лық-лар – аттылылар), етістіктен зат есім (ағры-лық, біл-ме-с-лық), зат есімнен зат есім (дост-лық, душман-лық), зат есімнен үстеу (елчi-лық, дузах+лық-лар-ның), сын есімнен зат есім (йақшы-лық) жасайтын жұрнақтар болып қызмет еткен;

18) ерiндiк - лүк жұрнағының жіңішке езулiк варианты - лiк сын есімнен зат есім (бiйiк-лiк), етістіктен зат есім (бiл-мек+лiк), зат есімнен зат есім (джебе+лiк-лер – найзашылар, ем-лiк, ес-лiк), туынды сан есім (ел-лiк – елу) жасайтын қосымша болып келеді;

19) - ма қосымшасы: етістіктен зат есім жасайтын (йар-ма – жарма дән, жем), зат есімнен етістік (йа+ма-ды), етістіктің болымсыз түрін (айт+ма-ды) жасайтын жұрнақтар;

20) - мақ: етістіктен зат есім (йар-мақ), мақсат келер шақ есімше (ағыр-ла+мақ, айт-мақ) жасайды;

21) - мек жұрнағының -мақ деген жуан ұқсасынан бір ерекшелігі етістіктен зат есім жасайтын қызметі жоқ. Бұл жұрнақ негізінен есімшенің (йүгүр+мек – жүгірген), мақсат келер шақ есімше (бер-мек, бүт-кер+мек) жұрнақтары болып келеді. -мек жұрнағының тарихи тұрғыда, орта ғасырларда көп мағыналы қосымша болып, қазіргі -ған, -ген есімше жұрнақтарының қызметін атқарғаны байқалады. Аталған жұрнаққа тікелей немесе тәуелденген септік жалғауларының жалғануы (ет-мек+нi), яғни етістіктің септелуді – диахрониялық та, синхрониялық та аспектілерде қарлұқ тілдеріне тән құбылыс;

22) түркі тілдерінде (-) мен тілдік бірлігінің тарихи қызметі әр қилы болғандықтан, күрделі категорияға жатады. Мәселен -мен тілдік бірлігі: жіктеу есімдігі, ыңғайластық жалғаулық шылау және көмектес септігінің жалғауы. Жіктеу есімдігінен басқа формалары контексте дыбыстық өзгерістерге ұшырайды (жалғаулық шылау: мен, пен, бен, көмектес септік жалғауы: -мен, -пен, -бен). Бір ғана тілдік бірліктің бойында негізгі морфема, көмекші морфема және қосымша морфема категорияларының болуы осы бір мазмұндық және формалық байланыстары мен ұқсастықтарының себеп-салдарларын айқындауға қиындық келтіреді. Мысалы, жіктеу есімдігінің жіктік жалғауға өзгеруі (мен бара-мын), көмектес септігінің Ахмет Байтұрсынұлының грамматикасында септік түрі ретінде қарастырылмауы, ал жалғаулық шылаудың алғашқы екеуімен этимологиялық, диахрониялық тұрғыларда қандай себеп-салдарлық байланысы бар деген сауалдар әлі де зерделеуді қажет етеді... Оған ескерткіштегі -мен қосымшасының жіктік жалғауының I жағы (ес-ле-ме-с+мен – мен елемеспін), тарихи шығыс септігінің жалғауы (ес-ле-ме-с+мен – мен елеместен) болуы, әсіресе көмектес септігі емес, шығыс септігінің жалғауы болғандығы тағы дәлел.

23) - *мыш*, - *миш* жұрнақтарының есептік сан есім, (алт-мыш, -йет-миш), өткен шақ есімше (ач-ыл-мыш чечек – ашылған гүл, йеш-іл+миш – шешілген) жасайтын қызметтері бар;

24) - *ны*, - *ні* жалғауларының табыс септігінің (агрық-ны, баш-ны, ауч-ні, ев-ні, берген-ні), тәуелденген есімге табыс септігінің (баһа-шы-ны, йахшы-лығы+ны) қызметтерін атқарады. Бұл жалғаулар қазіргі қазақ тілінде тәуелденген есімнің табыс септігінде ғана қолданылады. Түбір зат есімге, есімшеге -ны, -ні болып жалғану қарлұқ тілдеріне тән сипат;

25) - *ның*, - *нің* қосымшалары ілік септігі жалғауының (айақ-ның, бут-ның, ев-нің, екі-нің) қызметінде ғана қолданылады;

26) - *р* жұрнағы зат есімнен етістік (белгү-р-т-мек), сын есімнен етістік (ескі-р-ді), келер шақ есімше (йаса-р – түзету) жасайды;

27) - *рақ*: қазіргі қазақ тіліндегідей салыстырмалы шырай жұрнағы (асты-н-рақ, йаман-рақ) және тарихи өлі жұрнақ (йап-рақ, топ-рақ) болып келеді;

28) - *ре* одағайдан етістік (күк-ре-ді – күркіреді), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ;

29) - *сүн* – бұйрық рай етістік (бер-сүн), етістіктен зат есім (бүрке-сүн) жасайтын жұрнақ;

30) - *сыз* зат есімнен сын есім (йамғур-сыз, агрық-сыз), бейғарап сөзден сын есім (йоқ-сыз) жасайтын жұрнақ қызметтерін атқарады;

31) - *сы*, - *сі* негізінен дауысты дыбысқа да, дауыссыз дыбысқа да аяқталған зат есімге жалғанумен қатар, бұл жалғауға жалғанатын септік жалғаулары, мәселен, барыс септігі -на болып та, -ка болып та, -ға болып та жалғана береді (ата-сы-ға, дуа-сы-қа, дуга-сы-на, йақа-сы-ны). Ал қазіргі қалыптасқан заңдылық – ол сөз тәуелдік жалғаулы болса, оған -на, -не ретінде септеледі;

32) - *т* жалаң қосымша ретінде үш қызмет, күрделі қосымша ретінде екі қызмет атқарады. Жалаң қосымша: өзгелік етіс жұрнағы (йада+т-ты-жүдетті, ері+т-ті), жіктік жалғауының III жағының қысқарған түрі (бар-а+т), зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ (ел-т: ел-қол, елт – қолға алу; ел+т-ті – қолға алып апару). Күрделі қосымша: -т+қа сын есімнен етістік жасайды (йүм-ур+т+қа), -т+(т)і етістіктің рай жұрнағына жіктік жалғауының III жағы жалғанып (берк-іт+і – бекітті, берік етті), қазір өлі жұрнаққа айналған қосымша сөз жасайды;

33) - *ты*, -*ті* жіктік жалғауы (айт-ты, ек-ті), зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (ес-ті) қызметтерін атқарады;

34) - *ур* келер шақ есімше жұрнағы (айт-ыл+ур), өзгелік етіс жұрнағы (ас+ур-ды) болады;

35) - *уқ* етістіктен сын есім (аш-уқ, йез-уқ, йар-уқ), етістіктен зат есім (йап-уқ – жабу, көрпе, йыт-уқ – киік жатағы), зат есімнен етістік (йол-уқ) жасайтын жұрнақтар, ал соңғы сөзжасам қазіргі тілімізде негізгі, көмекші морфемаға жіктелмейді;

36) - *үк* жалаң формада етістіктен зат есім (бөл-үк) жасаса, күрделі формада зат есім (көм-үл-дүр+үк) тудырады;

37) - *үл* жалаң күйінде ырықсыз етіс жұрнағы (бөк+үл-ді), күрделі құрамда да ырықсыз етіс жұрнағы (көм+үлдүр-үк);

38) - *үм* жұрнағының өзіндік ерекшелігі етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ (көр+үм-лүк – көрікті, көрім екен, күл+үм-сүн-ді – мырс етті, мыңғынан күлді, күл+үм-сі-ді – күлімсіреді) болу арқылы сөз негізін жасап (көр-үм, күл-үм), қайтадан сын есім (көрүм-лүк – көрікті), етістік (күлүмсүн – мырс ету, күлүм-сі – күлімсіреді) тудыруға негіз болады;

39) - *үр* жұрнағы -ыр, -ір, -ур жұрнақтарының дыбыстық варианттары болғанымен, келер шақ есімше (кел-үр, көч-үр), өзгелік етіс (біт-іт+үр-ді) жұрнақтары қызметімен ұқсас болғанмен, етістіктен зат есім жасайтын (көм-үр) қызметінде ерекшелік бар;

40) - *че* жұрнағының басты өзгешелігі – сөз түрлендіруші емес, сөз тудырушы функциясын атқаруында: үстеу жасайды (де-гін-че – дейін), зат есімнен үстеу жасайды (гаджем-че – парсыша), ортақ етіс жұрнағы компоненті және көсемше жұрнағы болады (егін-ч+е – нықтасып). – *че* жұрнағының 3 қызметінің жалпы семантикасы – заттың қалып-күйін сипаттау, яғни үстеулік мән-мағына беру екенін бағамдаймыз;

41) - *чүк* жұрнағының кейбір мағыналары қазіргі қазақ тіліндегі -шак, -шек жұрнақтарымен ұқсас болғанмен, осы фонетикалық формада қарлұқ тілдеріне тән жұрнақ. Мәселен, оның 2 мағынасы бар: сын есімнен үстеу (йар-ум+чүк – жартылай, шала), етістіктен сын есім (бул-ған+чүк – былғаныш) жасайды;

42) - *чы* және - *чі* жұрнақтары жуан-жіңішке дыбыстық нұсқалары болғанмен, жуан-чы жұрнағының қызмет аясы кең. Оған -чы жұрнағының сөздік материалында 5 мағынада қолданылуы дәлел болады. Олар: етістіктен зат есім (айт-у+чы, ал-ғу+чы), реттік сан есім (алты-н+чы), сын есімнен зат есім (йалған-чы), зат есімнен зат есім (йағ-чы – май жасаушы, йай-чы-садақшы), етістіктен сын есім (йах-чы – жақсы) жасайтын жұрнақтар. Ал жіңішке -чі жұрнағының сөздік материалында 3 мағынасы кездеседі: зат есімнен зат есім (бөз+чі, біт-ік+чі, ел-чі), етістіктен зат есім (ебедек-чі, ешік-чі, кеме-чі), етістіктен ренк жұрнағы (кеш-чі – кешіріші) жасайды;

43) - *шы* көмекші морфемасы фонетикалық комплекс ретінде, қазақ тіліндегі -сы формасы секілді тәуелдіктің III жағы (баһа+шы-ны), етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ (йах-шы) қызметтерінде пайдаланылады;

44) - *ы* қосымшасы зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ (араб-ы), тәуелдіктің III жағының жалғауы (ағыз-ы, йазуқ-ы) сипатында қолданылған. Тәуелдік -ы жалғауынан кейін септік жалғауларының тікелей жалғануы (баш-ы+да, боғаз-ы+қа, бас-ы+қа, йаруқ-ы-дын) кең өріс алуы байқалады;

45) *көп қызметті* - *ық* қосымшасы негізінен есім сөздер жасайды: етістіктен зат есім (айыр-ыл+ық-ы), етістіктен сын есім (ач-ық, йыр-ық) туындайды;

46) - *ым* етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ (йар-ым – жарты, ортасы), жіктік жалғауының III жағы (йармақ-ым) қосымшалары болып келеді;

47) - *ын* қосымшасы 4 нұсқада көрініс береді: өзгелік етістік жұрнағы (ал-ын) және -ын қалған 3 нұсқада тәуелдіктің III жағына жатыс, ілік, табыс септіктерінің жалғаулары жалғанады (йан-ын+да, дост-ын+дын, йазуқ+ын-ы);

48) - *ыш* жұрнағының алғашқы мағынасы ортақ етістік жұрнағы (айр-ыл+ыш-тылар), екінші мағынасы етістіктен етістік жасайтын, түрлендіретін жұрнақ болып саналғанмен, төркіні мен тарихы ең кемінде екі іс-әрекеттің бірігуі, қосылуы, яғни ортақ іске айналуда жатыр;

49) - *і* қосымшасының 3 мағынасы зат есімнен сын есім (араб-і), зат есімнен етістік (біт+і-ді: біт – хат, біті – жазу, бітіді – жазды, жазып бітірді) жасайтын жұрнақ болса, қалған 3 форма бір ғана мағынаны – тәуелдіктің III жағына табыс, барыс, ілік септіктерінің жалғаулары жалғану арқылы (елік-і+ді – қолын; бел-і+ге; елік-і+ге; бір-і+дін) көрініс береді;

50) - *ік* қосымшасы тек қана жұрнақтық қызмет атқарады: етістіктен зат есім (бол-ік), зат есімнен зат есім (біт-ік – жазу), үстеуден етістік (кеч+ік-ді) жасайды;

51) - *іл* ырықсыз етіс (сг+іл-ген – иілген), зат есімнен етістік (күн+іл-е-ді – күндеді, қызғанды) жасайтын жұрнақ қызметін атқарады;

52) *позицияда* сөз еткен -і қосымшасынан бұл -і қосымшасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол өзгешелік есім сөздердің тәуелденіп барып септелуінде байқалады. Мысалы, заттанған сан есімге (бір-і-н, бір-і-н-і, бір-і-н-ге, бір-і-сі-ге) тәуелдіктің III жағына табыс, барыс септіктерінің жалғаулары тәуелдік формада (-н) жалғанады, тәуелдік формамен кабаттасып (бір-і-сі-ге), тәуелдік формалар қатарласып (бір-і-сі-ге), тәуелдік формаға табыс септігінің тәуелдік формасы мен барыс септігінің негізгі формасы қатар (бір-і-н-ге) жалғанады. Қазіргі қазақ тілінде септік жалғауының есім сөзге немесе заттанған сөзге не негізгі формасы, не тәуелдік формасы жалғанады. Септіктің негізгі

жалғауы мен тәуелдік формасы қатар жалғанбайды, ал 2 тәуелдік жалғаудың, 2 септік жалғауының қатар жалғануы логика заңдылығына да, тіл ережесіне де қайшы, жат. Оның себебі түсінікті;

53) - *in* қосымшасы күрделі қосымша құрамында қолданылған: реттік сан есім жұрнағы (беш-*in*+*чі*, ек-*in*+*чі*), тәуелдік жалғау мен барыс септігі қатар келеді (ев-*in*+*ге*);

54) - *iu* жалаң жұрнақ ретінде 3 грамматикалық мағына береді: ортақ етіс (біт+*іш*-ті-лер), етістіктен зат есім (кел-*іш* – барыс-келіс), зат есімнен зат есім (жем-*іш*) жасаса, күрделі жұрнақ құрамында етістіктен ортақ етіс, одан есімше туындайды (көн-*іш*+көн).

Түйіндей келе, *біріншіден*, омоним және көп мағыналы, яғни көп қызметті қосымшалар – ең кемінде екі грамматикалық мағына беретін көмекші морфемалар, *екіншіден*, сөздіктегі аффикстердің дені қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазіргі қазақ тілінде, кейбір дыбыстық өзгерістермен болса да кездеседі, олардың атқаратын қызметтерінде сабақтастық бар, сонымен қатар бірі актив, бірі пассив қосымшаға айналған, үшіншіден, бұл қосымшалардың тарихи тұрғыдағы қызмет ету динамикасын бажайлауға болады, ретроспективалық өзгерістерін айқындауға мүмкіндік аламыз, *төртіншіден*, кейбір аффикстердің төркінін, этимологиясын тануға болады, *бесіншіден*, түркі тілдерінің еріндік (лабиалды) және тілдік (лингвалды) сингармонизм, қатаң – ұяң ассимиляция заңдылықтарының сақталмауы да байқалады. Оның бірнеше себебі бар: 1) түркі тілдерінің сол дәуірде араб, парсы тілдерімен интеграциялық қатынаста болып, субстраттық, суперстраттық, экстралингвистикалық факторлардың әсер етуі, 2) қарлұқ тілдері қыпшақ, оғыз тілдерінен бөлінген аралық тіл деген болжамды растайтындай, 3) түркі тілдері топтарының тілдік одағының белгісі: негізгі және көмекші аффикстерде қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән сипаттардың қатар кездесуі, *алтыншыдан*, басты бір дерек – түркі тілдерінің қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдік бұтақтарына толық жіктелгенге дейінгі ортақ тілдік фактілердің жиынтығы болуы.

### 3.3.2.2. *Замахширидің сөздігі мен қазіргі қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың тарихи тектестігі*

Лингвистика тарихында тілдердің интеграциясы мен дифференциация, ішкі, сыртқы факторлар, туысуы мен туыстасуы кеңінен, түбегейлі қарастырылған мәселелер. Ресей білім-ғылымы тарихында үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, орыс тілінің тарихи грамматикасынан алғаш дәрістер оқыған Ф.И.Буслаев (1818–1897) «Отандық тілді оқыту туралы» деген мақаласында (1884): «Тілдерді салыстыру тілдік заңдардың айқын да ақиқат түсінігін бере алады, тек тарихи зерттеу ғана белгілі форманы генетикалық тұрғыда неге осылай қолданатынымызды түсіндіре алады» дейді [48:25]. «Сөздер мен заттар» бағытының негізін салушы, австриялық лингвист Г.Шухардт (1842-1927) «Тілдердің тоғысуы туралы мәселеге» атты еңбегінде тілдер арасында шекара болмайды, тілдердің тоғысуы тілдердің өзгеруіне және араласуына әкеп соғады деп есептеді [49:143]. Тілдер тарихының бірігу және ыдырау тұрғысынан келгенде, сөздік жазылған дәуірде тұтас түркі тілінің диалектілерге жіктеле бастаған кезі болатын

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында тіл білімі тарихында Италияда пайда болған аралық лингвистика (неолингвизм) бағытының көрнекті өкілі И.Шмидттің «толқындық теориясы», яғни тілдерді классификациялауда тілдердің географиялық орналасуын негізге алу, ерекше рөл атқарды. Шмидт географиялық көршіліктегі екі тілде жалпы тілдік қасиеттердің, белгілердің пайда болуына әкелетінін айтып, бұл құбылыс кейін «тілдердің туыстасуы» (средства языков) деп аталып, «туыс тілдер» (родства языков) деген ұғымнан ерекшеленді. Тілдердің туыстасуы дегеніміз – екі немесе бірнеше тілдің көрші, жақын, аралас-құралас тұруынан жалпы белгілер мен қасиеттердің пайда болуы, яғни қазіргі «тілдік одақ» деген ұғымның негізі болды.

Қазіргі лингвистикада әуелде Балқан тілдік одағы (грек, албан, болгар, румын, македон тілдері) туралы пайым пайда болса, кейінгі кездерде Еуропа тілдік одағы, Еділ бойы тілдік одағы, Иран-ирак тілдік одағы (оңтүстік Кавказ тілдері, шығыс Түркия,

солтүстік Ирак, солтүстік Иран кіреді), Орта Азия (Гималай) тілдік одағы және т.б. он шақты тілдік одақ бар деген теориялар шықты.

Неолингвистиканың тілдердің араласуы, тілдік одақтар және кеністік лингвистикасы теорияларына өзіндік үлес қосқан В.Пизани бұл теорияларды салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қолданды.

«Тіл туралы жаңа ілім» бағытын негіздеуші Н.Я.Мардың (1864-1934) «Тілдердің тоғысуы туралы теориясы» тілдер туыстығы дегеніміз – әуелде туыс емес тілдердің бірігіп-кірігуі, тоғысуы және араласуы, үндіеуропа немесе басқа семьяларда ата тіл деген болған емес, тілдердің дамуының жалпы заңы бір тілдің бір тілге бірігуі деді кезінде.

Демек жоғарыда мазмұндарын баяндаған ғылыми-теориялық ойлардың негізгі идеяларын орта ғасырлардағы туыс түркі тайпаларының тілдері бойынша да талдауға болады. Орта ғасырдағы түркі тілдері – интеграцияның, қазіргі түркі тілдері – дифференциацияның нәтижесі.

Тіл атаулының басқа тілдермен, тілдік жазба ескерткіштермен қатыстылығын қарастырудағы басты мақсат – олардың өзара қатыстылығын, байланысын анықтау. Қатыстылығын анықтаудағы міндет – олардың тектестігін, туыс-туыс еместігін айқындау. Тілдер мен тілдердің, тілдер мен ескерткіштердің және ескерткіштер мен ескерткіштердің тектік байланысын айқындау үшін негізінен сипаттама, тарихи және типологиялық әдістер қолданылып, тілдің, тілдердің (ескерткіш, ескерткіштердің) фонетикалық, лексикалық және грамматикалық бірліктері салыстырылады, салғастырылады. Ал тілдердің (ескерткіштердің) тектестігі мен туыстығын айқындауда Расмус Раск «Пронхождение исландского языка» атты еңбегінде: «Халықтардың пайда болуы мен олардың туыстық байланысын тануда тілден артық құрал жоқ. Тілдерді салыстыра зерттеуде тілдің ең сенімді саласы – грамматика, өйткені тілдердегі сөздер бір-бірімен ауысқанмен, жіктік, септік жалғауларының ауысуы мүмкін емес» [49:88] дегеніндей, тілдің ең сенімді элементі грамматикалық көрсеткіштер, нақтырақ айтқанда, көмекші морфемалар. Демек тілдегі дыбыстар мен сөздер түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгере, ауыса беруі мүмкін, ал жалғаулар мен жұрнақтар туыс тілдердің өзінде де өзгермейді, ауыспайды. Сондықтан да түркі тілдерінің қазіргі жіктелуіне сай Замахшари сөздігіндегі қарлұқ, қыпшақ және оғыз бұтақтарына тән көмекші морфемаларды қазіргі қазақ тілінің морфемалық бірліктерімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жеке-жеке талдаймыз. Бұған дейінгі тараушала атап өткеніміздей, түркі тілінің үш бұтағына қатысты белгілердің болуы сөздіктің олардың бір-бірінен толық жіктеліп болмаған дәуірінде құрастырылуына байланысты [50:284]. Бұл тұжырымдарды көмекші морфемалар дерегімен нақты дәлелдеу керек болады.

Салыстырмалы-тарихи талдау сыртқы реконструкция және типтік модификация мен тілдік универсалиялар деген әдістерді қолдану арқылы жүргізілетіні белгілі. Біз ізденісіміздің мақсатына орай сыртқы реконструкция әдісін қолданамыз. Көмекші морфемаларды дәстүрлі түрде жалғау, жұрнаққа, жалғауды көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларға, жұрнақтарды сөз тудырушы, сөз түрлендіруші деп бөліп аламыз.

Сөздікте қазіргі қазақ тіліндегі *септік жалғауларынан* ілік септігінің -дың, -ның, -нің, барыс септігінің -қа, -ке, -ға, табыс септігінен -ды, -ді, -ны, -ні, жағыс септігінің -да, -де жалғаулары кездеседі. Ал сөздіктегі шығыс септігінің -дың, мен жалғаулары қазіргі қазақ тілінде кездеспейді. Жазба ескерткіште көмектес септігінің жалғауы мүлдем жоқ. *Көптік жалғауының* -лар, -лер формалары екі салыстыру нысанында да бар. *Жіктік жалғаудың* I жағының -м, -ым, -ім, II жақтың -ың, -ін, III жақтың -ды, -ді, -ты, -ті, көпше түрдің III жағындағы -іміз бар. Тәуелдік жалғаулары III жақта да, жекеше-көпше түрлерде де сөздік пен қазақ тілінде еш өзгешелік жоқ.

Замахшари сөздігіндегі *зат есімнен зат есім жасайтын* бір ғана -кек жұрнағы сәйкес болса, *басқа сөз таптарынан зат есім жасайтын* сөздіктегі 42 жұрнақтың (дыбыстық варианттарын қоса есептегенде) 16-сы (-гіш, -ек, -к, -лық, -лік, -ма, -мақ, -рақ, -

ік, -сіз, -тық, -шы+лылық, -ық, -ім, -іш, -хана) қазіргі қазақ тілінде грамматикалық қызметін атқарып тұр.

Ескерткіштегі 25 сын есім жасайтын жұрнақтың (-ғач, -дыр, -ді, -ек, -ер, -ка+ра, -қач, -лү, -лүк, -лық, -рақ, -ры, -суз, -тыр, -ті, -уқ, -ум, -чак, -чы, -шы, -ы, -ық, -ым, -і) қазіргі қазақ тілінде 11-і (-ды, -ек, -ер, -лық, -рақ, -сыз, -шы, -ы, -ық, -ым, -і) кездеседі. Қазіргі қазақ тілінде кездеспейді дегендердің көбі қазіргі жұрнақтардың дыбыстық вариациялары (-лүк, -суз, -ум, -чы), ал сын есімнің салыстырмалы шырайының -рақ жұрнағы сөздікте де, қазақ тілінде де бар.

9 сан есімнің жұрнағының (-мыш, -нчі, -інчі, -лүк, -лық, -лік, -чі, -ік, -іш) екеуі ғана (-лық, лік) қазақ тілінде болғанмен, сөздіктің кезінде жазылуы мен оқылуында болған ерекшеліктер мен қателіктердің болатынын ескерсек, жазба мұраның дыбыстық өзгерістеріге қосымшаларының бәрі дерлік тілімізге жат емес.

Барлық тілдердегі секілді грамматикалық тұлғаға бай да күрделі категория – *етістік*, сондықтан да етістіктің көмекші морфемаларын басқа сөз таптарынан етістік жасайтын, есімше, көсемше, тұйық етістік, болымсыз етістік, етіс, рай және шақ жұрнақтары деп саралап талдаймыз. Мәселен, Замахшари еңбегінде басқа сөз таптарынан етістік жасайтын 26 жұрнақтың (-а+ш, -гар, -ге, -да, -де, -ды, -ді, -кі+т, -ла, -ле, -ма, -не, -пү, -пі, -р, -ра, -ре, -се, -т, -та, -уг, -ук, -і, -ік, -ір, -іт) жартысына жуығы (-да, -де, -ды, -ді, -ла, -ле, -ма, -і, -ік, -ір, -іт – барлығы 11 жұрнақ) қазақ тілінде грамматикалық мағыналар жасайды. Есімшеде (-ген, -ған, -кен, -күн, -қан, -мек – барлығы 6 жұрнақ) қазақ тілінде -күн деген жұрнақтан басқа 5 жұрнақта еш өзгеріс жоқ. Көсемшенің де 8 жұрнағының (-а, -й, -е, -ей, -п, -үп, -ып, -іп) -ей, -үп деген екі жұрнақтан басқалары біздің тілімізде әлі күнге дейін қызмет етіп келеді. Тұйық етістіктің негізі -у жұрнағының алдына -гү, -ғү, -кі, -ку, -ку болып, г, ғ, к, қ дәнекер дыбыстарының жалғануы түбір сөздің соңғы буыны мен дыбысына байланысты, бұл – негізінен қарлұқ, оғыз тілдеріне тән құбылыс. Етістіктің болымсыз түрін жасайтын -ма, -ме, -с жұрнақтарының екі нысанда да өзгешелігі жоқ. Етіс түрлеріне қарай жіктегенде, өздік етіс жұрнағы -н ғана болса, өзгелік етіс сөздікте 15 түрі (-гүз, -дур, -кер, -күр, -қуз, -қур, -н, -т, -тур, -түр, -ур, -үр, -ын, -ыт) бар да, қазақ тіліндегі нақ дыбыстық нұсқасы болмағанымен, -т жұрнағынан басқа -гүз, -дур, -дүр, -қуз, -тур, -түр болып келетін жұрнақтарының айтылу және жазылу ерекшеліктерін ескерсек, 7 жұрнақ сәйкес келуі заңды деуге негіз бар. Ырықсыз етіс (сөздікте: -ал, -ар, -ул, -ұл, -ыл, -іл; қазақ тілінде: -ыл, -іл), ортақ етіс (сөздікте: -сш, -ш, -уш, -үш, -ч, -ыш, -іш; қазақ тілінде -с) жұрнақтары қазақ тілінде жұрнақтың негізгі тұлғасына (-л, -р; ш) дәнекер дыбыстары түрленіп (-а, -у, -ү, -ы, -і; -с, -у, -ү, -ы, і) жалғанбайтын болғандықтан, саны жағынан әлдеқайда аз (етіс жұрнақтары сөздікте 29, қазақ тілінде 4-еу ғана). Рай түрлерін салыстырсақ, бұйрық рай сөздікте -гіл, -гін, сун, -сүн, -сын, -т болса, қазақшада -гін, -сын, -т, калау рай сөздікте -ғай, -з, қазақ тілінде -ғай, шартты рай жұрнағы екі нысанда да -са жұрнағымен беріледі. Шақ жұрнақтары өткен шақта -ді, -мыш, -міш, -ун, -ді, -мыш, -міш, келер шақта -ер, -з, -мақ, -мек, -р, -ур, -үр, -р, -ер, -мақ, -мек. Етістікке тән жұрнақтар бойынша түйін ой «Мукаддимат әл-әдәбта» етістіктің 99 жұрнағы болса, оның қазақ тілінде 42-сінің болуы, дыбыстық вариацияларын қосқанда бұдан да көп сәйкестіктің байқалуы – кейінгі тарихи дәуірлерде қыпшақ, қарлұқ және оғыз болып бөлінген туыс тілдердің тарихи тамырластығының, динамикалық өзгерісінің нәтижесі. Замахшари еңбегінің деректері *үстеу* жұрнақтары бай, олар: -ге, -ғы, -да, -де, -дуз, -дүз, -е+ли, -кі, -ле, -лық, -ік, -ч, -ча, -че, -чүк, ал біздің тілімізде: -ғы, -да, де, -дүз, -кі, -ле, -лық болып, жартысы ғана пайдаланылады.

Ал жалпы Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігінде барлығы 244 жұрнақтың қазіргі қазақ тілінде 111 жұрнақтың болуы, көмекші грамматикалық формалардың жартысының қазақ тілінде сақталуы – олардың тарихи төркіндіктің толық дәлелі.

Түйіндей келгенде, 1) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын қосымшалардың басым көбінің ерекшелігі дыбыстық құрамында ғана, ал грамматикалық қызметтерінде

өзгешелік жоқ, 2) Замахшари еңбегі тұтас мәтіндерден тұратын туынды емес, сөздік болғандықтан, грамматикалық көмекші формалардың бәрі қамтылған деген тұжырым жасауға болмайды.

### 3.4. Замахшаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі мен қазақ тіліне ортақ лексиканың синтаксистік құрылымы

#### Тарауға кіріспе

Профессор Н.Н.Поппе 1938 жылы құрастырған сөздігінде: «Сөздіктегі монғол сөйлемдерінің синтаксистік жағына келсек, оған, әсіресе сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне ерекше сақтықпен қарау қажет, себебі түркі сөйлемдерінің орын тәртібі де нақты сәйкес келетін сөйлем табу қиын, ол монғол тіліне де, түркі тіліне де қатысты. Мұндай сөздердің табиғи емес орын тәртібін, шындығында, түпнұсқадан монғол тіліне де, түркі тіліне де сөзбе-сөз аударылуымен түсіндіруге болады» [1:5], «... барлық түркілік фразалар араб немесе парсы тілдерінен сөзбе-сөз аударылған» [1:412-413] деп бірнеше рет ескертеді. «Сөздіктің түркі бөлімі – арабша-парсыша бөлімнің аудармасы. Сөзбе-сөз аударылған. Сондықтан түркі бөліміндегі материал түркі тілінің сол кезеңдегі синтаксисінің негізі бола алмайды» деген пікірді орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің білгірі Э.Н.Наджип те айтқан [27:127]. Дегенмен басқа түркі ескерткіштерінің синтаксисін зерттеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, сөздіктегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің орын тәртібін «реттеп», оның синтаксистік құрылымы жайлы тұжырымдар жасауға талпынамыз. Тілімізде сөздердің синтаксистік еркін тіркеске ұқсас фразеологиялық тіркес, лексикалық тіркес деген құбылыстар болғандықтан, алдымен олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтап алуымыз керек.

#### 3.4.1. Сөздердің тіркесуінің түрлері

Жеке сөздер адам санасындағы ұғымдарды белгілеуге әрдайым, үнемі жеткіліксіз болғандықтан, тілдегі сөздерді бір-бірімен тіркестіре қолдануға тура келеді. Сондықтан да тілімізде сөздерді тіркестіре қолданудың, яғни сөздердің тіркесуінің 2 түрі пайда болған. Олар: 1) еркін сөз тіркестері – синтаксистік сөз тіркестері, 2) еркін емес сөз тіркестері: тұрақты сөз тіркестері не фразеологиялық тіркестер, лексикалық тіркестер. Еркін сөз тіркестері – синтаксистік, еркін емес, тұрақты сөз тіркестері мен лексикалық тіркестер – лексикологияның зерттеу нысаны. Сөздердің тіркесуінің осы 2 түрінің бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар. Олар:

1. Еркін сөз тіркестерінің құрамындағы сөздер өзінің бастапқы лексикалық мағынасын сақтайды (жастар тәлімгері, қырдан асу, қызық кітап), ал тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздер тіркесе келіп бір ұғымды, бір мағынаны білдіреді, сондықтан бастапқы лексикалық мағынасын сақтай бермейді (көзді ашып-жұмғанша – жылдам, ит көрген ешкі көздену – ашулану, қой аузынан шөп алмас – жуас). Ал лексикалық тіркестер лексикалық мағынасын сақтайды, бірақ бір зат-құбылыстың атауы болады (Қазақстан Республикасы, аяқ киім, жеті қарақшы, Қазақстан темір жолы).

2. Фразеологиялық тіркес құрамындағы сөздердің орны тұрақты, оларды өзгертуге, яғни сөзді қосуға немесе сөзді алып тастауға болмайды. Өзгерткен жағдайда ол не тұрақты тіркес болмайды, не түсініксіз болады. «Тұрақты тіркес» деп аталуы да осыдан.

3. Фразеологизмдерде ұлттық сипат болады. Демек онда халықтың тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдері бейнеленеді, сондықтан да оларды басқа тілге аудару қиын немесе мүмкін емес.

4. Еркін тіркестердегі сөздер дербес лексикалық мағыналарын сақтағандықтан, жеке-жеке сұрақтарға жауап береді де сөйлемде дербес сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Ал фразеологизмдерде бірнеше сөз тұтасып бір ұғым, бір құбылысты атағандықтан, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

5. Фразеологизмдерде экспрессивтік (әсерлілік), эмоционалды (сезімділік), образдылық (бейнелік) болады. Ал еркін сөз тіркестеріне бұл қасиет әлсіз немесе бейтарап.

6. Лексикалық тіркестер бастапқы лексикалық мағынасын сақтайды, бір зат-құбылыстың атауы болғандықтан, сөйлемде бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Алғашқы белгісі бойынша синтаксистік тіркеске, екінші, үшінші белгілері бойынша фразеологиялық тіркеске ұқсайды.

Түйіндей келгенде: 1) синтаксистік тіркес дегеніміз ең кемінде екі сөздің тіркесіп, құрамындағы сөздер лексикалық мағынасын сақтағандықтан, сөйлемде әрқайсысы дербес сұраққа жауап беріп, сөйлемде жеке-жеке мүшенің қызметін атқаратын сөздердің күрделі, еркін тіркесін; 2) фразеологизмдер деп ең кемінде екі сөздің тіркесіп, құрамындағы сөздер лексикалық мағынасын сақтамағандықтан, бірігіп бір ұғым-құбылыстың бейнелі, ұлттық сипатты атауы болып, сандықтан бір сұраққа жауап беріп, сөйлемде бір мүшенің қызметін атқаратын сөздердің күрделі, тұрақты тіркесін, 3) лексикалық тіркес ең кемінде екі сөздің тіркесіп, құрамындағы сөздер лексикалық мағынасын сақтағандықтан, бірақ бір ұғым-құбылыстың атауы болғандықтан, бір сұраққа жауап беріп, сондықтан сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқаратын сөздердің күрделі, тұрақты тіркесін айтамыз.

Тілдік құбылыстардың ішінде фразеологизмдермен ұқсас, тұстас құбылыстардың бірі – мақал-мәтелдер. Олардың *ұқсастықтары*:

1. Мақал-мәтел де, фразеологизмдер де тілімізде дайын күйінде болып, сөйлеу процесінде сол күйінде қолданылады.

2. Олар құрылысы мен құрамы жағынан сөз тіркестері, сөйлемдер болып келеді.

3. Екеуінде де белгілі бір құбылысқа, оқиғаға мензеу, емеурін білдіру көркемдік тәсілмен іске асады.

4. Фразеологизмдерде де, мақал-мәтелдерде де сөз орнын ауыстыруға, сөз алып тастауға, басқа сөзбен алмастыруға болмайды.

*Олардың ерекшеліктері:*

1. Мақал-мәтелдер құрамындағы сөздер қаншалықты ауыспалы мағынада қолданылғанмен, олар өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарын толық жоғалтпайды. Мысалы, Батаменнен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер.

2. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің саны шектеулі. Мысалы: Қолы алдына сыймады. Төбесі көкке жетті. Көз ұшында. Мұрнына су жетпегеу.

3. Мақал ұғымды, ойды тікелей білдірсе, мәтел мензейді, тұспалдайды. Бұл тұрғыдан фразеологизмдер мәтелге ұқсайды. Математика ғылымының тілімен айтқанда, мақал – теорема, мәтел – аксиома. Ал теорема дәлелдеуді қажет етсе, аксиома – дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырым.

4. Мақал-мәтелдер ойды білдіреді, фразеологизмдер ұғымды атайды. Мәтел: Ала тайдай бүлдірді. Ат болатын тай саяққа үйір. Фразеологизм: Саусақпен санарлық. Көңілі су сепкендей басылды [40:35-36].

Кез келген құбылыс қажеттіліктен туындайтыны секілді тілде, сөйлеуде сөздерді тіркестіре қолданудың 3 негізгі себебі бар. Бірінші себеп адам ұғым мен түсінікті және ойды жеткізу үшін сөз тіркесін (*синтаксистік сөз тіркесін*), сөйлемдерді құрастырады. Бұл *қарым-қатынас* мақсатын көздейді. Екінші себеп айналамыздағы заттар мен құбылыстарды атауға жеке сөздің мағыналық, мазмұндық сипаты жете бермейді, сондықтан да ең кемінде екі сөзден тұратын (*лексикалық тіркеспен*) таңбалауға тура келеді. Бұл *атауыштық* құндылықты басшылыққа алады. Үшінші себеп белгілі бір ойларды қысқа да нұсқа жеткізу үшін әсерлі, сезімді, бейнелі қолдану керек, ол үшін осы үш қасиетке не тұрақты сөз тіркестерін (*фразеологиялық тіркестерді*) пайдаланған абзал. Бұл сөйлеуде тілдің *көркемдік* құралдарын іске асыру деген сөз. Біз талдау нысаны етіп отырған тілдескіш сөздікте сөздердің тіркесуінің осы үш түрі де кездеседі. Сондықтан оларды синтаксистік тіркес тұрғысында ғана емес, лексикалық және фразеологиялық тіркестер аспектісінде де қарастырмақпыз.

### 3.4.2. Сөйлемдердегі сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары

Қазақ тілінде «сөз тіркесі» ұғымы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінің соңына қарай ажыратыла бастады. Оған дейін жай сөйлем құрамында немесе фразеологиялық тұтастық ретінде зерттеліп жүрген болатын. Қазақ тілінің грамматикасын зерттеген шетел ғалымдары сөз тіркестерін синтаксисінің нысаны ретінде қарастырды. И.П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген оқулығында жай сөйлемдерді қарастырған бөлімінде бастауыш пен баяндауыштың қиыса байланысатыны туралы айтып, мысалдармен келтіреді [51:7]. Септіктерге жеке-жеке тоқталып, онда әрбір етістіктің мағыналық топтарының қайсысы қандай сөздерді меңгеретінін анықтады. Меңгеру туралы айта келіп, онда үміттену, берілу, бағыну, келісу, мақтану, күлу, шыдау, жылау, мұқтаж болу және т.б. етістіктер барыс жалғаулы сөздерді меңгеретінін дәлелдеді. Ал қабыса байланысу туралы ешбір сөз қозғалмайды. Бірақ автордың «Определение» деген бөліміндегі мынадай мысалдар: «ак тас – белый камень; жаксы кісі – хороший человек; үшінші жыл – третий год» деген де сөздердің қатар келіп, орналасатынын сөз етеді. Мұның өзі қабысу терминінің орыс тілінде де қарастырылмауымен байланысты. Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, С.Женбаев, Н.Сауранбаев, Қ.Басымов секілді ғалымдар өз еңбектерінде сөз тіркестері туралы түрлі пікірлер айтып, оларды жай сөйлем құрамынан ажырата бастайды. 1930 жылы Н.Сауранбаев, С.Аманжоловтардың «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде сөз тіркестеріне бірнеше рет тоқталған [52:95]. Бұл еңбекте авторлар сөз тіркестерін «синтаксистік қатынастар» деп атап, оларды субъекті, предикаттық, объектілік, атрибуттық және сипаттауыштық қатынас деп бірнеше түрге бөледі. Профессор М.Балақаевтың «Основные типы словосочетаний в казахском языке» атты еңбегі қазақ тіліндегі сөз тіркестерін ғылыми тұрғыдан зерттеп тұжырымдады. Ғалым аталған еңбек арқылы ғылыми ортаға қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері, есімді, етісті сөз тіркестерін шылаулы меңгеру мен септікті меңгеру ұғымдарын енгізді. М.Балақаевтың аталған еңбегі сөз тіркестеріне байланысты алғашқы ғылыми ізденіс болса да бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. М.Балақаев сөз тіркестерін жалпы есімді, етістікті деп екіге бөліп, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, олардың басыңқы компоненті мен бағыныңқы компонентінің қандай сөз таптарынан болатындығын, олардың тіркесу қабілеті жайлы тұжырымдар жасайды [52:92].

Мағына мен ұғымды білдіретін сөздер түсінік (сөз тіркесі) пен пайымдауды (сөйлемді) сөйлеу актісінде іске асыру үшін синтаксистік байланыс жасайды. «синтаксистік байланыс дегеніміз – қарым-қатынас актісінде сөздер арасындағы мазмұндық байланысты формальды білдіру» [53:156]. Өзінің бұл пікірін академик А.С.Аманжолов сөздердің синтаксистік байланыстарынан жасалған синтаксистік конструкцияның сөз тіркесі (сөйлем) мүшелері арасындағы құбылыстардың ішкі жағын, яғни олардың белгілі бір мағыналарының синтаксистік байланыстары және осы синтаксистік байланыстардың формальды берілу тәсілдерін, яғни сыртқы жағы деген 2 сипаты ескерілуі керек екенін ескертеді [53:156]. Академик синтаксистік байланыс мүшелерін ішкі мағыналық жағынан сөз тіркесі (сөйлем) мүшелері анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста болып, оларда грамматикалық та, мазмұндық та басымдық анықтауышта, толықтауышта, пысықтауышта екендігін орыс тілін зерттеушілердің тұжырымдары негізінде пайымдайды [53:158-160]. Сөз тіркесі (сөйлем) мүшелерінің анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста болуы – түркі, соның ішінде қазақ тіліне де тән заңдылық. Синтаксистік конструкцияның 2-сипатының сыртқы жағы, яғни синтаксистік байланыстардың формальды берілу тәсілдеріне қису, меңгеру, матасу, қабысу жататынын дәйектейді. Синтаксистік бірлік құрамы мүшелерінің түркі тілдерінде қалыптасқан синтаксистік типтердің аталған түрлері түркітануда қалыптасқан пікір [54:156]. Бұл заңдылықтардың бастапқы нышандары зерттеуші О.М.Сапашевтың зерттеуінде толық талданып, зерделенген [55]. Әрине, бұл тәсілдер қазақ лингвистикасының ғылыми және ғылыми-педагогикалық әдебиеттерінде

«сөздердің синтаксистік байланысу формалары» деп қалыптасқанына жетпіс жылдан асқаны белгілі [52:33].

### *Синтаксистік сөз тіркесі*

Сөздердің еркін және еркін емес тіркесулерінің бәрі тілдің синтаксистік тіркесу ережелері мен заңдылықтарына бағынады. Ал синтаксистік сөз тіркесінің синтетикалық байланысу, аналитикалық байланысу деген 2 тәсілі бар. Синтетикалық байланысу тәсіліне сөздердің қосымшалар арқылы байланысуы, аналитикалық байланысу тәсіліне сөздердің қосымшаларсыз, орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуы жатады [52:33-34].

### *Сөздіктегі сөз тіркестері*

Адіна месджіді – жұма мешіт, аз неме – аз зат, азад хатун – азат әйел, азық тіш – азу тіс, ай башы – ай басы, айағыны айқаға толғамақ – аяғын аяғына салу, айақ ағрықы – аяқ ауруы, айақ білезүк – аяқ білезік, айақ тамуры – аяқ тамыры, айақ тола чағыр – ыдыс толы шарап, айғыр ат – айғыр, айның қотаны – айдың қотаны, айыб қылкучы ер – айыпты еркек, ақзы ачылған гузе – аузы ашылған көзе, ақшам намаз чакы – ақшам намаз шағы, андақ ве мундақ – анда-мұнда, ант теңірге – тәңірге ант.

### *3.4.2.1. Синтетикалық (сабақтаса) байланысу тәсілі*

Синтетикалық байланысу тәсілінің қиыса байланысқан тіркестер, матаса байланысқан тіркестер, менгере байланысқан тіркестер деген 3 формасы бар. Себебі бұл формалар қосымшалар арқылы байланысады. Синтетикалық байланысу тәсілдерін сөздік материалдары негізінде талдап көрейік.

### *Қиыса байланысқан тіркестер*

Ағрық қылу – ауру қылу, боғузлау тебені – түйені бауыздау, ағыз ачу – ауыз ашу, тырмау йүзні – бетін тырнау, тізу мунчакны – моншақты тізу, тізлесі олтуру бірле – тізе қосып отыру, неме қалмады – нәрсе қалмау, йүгүрді ат – ат шапты, йүгүрді йүрүмек ішінде – жүгіре басып жүрді, йүгүрді су – су ақты, йүгүрді теве – түйе шапты.

### *Матаса байланысқан тіркестер*

Айның қотаны – айдың қотаны, тырмақның ақы – тырмақтың ағы, тілнің тутулғаны – «тілді» (жансызды) ұстау, тілнің түбі – тілдің түбі, тілнің үчы – тілдің ұшы, тіріклікнің йахшылықы– тіршіліктің жақсылығы, уйның йа қойның емчекі – сныр мен қойдың емшегі, учаның бір йаны – сегізкөздің бір жағы, учаның йағырлықы – арқаның жауыры, учаның ортасы – сегізкөздің ортасы, учасының онкуртқасы сынды – арқасының омыртқасы сынды, хатунның немесі, чадурның кезек – шатырдың кесіндісі.

### *Меңгере байланысқан тіркестер*

Ант теңірге – тәңірге ант, айағыны толғамақ – аяғын салу, айқаға толғамақ – аяғына салу, ййберу келінні – келінді жіберу, үйіге ййберу – үйіне жіберу, ічу суну – су ішу, ағыз бірле ічу – ауызбен ішу, тізу іпке – жіпке тізді, тізлесі олтурды аның бірле – онымен тізе қосып отыру, тікдіті кулағыны – құлағын тіктеу (тіктейту), тілді қавунны – қауынды тілу, өнтүч – қарызын талап ету, тіледі андын – одан талап ету.

### *3.4.2.2. Аналитикалық (салаласа) байланысу тәсілі*

Аналитикалық байланысу тәсілінің қабыса байланысқан тіркестер, жанаса байланысқан тіркестер деген 2 формасы бар. Себебі бұл формалар қосымшаларсыз байланысады. Жанаса байланысқан тіркестер қабыса байланысқан тіркестердің бір формасы ретінде сөйлем ішінде, контекстік құбылыс болғандықтан, жеке қарастырмаймыз. Енді аналитикалық байланысу тәсілдерін сөздік материалдары негізінде талдап көрейік.

### *Қабыса байланысқан тіркестер*

Бақлаған оғлан – карауындағы бала, ағрықсыз теве – аурусыз (сау) түйе, адина месджіді – жұма мешіт, аз неме – аз зат, азад хатун – азат әйел, азық тіш – азу тіс, ай башы – ай басы, айақ ағрықы – аяқ ауруы, айақ білезүк – аяқ білезік, айақ тамуры – аяқ тамыры, айғыр ат – айғыр, айақ тола – ыдыс толы, тола чағыр – толы ыдыс, ақшам намаз – ақшам намаз, ақшам чакы – ақшам шағы, тырмақ ағрык – тырмақ ауруы, тырмақ кірі –

тырнақтың кірі, тіз тегресі – тізетің айналасы, қатарланған кірпіш – тізген кірпіч, ешек екі қулағы – есек екі құлағы, екі қулағы – екі құлағы, өнтүч берген – берген қарыз, йасанур неме – жасанар нәрсе, бір кезек – бір кесінді.

Сөздікте диахрониялық та, синхрониялық та аспектіде түркі тілдеріндегі және қазақ тіліндегі сөздердің байланысуының барлық тәсілдері мен формаларының кездесуі, зерттеушілер дәлелдегендей [56:31-32], сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің қатаң сақталуы түркі тілдерінің агглютинативтілік сипатымен тікелей байланысты. Атап өтер ерекшелік – изафеттің барлық түрлерінің кездесуі, қазақ тіліндегі көмектес септігі жалғауының жоқтығы.

Заманшаридың аталмыш еңбегі сөздік болып құрастырылғанмен, сөздер белгілі бір қағидамен тізбеленген сөздік қана емес, ең бастысы – басқа сөздіктерден бірнеше өзгешелігі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық талдаулар жасалған, лингвистикалық туынды. Оған сөздіктің барлық нұсқаларының лұғаттық мақалаларының әліппелік принциппен тізбеленуі, дыбыстық құрамы ортақ сөздер, түбірлес сөздердің бірінен соң бірі орналастырылуы оның фонетикалық, сөздердің лексикалық-тақырыптық топтарға жіктелуі (уақытты, аспан денелерін атайтын, жерге, суға өсімдік әлеміне, үй жабдықтарына қатысты, жаратқан құдырет пен оның тенеулері, адам ағзасы атаулары деген топтарға бөлінуі) лексикалық, есімдер, етістіктер, шылаулар, септік жалғау, жіктік жалғау деген бөлімдерден тұруы және түбір морфемалардың дыбыстық құрамының санына қарай саралануы морфологиялық, сөз – сөз тіркесі – сөйлем қағидасымен тізбелеуі синтаксистік аспектілерде жүйеленуі дәлел.

Сөз тіркестеріне грамматикалық талдау жасар алдында оларды тізбелеуде ерекше тәсіл қолданылғанын ескеру қажет. Ол ерекше тәсіл қазіргі морфологияның сөзжасамдық бірліктеріне (сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдықсаты) сәйкес келуі. Бұл құбылысқа аналогиялық атау берсек, *сөз тіркес жасамдық* принципті қолданған. Сөздікте сөз тіркестерінің басыңқы мүшесі, оның түбірі сөз тіркес жасамдық ұя қызметін атқарады [4-қосымша]. Бұл мұсылман өркеннеті кезеңінде жасалған сөздіктердің құрылымына сәйкес келеді. Орта ғасырлардағы сөздіктердің көбінде сөздер мен сөз тіркестері араб тілінің фонетикалық құрылымы ортақ ұяшықтар (модельдер) арқылы құрастырылған. Алдымен сөз түбірі көрсетіледі, содан соң сол сөзге жалғанған немесе тіркескен сөздер беріледі. Сөздер мен сөз тіркестері мағаналарына ғана емес, сөздің сыртқы формасына қарай реттеледі. Бір түбірден туындаған бірнеше сөз тіркесі лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топ құрайды. Бұл топтар түрлі қосымшалар мен сөздердің тіркесуінен жасалғандықтан, семантикалық, тақырыптық, грамматикалық сипаттары әр түрлі болады.

Сөздікте сөз тіркес жасам ұясы ретінде тізбеленуін ағыз, ағыр, адап, адина, аяқ сөздерінің мысалында кесте түрінде көрсетуге болады. Кестедегі ағыз (ауыз) сөзі ауыз ашу, ауызбен ішу, ауыздың езуі, ауыз иісі, ауызға құю, аузы тесік деген қысқа, менгере, матаса байланысқан, адап (әдеп) сөзі әдепсіз қалу, әдеп үйрену деген қысқа байланысқан, аяқ (аяқ) сөзі аяқ ауруы, аяқтың арғы, аяқ асты, аяқ білезік, аяқ білезігі, аяқ тамыры, аяқпен адымдау деген негізінен матаса, менгере байланысқан сөз тіркестерін жасайды.

1-кесте

ағыз	ауыз	اغيز	отверстие(сосуда), рот
ағыз ачты рузе тутқан	оразда тұтқан ауыз ашты	اغيز اچتروز هوتوقان	постившийся открыл рот
ағыз ачты рузедар	оразашы ауыз ашты	اغيز اچتروزه دار	постник открыл рот
ағыз бірле ічті суны	ауызбен су ішті	سونبیر الاجتاشاغيز	пил воду ртом
ағыз суйы	ауыз су	اغيز سويي	вода для рта

ағыз учы	ауыздың езvі	اغيز اوجى	угол рта
ағыз іді	ауыз нісі	اغيز ايدى	запах рта
ағзызы бірле төкер дару	ауызға құяр дәрі	اغزببر التوكار دارو	лекарство, которое льют в рот
ағзызы туваклық ыбрык	аузы тесік құмыра	ابريفقووار ليقاغزى	кувшин с крышкой на носике
ағырсыз	кадірсіз	اغیر سیز	неуважасмый
ағыршак	ұршык	أغیر شاق	прялка
алабдын рузісіз	әдебсіз қалған	ادب دینروز سیز	не удостоенный обычая
адап өгренді	әдеп үйренді	اوكر اندمادب	изучил благонравие
адап өгретті анка	оган әдеп үйретті	انقهاوكر انتداب	преподавал ему учтивость
адаплық	әдептік	ادبلیق	учтивый
адіна күні	жұма күні	ادینھکونی	пятница
адіна месджіді	жұма мешіт	ادینھمسجدی	пятничная мечеть
айақ	аяқ	ایاق	нога
айақ агрыкы	аяқ ауруы	ایاقاغریقى	болезнь ног
айақ аркасы	аяқтың аргы	ایاقارقاسى	тыл ноги
айақ астықа башты йерні	жерді аяқ астына басты	ایاقاستیقهباستى	попирал под ногами землю
айақ білезүк	аяқ білезік	ایاقبالزوک	ножной браслет
айақ білезүкнің йері	аяқ білезігінің орны	یرمالیاقبالزوککنینک	место ногожного браслета
айақ манды	аякпен адымдады	ایاقماندى	шагал ногами
айақ тамуры	аяқ тамыры	ایاقتامورى	ножная жила

Сөздікте кнысу, матасу, менгеру, қабысу және жанасу деген сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерінің барлығы кездеседі.

Кнысу сөз тіркестері – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы немесе жіктелу ретімен бастауыштық және баяндауыштық катынаста үйлесе байланысқан түрі. Мысалы, бака бакылдады, касқыр ұлыды, касқырлар бір-біріне ұлыды, есек акырды, қалам сықырлады, қарға қарқылдады, қарлығаш шықылдады сөз тіркестерінде зат есім бастапқы формасында тұрып бастауыш болып, бағыныңқы етістіктер баяндауыш ретінде үйлесіп тұр. Бұл сөздер араб тілінде قلیقجار الدی (чарлады бақа), بورقجار الدی, (чарлады бөрі), ایشاقجار الدی (чарлады ешек) деп берілсе, оларды қазақ тіліне аударылған кезде басыңқы және бағыныңқы сөздердің орны ауысады. Ал مناوردوم (урдум мен) мен ұрдым, اوردوقبیزالر (урдук бізлер) біздер ұрдык, الالراوالشئی (үлештілер алар) олар бөлісті – есімдіктер мен етістіктерден тіркескен кнысуларды араб тілінен қазақ тіліне аударғанда сөздердің орындары ауысады.

Матасу сөз тіркестері ілік септігі және тәуелдік жалғаулы сөздерден құралып, сөз тіркесінің басыңқы сөзі кімнің? ненің? сұрақтарына жауап береді. Қазақ тілінде матасуды менгерудің құрамында қарастырылып келсе, М.Б.Балакесвтың еңбегінен кейін ілік септігінің жалғауларынан тұратын сөз тіркестері жеке байланыс түрі болып, матасу сөз тіркестері деп белгіленді [11,78]. Матасу сөз тіркестері жаналуы бойынша үш топқа бөлінеді [11,76]. Түркі тілдеріндегі тәуелдеу категориясын берудің тәуелдік катынасты білдіретін катынас лингвистикалық әдебиеттерде, яғни халықаралық термин бойынша түркі изафеттері деп те аталады. Изафеттің 3 түрі бар [58:260-262]. I изафетке тиін ішік, ағаш қасық деген қосымшасыз қатар тұрып тіркескен сөз тіркесі жатады. Бірақ бұл сөз тіркесінің қатар тұрып қабысу түріне жатады. II изафетті тіркесте тіркескен сөздің алғашқы сыңары түбір тұлғасында, екінші, басыңқы сыңары тәуелділік жалғаудың III

жағының жалғауында тұрады: *توتقاسىباي* (йай тутқасы) садақ тұтқасы, *أرىقى* (арық башы) арық басы, *قىليجاى* (қылыч бағы) қылыш бауы мысалдарында ілік септігінің жалғауы жасырын түрде болғандықтан, сөздер еш жалғаусыз үйлесіп, матасуды құрап тұр. Матасу сөз тіркестері араб тілінен қазақ тіліне аударылған кезде сөздердің реті өзгермей аударылады. Сондай-ақ араб тілінде матасу сөз тіркестерінің екінші сыңары тәуелдік жалғауымен берілсе, ілік септігін жалғауы түсіп, матасу сөз тіркестерінің үшінші түрмен жазылады, ал қазақ тіліне бірінші не үшінші түріне ауысады. Айтылған өзгерістер келесі мысалдарда көрінеді: *استارىوتوك* (өтүк астары) етіктің астары, *بيوتوك* (өтүк іні) етіктің жібі, *باشيسقال* (сақал башы) сақалдың ұшы, *اورتاسيسراى* (сарай ортасы) сарайдың ортасы. III ызафетте сөз тіркесіндегі бағыныңқы сыңарға ілік септігінің жалғауы, басынқы сөзге III жақ тәуелділік жалғауы жалғанады. Мысалы, *باغرىباي* (йай бағры) садақтың бауыры, *غوالغىباي* (йай ғұлға) садақтың құлағы, *يولوزباي* (йай йулдуз) садақтың жұлдызы, *بىغاجىباي* (йай йығачы) садақтың ағашы сөз тіркестерінде екі сыңардың да жалғаулары бар.

Менгеру – сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарына атау және ілік септігінен басқа, барыс, табыс, жатыс, шығыс, және көмектес септік жалғауларымен жалғанған сөз тіркестері. Менгеру сөз тіркесінің сыңарларының сөз табына байланысты етістікті менгеру, есімді менгеру және ортақ менгеру болып бөлінеді [53:110]. Ортақ менгеру деп басынқы сөзі етістіктенден, есім сөзден де тұратын сөз тіркестерін айтады [53:121]. Ендеше әрбір септік жалғаулары бар менгеру сөз тіркестерін қарастырайық. Барыс септігі кімге? неге? қайда? деген сұрақтарға жауап береді. Замахшари сөздігінде *بىركىبىردانىبار* (анбар берді йерге) елге астық қорын берді, *كوركوزدىباي* (көргүзді ітке) итке көрсетті, *سەلجەدى كىلدى* (сәлже кылды тенгірге) тәңірге табынды мысалдары барыс септігі жалғауларымен берілген етістікті менгеру болып табылады. *كونكتابنوعوجى* (күнге тапынғучы) күнге табынушы, *اوغلقارىبىداغى* (қарындағы оғлан) жатырдағы бала, *اچاقكيسجىتكراسياوجاقاوجاق* (оңақ тегресідекі йығач) ошақ айналасындағы ағаш мысалдары есімді менгеруге жатады. Араб тілінен аударған кезде етістікті менгерудің сөз тіркесі сыңарларының орны ауысса, есімді сөз тіркестерінің сөз реті өзгермейді. «Оған» есімдігі бар сөз тіркестері араб тілінен аударылғанда оның реті басынқы сыңарымен ауысады: *انقبىباي* (бақтыанқа) оған қарады, *بىكلىكانقىبىردى* (берді анқа беглік) оған бек атағын берді *بىردانقهبىرماقالارنى* (йармақларны анқа берді) оған ақша қарыз берді. Табыс септігі кімді? нені? деген сұрақтарға жауап береді. Сөздікте табыс септікті жалғаулар мен етістіктің тіркесуі – менгеру көп кездеседі. Мысалы: (аны сурды) *بىرىنسوردى* (сүрді йерні) жерді жыртты, *نيزوزمىسىقى* (сықты үзүмні) жүзімді сықты. Аударма кезінде барыс септігіндегі менгеру ескілді табыс септігіндегі менгеруде де етістікпен басынқы сөз орны ауысады. Сондай-ақ, «оны» есімдігі бар сөз тіркестері араб тілінен қазақ тіліне аударылғанда басынқы сөзбен орны ауысады: *انقىلداروق* (аруқ кылды аны) оны арықтатты, *انقىلدىلسىزارىق* (арықсыз кылды аны) оны былғады, *انقتىندىنياوروق* (атты аны йавуқдың) оны жақыннан атты. Жатыс септігі кімде? неде? қайда? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, *دهىبانازدى* (азды йабанда) жапанда адасты, *قاتاقچىتىقى* (ашты такка) тауға шықты, *ايشىكقىتىلماشاحتمال* (іштімал кылды ішіге) ішінде ықыласты болды, *سوقىبىوزدى* (йүзді сука) суда жүзді. Шығыс септігіндегі сөздер кімнен? неден? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, *اىسرکىرىلدى* (айрылды есрік) есінен айрылды, *دنىبىرىلدى* (айрылды йерідін) жерінен айрылды, *دنىبىرىلدى* (айрылды неменем едің) нәрсе нәрседен бөлінді, *ساجقاتوقىبالانادىن* (анадың біле тоққан сөз) анасынан туғаннан бар шап, *اندىنونандىн* (андын тонны) одан тонды. «Одан» есімдігі бар сөз тіркестерінде басынқы сөз бен бағыныңқы сөз араб тілінен қазақ тіліне аударғанда орын тәртіптері ауысады: *اندىنبولىدىراق* (йырақ болды андың) одан жырақ болды, *اندىنادىكىн* (кейін алды андың) одан кейін шегінді, *كەنەن* (кенен болды андың) одан бейкам болды. Көмектес септігі кіммен? немен? деген сұрақтарға жауап береді. *تونالدىقارىبىرىبىرىلدى* (қарытады тонны) тонды (қолдың) қарымен өлшеді, *كەتى* (қатылыштылар екі неме бір бірі бірле) екі нәрсе бір-бірімен бірікті,

انقييسارالديدهوسال (кысарлады аны суалда) оны сауалмен кыспаққа алды. Көбінесе «онымен» есімдігімен жазылған меңгеру сөз тіркестері кездеседі және оларды қазақ тіліне аударғанда есімдік пен етістіктің орны ауысады: بيلاينينككيناكاشتى (көнгешті аның біле) онымен кеңесті, بيرليانينككوراشتى (көрсетті аның бірле) онымен күресті, بيرليانينككولوشتى (күлүшті аның бірле) онымен күрес күлді. Меңгеру сөз тіркестері есімдіктермен берілген жағдайларда аударма кезінде сөз тіркестің сыңарларының орны ауысады. Сондай-ақ сөз тіркестерінде бірнеше септік жалғаулары бар ортақ меңгеру сөз тіркестері кеңінен қолданылған. Бұл мысалдардан меңгеру сөз тіркесі тәсілі орта ғасырларда да барыс, табыс, жатыс, шығыс, және көмектес септік жалғауларымен жасалатынын сөздіктің мәліметтері дәлелдейді.

Кабысу сөз тіркестері – сөздердің орналасу тәртібі бойынша ешбір жалғаусыз байланысатын сөздер [53:81]. Көбінесе сын есімдер, есімшелер мен көсемшелерден құралады. Сөздікте бір ғана «ақ» сын есімі арқылы қабыса байланысқан ондаған сөз тіркесі бар: اقباشاق (ақ баш ат) ақ бас ат, قوبداشليفاق (ақ башлық қой) ақ басты қой, اقبوزاق (ақ боз ат) ақбоз ат, بولوطاق (ақ болут) ақ бұлт, ايتماكيومشاق (ақ етмек) ақ нан, اقبقاش (ақ йумшақ таш) ақ жұмсақ тас. Көсемше сөздерден құралған қабысу: يارديباكيدليكيجه (кече келді йабарды) түнде келіп кетті, بوغازتوتولغان (ашукуп бармақ) асығып бармақ, اشوقوبيارماق (боғазы татулған) тамағына тұрып қалған, الرالدساتقونبيربير (бір бірі сатқун алдылар) бір-бірінен сатып алды. Есімше сөздер арқылы қабысқан сөз тіркестері: يمغوراييبريافقان (екі йамғур йаққан йер) екі рет жаңбыр аққан жер, نيميبقان (йыққан неме) түскен нәрсе, كينتيپيزكانكيدلى (кенете келді бізге) бізге кенеттен келді, جوبوتوشكلكوزكا (көзге түшкен чоп) көзге түскен шөп. Берілген мысалдарға сүйене отырып, қабыса байланысқан сөз тіркестері қазақ тіліне аударылғандағы сыңарларының орналасу реті, сөз тіркесінің байланысу түрі өзгермейтіндігі анықталды. Демек араб тіліндегі де анықтауыш-анықталушы тіркестердің орын тәртібімен сәйкес келеді деген сөз.

Жанасу сөз тіркестері сөздердің еш жалғаусыз байланысып, кейде іргелес тұрып байланысады. Жанасу сөз тіркестерінің қабысудан басты айырмашылығы сыңар сөздер бір-бірінен алшақ орналасып байланысады. Жанасатын сөздер шылау арқылы байланысады: بيرلениمهفانالذنانقالنتى (анқалтты аны фiлан неме бірле) оны бір нәрсе туралы аңдатты, سويلاشتويانينكبيرليهسونزى (сөзлешті аның бірле сөзні), онымен сөз жайлы сөйлесті, سايدينكيجتى (кечті сайдын) сайдан (бөрене) арқылы өтті, اوليكون (күн евелі, күн ауели) бір күн бұрын, ساجيشداجичيشتيبيريكا (бірге бір чыкышты санчышда) шайқаста бірге бір шықты. Жанаса байланысқан сөздердің сыңарларының бір-бірінен алшақ орналасуына байланысты оларды қазақ тіліне аударғанда синтаксистік құрылымы өзгереді [57].

#### 3.4.4. Сөздіктегі жай сөйлемдердің сипаты

##### Сөздіктегі жай сөйлемдер

Көп тілді сөздіктің негізгі мақсаты қамтылған тілдерді үйрету болады. Ал тілді үйрену қарапайым сөздер, сөз тіркестері, жай сөйлемдерден басталады. Күрделі құрылым – құрмалас сөйлемдер лұғаттық мақала ретінде Замахшари сөздігінде берілмеген. Сондықтан біздің талдауымыздың нысаны жай сөйлем болады. Жай сөйлем категориясының түрлі критерийлер бойынша атаулы, жақты – жақсыз, толымды – толымсыз, жалаң – жайылма деген түрлерге бөлінегіні белгілі [52:184-190].

Абадан болды йер (Йер абадан болды) – Жер абаттандырылды. Абадан қылды ер хараб йерні (Ер хараб йерні абадан қылды) – Еркек бос жерді абаттандырды. Абаданлық болсун санка! (Санка абаданлық болсун!) – Саған игілік болсын! Абурысыз болды – Абыройсыз болды. Абушқасы үйіге йіберді келіні (Келіні абушқасы үйіге йіберді) – Күйеуі келінді үйіне жіберді. Абушқасықа бақлаған оғлан – Күйеуінің қарауындағы бала. Шагірділік қылды анга (Анга шагірділік қылды) – Оған шәкірт болды. Ағрық қылды аны туғм (Туғм аны ағрық қылды) – Тағам оны ауру қылды. Ағрықсыз боғузлады тевені (Ағрықсыз тевені боғузлады) – Аурусыз (сау) түйені бауыздады. Ағыз ачты рузедар

(Рузедар ағыз ачты) – Оразашы ауыз ашты. Ағыз бірле ічті суны (Ағыз бірле суны ічті) – Ауызбен су ішті. Тізді мунчақны іпке (Мунчақны іпке тізді) – Моншақты жіпке тізді. Тізлесі олтұрды аның бірле (Аның бірле тізлесі олтұрды) – Онымен тізе қосып отырды. Тікдіт ешек екі қулағыны (Ешек екі қулағыны тікдіт) – Есек екі құлағын тікті (тіктейтті). Тілді қавуинны (Кавуинны тілді) – Қауынды тілді. Тіледі андын өнтүч бергенні (Андын бергенні өнтүч тіледі) – Одан берген қарызын талап етті. Учасының онқуртқасы сынды – Арқасының омыртқасы сынды. Хатунның йасанур немесі қалмады – Әйелдің жасанур нәрссесі қалмады. Алар барча хатунларның қулы – Олар барша әйелдердің құлы. Алар менім дошларым турур – Олар менің достарым. Алар тапуқчылар – Олар – табақшылар. Йеңіл қылды аны севінмек дағы қайғы (Севінмек дағы қайғы аны йеңіл қылды) – Қайғы мен қуаныш оны жеңіл ойлы қылды. Маһв болды кітаб (Кітаб маһв болды) – Кітап көнерді. Махмур болды – Мас болды. Мевдж урды – Толқын ұрды. Мекр қылды – Қулық қылды. Меламет қылды – Кінәрат қылды. Мөнереді бузау (Бузау мөнереді) – Бұзау мөңіреді. Оғландар ойнады – Балалар ойнады. Текке окранды – Текке мекіренді. Малыны олджалады – Мүлкін олжалады. От чыкарды – От шығарды. Өзідін ішк көргүзді ер (Ер өзідін ішк көргүзді) – Еркек өзінен ғашықтықты көрді. Өчешті аның бірле ол немеде (Ол немеде аның бірле өчешті) – Ол нәрсе үшін онымен ұрсысты. Өчешті аның бірле філан немеге (Філан немеге аның бірле өчешті) – Осындай нәрсеге онымен ұрсысты. Сақлық берді анқа ағрықдын (Анқа ағрықдын сақлық берді) – Оны аурудан сауықтырды. Сахлады алмас елікі бір алтунны (Алмас елікі бір алтунны сахлады) – Алмас қолы бір алтынды сақтады. Сахлады аны тенгрі йаманлықдын (Тенгрі аны йаманлықдын сахлады) – Тәңірі оны жамандықтан сақтады. Сахлады өзіні ол немедін (Өзіні ол немедін сахлады) – Өзін ол нәрседен сақтады. Секкіз үлүшдін бір үлүш алды елдің (Елдің секкіз үлүшдін бір үлүш алды) – Елдің сегізден бір үлесін алды. Сөзледі аны аның қылығыга (Аны аның қылығыга сөзледі) – Ол оның қылығына сөйледі.

*Жақты сөйлемдер.* Рузедар ағыз ачты. Йер абадан болды. Ер хараб йерні абадан қылды. Абруісыз болды. Келінні абушқасы үйіге йіберді. Анга шагірділік қылды. Туғм аны ағрық қылды. Ағрықсыз тевені боғузлады. Рузедар ағыз ачты. Ағыз бірле суны ічті. Мунчақны іпке тізді. Аның бірле тізлесі олтұрды. Ешек екі қулағыны тікдіт. Кавуинны тілді. Андын бергенні өнтүч тіледі. Учасының онқуртқасы сынды. Хатунның йасанур немесі қалмады. Алар барча хатунларның қулы. Алар менім дошларым турур. Алар тапуқчылар. Севінмек дағы қайғы аны йеңіл қылды.

*Жақсыз сөйлемдер.* Санқа абаданлық болсун!

*Толымды сөйлемдер.* Туғм аны ағрық қылды. Ағыз бірле суны ічті. Мунчақны іпке тізді. Ешек екі қулағыны тікдіт. Хатунның йасанур немесі қалмады. Севінмек дағы қайғы аны йеңіл қылды. Ер хараб йерні абадан қылды. Анга шагірділік қылды. Туғм аны ағрық қылды. Ешек екі қулағыны тікдіт. Учасының онқуртқасы сынды. Хатунның йасанур немесі қалмады. Севінмек дағы қайғы аны йеңіл қылды.

*Толымсыз сөйлемдер.* Абруісыз болды. Абушқасықа баклаған оғлан. Анга шагірділік қылды. Ағрықсыз тевені боғузлады. Мунчақны іпке тізді. Аның бірле тізлесі олтұрды. Кавуинны тілді. Андын бергенні өнтүч тіледі. Олар барша әйелдердің құлы. Алар – тапуқчылар. Күйеуінің қарауындағы бала. Аны іш қоркутты. Йолны қорқунчлық қылды.

*Жалаң сөйлемдер.* Йер абадан болды. Алар – тапуқчылар. Қотур болды. Қошук айтамайды. Қарны куқырады. Қул болды. Йығач қурыды. Хатун қырлады. Ер лаф урды. Кітаб маһв болды. Махмур болды. Мевдж урды. Мекр қылды. Меламет қылды. Бузау мөнереді. Оғландар ойнады. Текке окранды. Малыны олджалады. Мүлкін олжалады.

*Жайылма сөйлемдер.* Ер хараб йерні абадан қылды. Келінні абушқасы үйіге йіберді. Ер өзідін ішк көргүзді. Ол немеде аның бірле өчешті. Філан немеге аның бірле өчешті. Анқа ағрықдын сақлық берді. Алмас елікі бір алтунны сахлады. Тенгрі аны йаманлықдын сахлады. Өзіні ол немедін сахлады. Елдің секкіз үлүшдін бір үлүш алды. Аны аның қылығыга сөзледі.

Сөздіктегі жай сөйлемдердің құрамындағы сөз тіркестерінің байланысу формалары мен тәсілдері, сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің қатысына байланысты жіктелуі қазіргі қазақ тілімен толық сәйкес келеді.

#### Қорытынды

1. Хорезм мемлекетінің тарихы, этникалық құрамы, тілдік сипаты, географиялық орналасуы қазіргі қазақ халқымен тығыз байланысты екендігіне тарихи фактілер дәлел. Сондықтан ол мемлекеттің тарихы қазақ мемлекетінің тууы, қалыптасуы, дамуымен сабақтастықта зерделенуі қажет.

2. Ғұлама ғалым Мақмұт Замахшаридың өмірбаяны мен әдеби, діни және ғылыми шығармашылығы Қазақстанда да білім мен ғылым саласында, оның ішінде тарих, мәдениет, тіл мен әдебиет салаларында ғылыми айналымға түсіп, ұлтымыздың игілігіне айналуы керек.

3: М.Замахшаридың «Муқаддимат әл-әдәб» сөздігі қазақ тілінің де тарихи лексикологиясы мен грамматикасының ортақ мұрасы екендігі арнайы талданған тарауда дәлелденді, көз жеткізілді.

## ҚОСЫМШАЛАР

### I – қосымша. Грамматикалық форманың түрлері

#### 1.1. Зат есімнің жалғаулары

##### Септік жалғаулары

<i>p/c</i>	<i>Септіктер</i>	<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>
1.	Атау септігі		
2.	Ілік септігі	- дың, - дың, - дің, - ның, - нің	-дың, -ның, -нің
3.	Барыс септігі	- ға, -ға, -қа, -ке, -де, -зе	-ға, -қа, -ке
4.	Табыс септігі	- ды, -ді, -ны, -ні	-ды, -ді, -ны, -ні
5.	Жатыс септігі	- да, -де	-да, -де
6.	Шығыс септігі	- дың, -мен	-нан, -нен; -дан, -ден; -тан, -тен
7.	Көмектес септігі		-мен, -пен

##### Көптік жалғаулар

<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>
- лар, -лер	- лар, -лер

##### Жіктік жалғаулар

<i>P/c</i>	<i>Жекеше түрі</i>		<i>Көпше түрі</i>	
	<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>
I жақ	-м, -мен, -ым, -т,	-м, -ым	-іміз	-іміз
II жақ	-ың, -ің, -сен	-ың, -ің		
III жақ	-дур, -мек, -т, -т(ті), -ды, -ді, -ты, -ті	-ды, -ді, -ты, -ті		

##### Тәуелдік жалғаулар

	<i>Жекеше түрі</i>		<i>Көпше түрі</i>	
	<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>
I жақ			-міз	-міз
II жақ	-ң, -ың	-ң, -ың	-нің	
III жақ	-сы, -сі, -ы, -і, -ың	-сы, -сі, -ы, -і	-сі, -ны	-сі

##### Болымсыз зат есім жасайтын жұрнақтар

<i>«Сөздікте»</i>	<i>Қазақ тілінде</i>
-сіз, бі- (префикс)	-сіз

## 1.2. Зат есімнің жұрнақтары

### 1.2.1. Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақтар

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-ау, -гү, -лук, -кек	-кек

### 1.2.2. Басқа сөз таптарынан зат есім жасайтын жұрнақтар

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-гүс, -гүч, -гіш, -чы, -ғур, -ғү,	-гіш, -ек, -к, -лық, -лік, -ма, -мақ,
-ек, -к, -кур, -лук, -лыг, -лык, -лік,	-рак, -ік, -сіз, -тык, -шы+лық, -ык,
-лік, -ма, -мақ, -мач, -рак, -рук, -ік, -сүн, -сіз, -т+ка, -тык, -тук, -ук, -ү,	-ім, -іш, -хана
-үк, -үл+дүр+үк, -үм, -үт, -үр, -үс,	
-чек, -чук, -чы, -чі, -шы+лық, -ык,	
-ім, -іш, -хана	

## II. Сан есімнің жұрнақтары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-мыш, -нчі, -інчі, -лүк, -лык, -лік, -чі, -ік, -іш	-мыш, -нчі, -інчі, -лык, -лік, -чі

## III. Сын есімнің жұрнақтары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-гач, -дыр, -ді, -ек, -ер, -ка+ра, -кач, -лү, -лүк, -лык, -рак, -ры, -суз, -сыз, -тыр, -ті, -ук, -ум, -чак, -чы, -шы, -ы, -ык, -ым, -і	-ді, -ек, -ер, -лык, -рак, -сыз, -шы, -ы, -ык, -ым, -і

## Сын есімнің шырай жұрнақтары

Шырай түрлері	«Сөздікте»	Қазақ тілінде
Жай шырай		
Салыстырмалы шырай	-рак	-рак
Күшейтпелі шырай		
Асырмалы шырай		

## IV. Етістік категорияларының жұрнақтары

### 4.1. Басқа сөз таптарынан етістік жасайтын жұрнақтар

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-а+ш, -гар, -ге, -да, -де, -ды, -ді, -кі+т, -ла, -ле, -ма, -не, -пү, -пі, -р, -ра, -ре, -се, -т, -та, -уг, -ук, -і, -ік, -ір, -іт	-да, -де, -ды, -ді, -ла, -ле, -ма, -і, -ік, -ір, -іт

### 4.2. Етістіктің ренктік жұрнағы

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-чі	

### 4.3. Көсемшенің жұрнақтары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-а, -й, -с, -ей, -п, -үп, -ып, -іп	-а, -й, -е, -п, -ып, -іп

#### 4.4. Есімшенің журнактары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-ген, -ған, -кен, -күн, -қан, -мек	-ген, -ған, -кен, -қан, -мек

#### 4.5. Тұйық етістіктің журнактары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-гү, -ғу, -кі, -ку, -қу, -у	-у

#### 4.6. Етістіктің болымсыз түрі журнактары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-ма, -ме, -с	-ма, -ме, -с

#### 4.7. Етіс журнактары

Етіс түрлері	«Сөздікте»	Қазақ тілінде
Өздік етіс	-н	-н
Өзгелік етіс	-гүз, -дур, -дүр, -кер, -күр, -қуз, -қур, -н, -т, -тур, - түр, -ур, -үр, -ын, -ыт	-гүз, -дур, -дүр, -қуз, -т, -тур, -түр
Ырықсыз етіс	-ал, -ар, -ул, -үл, -ыл, -іл	-ыл, -іл
Орғақ етіс	-еш, -ш, -уш, -үш, -ч, -ыш, -іш	-ш, -уш, -үш, -ыш, -іш

#### 4.8. Рай журнактары

Рай түрлері	«Сөздікте»	Қазақ тілінде
Ашық рай		
Бұйрық рай	-гiл, -гiн, -сун, -сүн, -сын, -т	-гiн, -сын, -т
Қалау рай	-ғай, -з	-ғай
Шартты рай	-са	-са

#### 4.9. Шақ журнактары

Шақ түрлері	«Сөздікте»	Қазақ тілінде
Осы шақ		
Өткен шақ	-дi, -мыш, -мiш, -үн	-дi
Келер шақ	-ер, -з, -мақ, -мек, -р, -ур, -үр	-р

#### У. Үстеудің журнактары

«Сөздікте»	Қазақ тілінде
-ге, -ғы, -да, -де, -дуз, -дүз, -е+ли, -кі, -ле, -лық, -ік, -ч, -ча, -че, -чук	-ғы, -да, -де, -дүз, -кі, -лық, -ча, -че, -чук

2-қосымша. Ортақ лексиканың «Сөздіктегі» грамматикалық формаларының көрсеткіші

1) әліппелік тізбесі 2) грамматикалық мағынасы бойынша тізбесі

1.	-а	Көсемшенің жұрнағы	Ас-а-дур, айт-а-дур
2.	-а	Етістіктен үстеу жасайтын жұрнақ	Йаш-ур-а (жасырын)
3.	-а	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Йаш-а, йашын+а (найзағайдың жарқылдауы)
4.	-ал	Бейтарап сөзден ырықсыз етіс жасайтын жұрнақ	Йоқ+ал-ды
5.	-ан	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Абад-ан
6.	-ар	Ырықсыз етіс жұрнағы	Ағ-ар, ат-ар, йығ-ар
7.	-ар	Келер шак есімше жұрнағы	Ач-ар, бар-ар
8.	-ау	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Йыр-ау
9.	-а+ш	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ+ортақ етіс жұрнағы	Дост-а+ш-ты-лар, душман-ла+ш-ты
10.	бі-	Болымсыз есім жасайтын жұрнақ, префикс	Бі-мағна – мағынасыз
11.	-га	Барыс септігінің жалғауы	Ан-га
12.	-гар	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Ан-гар (байқа)
13.	-ге	Барыс септігінің жалғауы	Белгү-ге, джер-ге (қатарға), егін-ге (ныққа)
14.	-ге	Үстеу жасайтын жұрнақ. Тарихи барыс септігінің жалғауы	Бір-ге
15.	-ге	Етістік жасайтын жұрнақ	Ел+ге-ді (следі), есір+ге-ген
16.	-ген	Сан есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Йеті-ген (жеті қарақшы жұлдызы), йетіген – йетіген үлүшдін бір үлүш – жетінің бірі.
17.	-ген	Есімшенің жұрнағы	Ег-іл-ген, ес-ір-ген
18.	-гү	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Көз-гү
19.	-гүз	Өзгелік етіс жасайтын жұрнақ	Көр+гүз-ді
20.	-гүс	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Біл-гүс
21.	-гүч	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Біл-гүч, йел-пү+гүч
22.	-гү+чі	Тұйық етістік+етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Бер-гү+чі, йеч-гү+чі (жегіш, комағай), йуру-гү+чі
23.	-гү+чы	Тұйық етістік+етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Көтүр-гү+чы
24.	-гіл	Бұйрық райдың жұрнағы	Көтер-гіл (көтер)
25.	-гін	Бұйрық райдың жұрнағы	Кел-гін
26.	-га	Барыс септігінің жалғауы	Абыш-га
27.	-гай	Қалау райдың жұрнағы	Бол-гай
28.	-ған	Есімшенің жұрнағы	Ар-ған, аз-ған, боғуз-ла+ған-да, буз-ул+ған
29.	-ғач	Сын есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Йалан+ғач-ла-ды
30.	-ғы	Үстеу жасайтын жұрнақ	Ара-сы-да-ғы, йоқары-ғы
31.	-ғу	Тұйық етістіктің жұрнағы	Қыл-ғу-чы, ет+ғучы (етуші, жасаушы), йар+ғу-чак

			(бидай тоқпақ)
32.	-ғур	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Йам-ғур
33.	-ғу+чы	Тұйық етістік+зат есім жасайтын жұрнақ	Йалбар-ғу+чы, йаса-ғу+чы (жасаушы)
34.	-ғү	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Көсе-ғү (көсеу)
35.	-да	Зат есімнен үстеу жасайтын жұрнақ	Йол-да
36.	-да	Жатыс септігінің жалғауы	Ақшам-да, йапан-да
37.	-да	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Абад-да, ан-да (анда, байқа)
38.	-да	Үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ	Асты+да-кі
39.	-да+ғы	Жатыс септігі үстеу жасайды+сын есім жұрнағы	Йер-да+ғы (жердегі)
40.	-да+й	Етістік жасайтын жұрнақ +көсемше жұрнағы	Ан-да-й (андағын, байқағын)
41.	-да+ш	Зат есімнен үстеу + ортақ етіс жасайтын жұрнақ	Йол-да+ш
42.	-де	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Белгү-де-ді
43.	-де	Жатыс септігінің жалғауы	Бешік-де, едіш-де (ыдыста), сс-ін+де
44.	-де	Үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ. Тарихи жатыс септігінің жалғауы	Ерте-де
45.	-де	барыс септігі жалғауы қызметін атқарады	Йүрү-мек-де (жүрмекке асықты)
46.	-де	Етістіктен үстеу жасайтын жұрнақ	Кел-үр-де
47.	-де-кі	Жатыс септігі үстеу жасайды+ сын есім жұрнағы	Йүзін-де+кі, көл-де+кі
48.	-дуз	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Йал+дуз-ла-ған
49.	-дүз	Зат есімнен үстеу жасайтын жұрнақ	Күн-дүз
50.	-дуқ	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Бурун-дуқ
51.	-дур	өзгелік етіс жұрнағы	Аз-дур-ды, ас-а-дур
52.	-дур	Жіктік жалғауының III жағы	Айт-а-дур, ас-а-дур, йон-а-дур
53.	-дүр	өзгелік етіс жұрнағы	Біл-дүр, ен-дүр (түсір), күчлен-дүр-ді
54.	-ды	Жіктік жалғауы	Айыб-ла-ды, бут-ра+ды
55.	-ды	Табыс септігінің жалғауы	Ақ-ды
56.	-ды	Етістік жасайтын жұрнақ	Ар-ды
57.	-ды+лар	Жіктік жалғау+ көптік жалғау	Алла-ды-лар, йаса-ды-лар
58.	-дын	Ілік септігінің жалғауы	Алаб-лын, йай-дын
59.	-дын	Шығыс септігінің жалғауы	Бінуш-лық-дын – сезбестіктен, ағрықлықдын – аурулықтан, телбелікдин – есуастықтан
60.	-дың	Ілік септігінің жалғауы	Ағырық-дың
61.	-дыр	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Йал+дыр-а-ды
62.			
63.	-ді	Сын есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Берке-ді
64.	-ді	Жіктік жалғауы	Ев-ле-н+ді, ен-ді (түсті)
65.	-ді	Жедел өткен шақ жұрнағы	Ег-ді (илі), ег-іл+ді,
66.	-ді	Табыс септігінің жалғауы	Ер-ді
67.	-ді	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Ес-ді (есті)

68.	-дін	Ілік септігінің жалғауы	Бійік-лік-дін, ев-лер-дін, ел-дін
69.	-е	Көсемше жұрнағы	Йет-е, көр-е
70.	-е+лн	Үстеу тудыратын жұрнақ	Ау-е+лн (әуелі)
71.	-ей	көсемшенің жұрнағы	Бөк-ей-ді (бүкпәйді)
72.	-ек	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Бол-ек
73.	-ек	Сын есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Егі-з+ек (егіз)
74.	-ер	Келер шақ есімше жұрнағы	Күл-ер
75.	-ер	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Ес+ер
76.	-еш	Ортақ етістің жұрнағы	Көр+еш-ті
77.	-з	Болымсыз етістіктің келер шақ есімшенің жұрнағы	Еш-іт-ме+з
78.	-зе	Барыс септігінің жалғауы немесе үшін шылауы	Андақ бітіді кітабны кім-зе
79.	-й	Көсемшенің жұрнағы	Айт-ма-й-дур, ес-ле-ме-й
80.	-йан	Сан есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Бір-йан (қуырылған)
81.	-к	Сын есімнің ренктік жұрнағы	Кіші-к (кіші, кішкентай, жас, аздап)
82.	-ке	Барыс септігінің жалғауы	Бек-ке, біл-ме-с-ке, ешік-ке, елік-ке (қолға), емгек-ке (азапқа)
83.	-кек	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Ер-кек
84.	-кен	Есімшенің жұрнағы	Бүк-кен, бүр+кен-ді
85.	-кер	өзгелік етістің жұрнағы	Бүт-кер-ді (бітірді), бүт-кер-мек
86.	-күн	Есімшенің жұрнағы	Йет+күн-ше
87.	-күр	өзгелік етіс жасайтын жұрнақ	Йет+күр-ді
88.	-кі	Тұйық етістік жасайтын жұрнақ	Күр-кі-ре+кі (күркіреуі)
89.	-кі	Үстеуден үстеу жасайтын жұрнақ	Асты-да-кі, ерте-кі (ертегі)
90.	-кі+ре	Одағайдан етістік жасайтын жұрнақ	Күр+кі+ре-кі (күннің күркіреуі)
91.	-кі+т	Есімнен етістік жасайтын күрделі жұрнақ: -кі – сан есімнен етістік жасаушы, -т – өзгелік етіс жұрнағы	Бір+кі+т-кен (байланған)
92.	-ку	Тұйық етістік жасайтын жұрнақ	Күт-ку-чі (күтуші)
93.	-к	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Бута-к
94.	-ка	Барыс септігінің жалғауы	Абыш-ка, асты-қа, баш-ы-ка, ислам-қа
95.	-қан	Есімшенің жұрнағы	Ағры-қан, бузул-қан
96.	-қа+ра	Сын есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Аш-қа+ра – әшкере
97.	-қач	Сын есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Йалан-қач
98.	-ку	Тұйық етістік жасайтын жұрнақ	Джанчі-ку (түю, ұнтақтау), добтул-ку (тұра ұмтылу)
99.	-қуз	өзгелік етіс жұрнағы	Ар-қуз-ды
100.	-қур	өзгелік етіс жұрнағы	Аз-қур-ды
101.	-қур	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Йам-қур (жаңбыр: йам – жамылу, жабу)

102.	-қу+чы	Етістік + тұйық етістік + зат есім	Ат-қу-чы (ату қаруы, өсімдік сабағы), бар-ғу-чы (барушы)
103.	-ла	Бейтарап сөзден етістік жасайтын жұрнақ	Йоқ-ла
104.	-ла	Сын есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Ағыр-ла, азар-ла, йай+ла-ды, йалдуз+ла-ған, йахшы+ла-ды
105.	-ла	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Джочын+ла-ды, йағ+ла-ды (майлады), йащын+ла-ды (пайзағай ойнады)
106.	-лар	Көптік жалғауы	Ағрық-лар
107.	-ла+ш	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ+ортақ етіс жұрнағы	Дост-ла+ш-ты, йавук-ла+ш-ты
108.	-ле	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Ейер+ле-ді (ерттеді), ес-ле (ескер), йұң+ле-ді (қауырсынын жұлды, жүндеді)
109.	-ле	Туынды зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Бер-ім-ле-ді-лер, джер-ге-ле-ді
110.	-ле	Үстеу жасайтын жұрнақ. Тарихи барыс септігінің жалғауы	Бір-ле
111.	-ле	Сын есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Ерке+ле-ді
112.	-ле+н	Есімнен етістік жасайтын жұрнақ+өздік етіс жұрнағы	Бір-ле+н (-мен, -пен мағынасында)
113.	-ле+н	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ+өздік етіс жұрнағы	Далек-ле+н-ді, йүк-ле+н-міш (үймелеген), коңұл-ле+н-ді
114.	-ле-сі-ні	Сан есімнен етістік жасайтын жұрнақ+тәуелдік жалғау+табыс септігі	Ек-е-ле-сі-ні (екеуін)
115.	-ле-ш	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ+ортақ етіс жұрнағы	Бег-ле-ш-ті
116.	-лер	Көптік жалғауы	Бер-ді-лер, ев-лер
117.	-луқ	Есім сөздерден зат есім жасайтын жұрнақ	Артуқ-луқ, бойын-луқ, йоқ-суз+луқ
118.	-лү	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Йер-лү
119.	-лүк	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Белгү-лүк, йүн-лүк (түгес)
120.	-лүк	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Йегү-лүк (тамақ, аukat)
121.	-лығ	Зат есім жасайтын жұрнақ	Ач-ығ-лығ
122.	-лық	Зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ	Ғалем-лық, йағ-лық, ат-лық-лар – аттылылар
123.	-лық	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Ағры-лық, біл-ме-с-лық
124.	-лық	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Дост-лық, душман-лық-ыны, йар+лығ-а-ды (жарылқады)
125.	-лық	Зат есімнен үстеу жасайтын жұрнақ	Дузах-лық-лар-ның (тозақтағылардың), елчі-лық
126.	-лық	Сын есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Йакшы-лық
127.	-лік	Сын есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Бійік-лік-лін,
128.	-лік	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Біл-мек-лік
129.	-лік	Зат есімнен зат есім жасайтын жұрнақ	Джебе+лік-лер

			(найзашылар), ем-лік, ес-лік
130.	-лік	Туынды сан есім жасайтын жұрнақ	Ел-лік (елу)
131.	-лік	Зат есім тудыратын жұрнақ	Агірд-лік
132.	-м	Жіктік жалғауының I жағы	Алды-м, ана-м, еслемеді-м
133.	-ма	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Ұйар-ма (жарма дән, жем)
134.	-ма	Етістіктің болымсыз түрі	Айт-ма-ды
135.	-ма	Зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ	Ұйа+ма-ды
136.	-мақ	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Ұйар-мақ
137.	-мақ	Мақсат келер шақ есімше	Ағыр-ла-мақ, айт-мақ
138.	-мач	Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ	Ұйырт-мач (жеңнің жырығы, тілігі)
139.	-ме	Етістіктің болымсыз түрі	Біл-ме-е, ег-іл+ме-е
140.	-мек	Есімшенің жұрнағы	Ұйғур-мек (жүгірген)
141.	-мек	Мақсат келер шақ есімше	Бер-мек, бут-кер-мек
142.	-мек+ні	Мақсат келер шақ есімше+тәуелденген табыс септігі	Ет-мек+ні
143.	-мен	Тарихи шығыс септігінің жалғауы	Ес-ле-ме-с+мен (мен елеместен)
